

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Карагандинская область

Абдикаримова Руфина	3
Абдулла Нұрлан	5
Абсадықов Арсен	8
Адлер Елизавета	11
Аймағамбетова Гүлім	13
Алпысбай Аружан	15
Алькенова Еркежан	16
Арбатаева Карина	17
Ахметова Ақжүніс	19
Ахметова Әсем	21
Әмзебеков Ерасыл	23
Бабич Алина	24
Баданова Назым	26
Байжаханова Гүлдана	27
Байтуганов Ислам	29
Бекмаганбетова Амина	31
Бектуров Жансерік	33
Джавадова Карина	35
Дүйсенбекова Айдана	37
Ерланқызы Жанерке	40
Есімханов Нұржігіт	43
Жақанова Ғалия	45
Жанатаева Жансая	47
Женисова Самал	49
Жаркен Алдияр	53
Жүрсінова Еркеназ	55
Кривопляс Евгений	56
Қапан Майкамал	59
Қожан Әлия	61
Қойшыбекова Ақтолқын	63
Құрымова Мейрамгүл	65

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Мажитова Саягүл	67
Мұхтар Жаннұр	68
Мұхтар Ризагүл	71
Нағызханов Әлішер	75
Нурпейсов Алмат	77
Нұржанова Ақнұр.....	78
Нұртаев Абылай	81
Октябрь Айым	82
Омар Аружан.....	84
Ондрус Толқын.....	85
Оразбаев Қылыш	87
Өмірбаев Диас	90
Рахметова Аяжан	91
Рымбаева Роза	92
Сағындық Ерасыл	94
Санахвай Тілеугүл	97
Саткулова Гүлназ	100
Сауытжан Жібек	102
Саянқызы Айдана	104
Сейсенбек Азиза	106
Сембек Гүльбахыт.....	109
Серіков Абай	111
Советкали Ерасыл	112
Тайшыбай Жансая	114
Тәкей Анел.....	116
Тен Тимур	119
Тилекенов Женис.....	121
Тиыштық Жұпар	123
Төлеужан Аяна	125
Төлеухан Рауан	127
Түлеков Ұланғайыр	130
Түлеуова Айдария.....	134
Түремуратов Ержан	135

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тұяқбай Әлішер.....	138
Тыныбекова Гүлден.....	140
Умирбаева Аружан	142
Усенова Ақниет	144
Хасен Аяулым.....	146
Шаймуратов Бағлан.....	147
Шакенов Нұрболат	149

Абдикаримова Руфина

9-сынып, №3 орта мектебі Ынтылы ауылы

Қарқаралы ауданы Қарағандыобылысы

Жетекшісі: Акимбекова Насипкуль Сериковна

Өткенінді еске алсаң, өскеніңнің белгісі

Ерлік үшін еңіреген ағалар,
Кеше болды, бүгін енді жоқ олар.
Ерліктерін ескерсек бізді де,
Ертеңгі ұрпақ еске алуын доғарар!

«Ер есімі – ел есінде» - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр силаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге мәңгі шуағын шашты. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет – журнал материалдар, радиотелехабарлар, бейнетаспалар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізген.

Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагерлерлер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған, арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол өмір заңы.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Елу миллионнан астам адам өмірін жалмаған. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күн болды. Төрт жыл 1418 күн мен түн бойы, өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қиылып соғыс жүріп жатты. Барлығы – 11600; Қазақтардан – 497 оның ішіндегі қазақтары 97-і болса, қазақ қыздары Әлия мен Мәншүк болды. Осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлік пен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иіп еске аламыз. Отан алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақтың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, мектепте алаңсыз білім алып, шаттана күлгеніміз, жайрандап жүргеніміз бәрі де сол. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің жемісі. Әрине, соғыс болмасын! Біздер соғысқа қатысып батыр болмайық. Біз бейбіт күннің батырлары болуға тырысайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім алып, өз жеріміздің патриоттары болайық.

Немене жетістің бала батыр,
Қариялары азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,-

деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақ аралық қимастық, сезімдер мөлдіреп тұр. Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады.

Батыр деген жарқ-жұрқ еткен бір алмас,
Батыры жоқ елдің басы құралмас.
Батырлығын қастерлеген халықпыз,
Басқаларды да бағаламай тұра алмас,-

демекші, осы Ұлы Отан соғысына өздерінің жанымен, қанымен, көз жасымен, ерлігімен атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, жеңістен таңбасын басқан біздің Қарқаралы ауданы. Ынталы ауылының батыр ардагерлері де осы Ұлы Отан соғысына өз үлестерін қосқаның мақтанышпен айтқым келеді. Солардын ішінде аттарын атап айтатын болсақ: Артықбаев Қосшығұл, Іңкәров Әлі, Қошақаев Айтбек, Садвакасов Дақын, Құсайынов Сәкен, Құрақбаев Ахмедя, Бабабаев Кенеш, Беков Маді, Жандыбаев Сәду, Жүзбаев Шайкен, Карипов Кенже, Кішкентаев Ыдырыс, Мақатаев Рахымжан, Омашев Қалкен тағы да басқалар. Бұл кісілердің әрбірінің батырлығы үшін алған орден, медальдары бар. Ынталы ауылымызда, осы ардагерлеріміздің құрметіне арналған ескерткіш салынған. Бұл ардагерлеріміздің өздері болмағандарымен көздері бар. Бүгінгі күнде балалары, немерелері егеменді еліміздің бір-бір азаматты болып, осы ауылымыздың өркендеуіне ат салысуда. Отан үшін от кешкен аталарымыздың ішіндегі осы күнге дейін көз тірі ардагеріміз. Қазақтың жерінде, қазақтың тақиясын киіп, қазақтың отбасына сіңісіп кеткен ақсақалымыз Алексеев Николай атамыздың өмірбаяны туралы әңгіме етпекпін. Алексеев Николай 1923 жылы 7-ші ақпанда Молдавия ССР-де, Тронцкое селосында дүниеге келген. Ұлты – орыс, білімі 4 сыныпқа дейін.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Алексеев Николай 1942 жылы 19 жасында ата– анасының батасын алып, II Украинаға соғысқа аттанады. Атамыз соғыста гвардия капитаны, барлаушы тағы да басқа қызметтер атқарған. Николай атамыз соғыста жүргенде 15.07.1942 жылы оң аяғынан қатты жарақат алады, ал 28.10.1944 жылы сол қолынан жеңіл жарақат алады. Алексеев Николайдың екі жұбайы болған біріншісі – Алексеева Александра Евгарфьевна, екіншісі – Скрипник Светлана. Өкінішке орай екі жұбайынан да бала болмайды. Алексеев Николай 1982 жылы Ынтылы ауылының 3-ші бөлімшесінде қырқымда қайрақшы болып жұмыс істейді. Шопанның көмекшісі болып жұмыс істеп жүргенде осы ауылды азаматты Оспанов Серікпен танысады. Жақсы танысып, жақсы араласып жүріп Оспанов Серік жалғыз қалған қарт Алексеев Николайды азаматтық міндетім деп, аяушылық көрсетіп өз үйіне паналатады. Содан бері бұл отбасында тұрып жатқанына 15-16 жылдай болып қалды. Оспанов Серік бұл өмірден озғанмен, кәзір ұлы Оспанов Гумар мен жұбайы Айтбала Қанапиеваның қолдарында тұрып жатыр. Атамыздың төрт немересі бар. Олар «ата, ата,» -деп бауыр басып қалған. Алла қаласа атамыз ақпан айында 92-ге толады және де 9-шы мамырда Жеңістің 70 жылдық мерекесін тойламақ. Алла атамызға күш-қуат берсін!

Ата-бабаларымыздың Ұлы Жеңіс жасындағы ерлік даңқтарын ешқашан ұмытпаймыз. Жыл өткен сайын қадірлеп, құрметтейміз. Өйткені бізге осындай бақытты өмір сыйлаған аталарымыз өмірден озды. Ата- бабаларымыздың асқақ арманы, басты мұраты Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін, қазақ елі қанша қиындық көрсе де, береке бірлігінен айнымай, тарихтың таңдаулы жолына түсті. Айбынды аталардың аманатын, азаматтың қасиетті жолында жанын пида еткен құрбандардың рухын ардақтай отырып, дәріптеп атадан балаға, баладан немереге мұра етеміз.

Абдулла Нұрлан

4 «А» сынып оқушысы №76 ЖББОМ Қарағанды қаласы
Жетекшісі: Тусенова Маржанкул Казыкеновна

Ұлы Отан соғысына 70 жыл!

Бүгін – Ұлы Отан соғысының басталғанына 70 жыл. 22 маусым – барлық посткеңестік елдердің тарихындағы ең қайғылы датаның бірі. Осыдан 70 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі Беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам – Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар – Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы – мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі – қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адам көшірілді. Оған қоса, жана өнеркәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді. Соғыстың алғашқы 1,5 жылында Қазақстанда 25 кен орны пен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разъезд, 4 жаңа мұнай кеніші мен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауыты іске қосылды.

Темір жол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола -Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс жылдары Қазақстан жалпыодақтың мыс құймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда құйылды.

Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Абсадықов Арсен

4-сынып Жезқазған қаласы №10 орта мектеп Қарағанды облысы
Жетекші: Батаева Зағира Қарабековна

Аталар жеңісі – өскелең ұрпақ бақыты

Туады ерлер ел үшін,
Өлмейді ісі мәңгілік.
Өшпейді абзал есімдер,
Ұрпаққа жетіп мәңгілік.
Ж. Молдағалиев

Біздің қазақ халқы түрлі қанқұйлы соғыстарды бастан өткерді. Олардың ең соңғысы – Кеңес Одағы мен фашистік Германия арасындағы Ұлы Отан соғысы болды. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді.

1941 жылы басталған сұрапыл соғыстың аяқталғанына биыл 70 жыл толады. Сол жылдың маусым айынан бастап КСРО-ның миллиондаған әскерімен бірге, қазақ жауынгерлері де Ұлы Отан соғысына аттанып, өзінің батылдығымен, қайсарлығымен көзге түсіп, жеңіске жетуге елеулі үлес қосқан еді. Бұл нәтижесінде жеңіске жетуші жеңілген жақты жерінен, ұлттық құндылығынан айырып қана қоятын соғыс емес, бұл қан майданда халқымыздың тағдыры шешілді. Егер батыр ардагерлеріміздің жеңісі болмаса, мүмкін әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан елі де болмас па еді. Сондықтан, Отан үшін жан қиғандарды еске алып, олардың рухтарына бас иіп, тағзым ету – бүгінгі ұрпақтың мәңгілік парызы болып қала бермек.

Қандай болғанда да Отан үшін жанын пидә еткен боздақтар мен қан майданнан оралғандар жау тигенде жұдырықтай жұмылып, елі мен жерін қорғады, ерен ерлік жасады. Бұл соғысқа майдангерлер ғана емес, барлық халық қатысты. Халықтық ерлік – кез келген жауды жеңуге қабілетті үлкен күшке айналатын біртұтас адалдық, патриоттық, махаббат сезімдері.

Қазір міне тыныштық заманда, гүлденген өмірде біз бақытты өмір сүріп жатырмыз. Бүгінгідей бақытты өмір үшін соғыста қаза тапқандарға, ел-жерді қорғағандарға алғыс айтамыз. Соғыста ерлік көрсеткендер аз емес. Қаншама ержүрек азаматтарымыз Отан үшін от кешті. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова секілді жастайынан кеткен апаларымыз, Төлеген Тоқтаров, Талғат Бигелдинов, Қанаш Камзин секілді ержүрек азаматтарымызды біз мақтанышпен айта аламыз. Ер есімі ел есінде мәңгі сақталады. Олардың есімі ешқашан да өшпек емес. Себебі, олар біздің болашағымыз үшін жанын берді.

Аты аңызға айналған жаужүрек Бауыржан Момышұлы атамызды айтпай кетуімізге болмайды. «Жұртым деп жұмылып, елім деп қызмет еткен» батыр атамыздың өмір жолы, сұрапыл соғыс жылдарындағы жанқиярлық ерлігі, өжеттігі мен өрлігі, алғырлығы мен көрегендігі – біле білгенге ұлы тәрбие, үлкен өнеге мектебі. Батыр Бауыржан Момышұлы – алмас қылыштай өткір де қайсар, дана да данышпан, шешен әрі ақын, «сөз қадірін өз қадірі, өз қадірі ел қадірі» деп бағалаған айбынды азамат.

Батыр атамыз Б. Момышұлы жеке басы ойшылдығымен, отаншылдығымен, ұлтжандылығымен, қаһармандылығымен, дарындылығымен, жоғары адамгершілік қасиеттерімен елеулі. Бауыржан атамыз – әлем халқының ортақ перзенті дәрежесіне дейін көтерілген азамат.

Соғыста 207 рет шабуылға шығып, бірнеше рет жараланып тірі қалғаны, өмір бойы ешкімге бас ией тек өз ар-намысының ғана құлы болғаны, халқының қамын ойлап, болашағы үшін күресіп өткені, өмірдегі өзі арқалаған ауыр жүгін, қоғам алдындағы өз

парызын терең түсінгені – осының бәрі Бауыржан Момышұлы шығарған қанатты сөздердің қайнар бұлағы. Баукеңнің нақыл сөздеріне айналған, оның басынан кешкен жайттары ғана емес, өмірден көріп білгені, көкірек-көңіліне түйгені, жүрегіне ұялағаны, қоғамға, болашаққа деген ой-пікірлері.

Батырдың өсиет сөздерінің көбі Ұлы Отан соғысы кезінде жазылған, бүкіл Совет Армиясының командирлеріне арналған. Батырдың артына қалдырған өсиет сөздерін оқып отырсақ, тақырып жағынан ауқымы кең екендігіне көз жеткізуге болады. «Елім» деп еңіреген ер ұлт, Отан, өмір, батылдық, тіл тағдыры, еңбек, оқу-білім т.б. тақырыптарда өзінің дара, дана ойын жеткізуге тырысқан. Осы өсиет сөздерінің ішінде көбірек қалам тербегені қолбасшылық, сардарлық, әскери борыш жайында жазылған афоризмдері екен. «Намысты нанға сатпа», «Ердің туы – намыс». «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тіке тұрып өлген артық», «Ұшқынсыз от тұтанбас», «Өзін сыйламаған басқаны сыйлауға қабілетсіз», «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды», «Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамақ емес» т.б. сөздері жастың да, кәрінің де санасында жатталған ұлағатты сөздер.

Бауыржан Момышұлының аты ауызға алынғанда ерлік пен өрлік үлгісі көз алдымызға келеді. Кешегі Ұлы Отан соғысы деген атпен тарихта қалған қанды қырғынды ешкім де ұмыта алмас.

1941 жыл. Жаудың ел астанасы – Мәскеуге ентелеп келіп қалған кезі. Осы сәтте қазақтың құрыштай берік ұланы қол бастап, таңғажайып ерлік көрсетті. Одан есімі төрткүл дүниені шарлап кетті. Бауыржанның ерлігі туралы басқалар тамсана жазды. Оған куә – А. Бектің «Волокалам тас жолы», А. Кривицкийдің «Москва түбіндегі тосқауыл» атты кітаптар. Даңқты қолбасшылар К. Галицкий, И. Чистяковтар өз естеліктерінде оның өрлігіне, ерлігіне, қолбасшылық талантына айрықша тоқталды. Оны айтасыз, Куба елінің басшысы Ф. Кастро үшін де ол сүйікті кейіпкерге айналды.

Міне, ерлік, қайсарлық, ақындық сынды асыл қасиеттерді бойына жинаған Бауыржан Момышұлы атамыздың есімі тек қазақ халқына ғана емес, бүкіл әлемге танылды десек қате болмайтын шығар. Бұл тек Бауыржан атамыздың ғана емес, бүкіл қазақ халқының жеңісі деп білемін.

Батырға ғана тән батылдықпен өз елін жат жұртқа бағынышты етпей, құлдыққа түсірмей, бостандығын қорғап, туған жеріне көз алартқан жауды ойсыратып, қуып шыққан өресі биік азаматтарымыздың ерлігін үнемі жадымызда жаттап, олардың тарихи тағылымын есте ұстау – басты парызымыз. Соғыстың шарпыған жалынын тоқтату жолында көптеген азаматтар қаза болды. Бірақ олардың алып берген жеңісін кейінгі ұрпақ бағалауда. Аспан әрдайым ашық болу үшін барлық күштерін сарп еткен азаматтарға мың да бір алғыс.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазақтың маңдайына жарық жұлдыз боп біткен Бауыржандай, Төлегендей, Талғаттай, Әлия мен Мәншүктей ата-апалармызың ерлігін біз қайталай алмаймыз. Бірақ олардың біз үшін, біздің жарқын болашағымыз үшін қасық қандары қалмай шайқасқаны, олардың жеңісі біз үшін әрқашан үлгі-өнеге. Қазіргі таңда сол сұрапыл соғысты өз көздерімен көрген жауынгер ардагерлерлеріміз бар арамызда. Олармен кездесіп сөйлескенде өздерінің қалай соғысқандарының, талай бауырларының көз алдында мерт болғанын, талай рет ажалмен бетпе-бет келгенін айтып, тіпті көздеріне жас алып жатады. Бізге ол тек бір аңыз сияқты естіледі. Өйткені біз соғысты көрген жоқпыз. Соған тәубе дейміз. Көздері тірі, өздерінің аянбай шайқасқан жеңістерінің нәтижесін көріп отқан ардагерлеріміз аз, жыл өткен сайын аралары сиреп бара жатыр, сондықтан, алыптарымызды ардақтай білейік, ұлтымызға ұран болған ұлы тұлғаларымызды ұлықтай білейік.

Біз, тәуелсіз елдің жас өрендері үлкен күрес жолымен келген Тәуелсіздігімізді, елдігімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін өнегелі тәрбие, терең білім алып, аянбай еңбектенуіміз қажет. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жеткен жетістіктеріміз мен табыстарымыз ұшан-теңіз. Әлем жұрты мойындаған іргелі ел болдық. Мұның бәрі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен халқымыздың қажырлы еңбегінің арқасы. Біз осының бәрін қадір тұтып, қастерлеуіміз қажет. Біз – бақытты ұрпақпыз. Осы бақытымызды, шаттық күндерімізді бағалай, құрметтей білейік.

Адлер Елизавета

7 сынып, «Жалпы білім беретін № 3 орта мектебі» КММ

Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы

Жетекші: Акмолдина Мейрамкул Советкалиевна

«Соғыс» – қорқынышты сөз

Бомбаның үні... Жарылыс... Атыс- шабыс... Қан... Көз жасы... Өлім... Үрей... Осы сөздерді естігенде денең түршігеді, себебі бұлар соғыс көріністері. Соғыс атауының адамзат баласына әкелген қайғысын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Төрт жылға созылған сол сұм соғыстың салдарынан қаншама адам мерт болып, бейкүнә сәбилер жетім қалды.

Соғыс – адам баласы үшін қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс адамзатты қырып- жоюға бағышталған. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққаны жайлы деректер тарихтан белгілі. Арыға бармай-ақ, елу миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайықшы. Қарапайым халыққа қайғы-қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Таң алдында, шырт ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасы бұзылып, адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат Соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыны ғана бұзған жоқ, бейбіт өмірге бүлік әкелді. Ана баласымен, қыз- келіншектер жарларымен қоштасты. Малын баққан қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Егін еккен - диқаншылар трактордан түсіп, танкіге отырды. Сол жылдардың арманшыл жастары, бойжеткендері ақын, дәрігер, ғалым болуды армандаған еді.

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін ақтарған адам Жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі ұшаң-теңіз екенін байқар еді. Бұл соғыс қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады. Бірінің әкесі, бірінің ағасы мен інісі қаза болды. Қаншама жастың өмірі қыршыннан қиылды. Ішінде ақын да, әнші де бар еді. Қауызын ашпай көк шөптей қырқылған сол жас жеткіншектердің, әттеген-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен...

Уақыт өткен сайын аталарымыз, әжелеріміз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз. Үлкен қауіп пен қатер төнген сол бір уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Тылда қалған бала-шаға тойып тамақ ішпесе де, таңнан тұрып, қара кешке дейін жұмыс істеді, сөйтіп жеңіске өз үлестерін қосты.

Қазақстаннан майданға бір миллионнан астам жауынгер аттанды. Брест қорғанын Қ. Әбдірахманов, К.Иманқұлов тағы басқа қандастарымыз қорғады, ал Мәскеу үшін шайқаста аға лейтенант Бауыржан Момышұлы басқарған батальон ерекше көзге түсті. Ленинград қаласы үшін шайқаста

С. Баймағанбетов соғыс тарихында теңдесі жоқ ерлік жасады. Сталинград үшін шайқаста Нүркен Әбдіров, Ұлы Отан соғысының ең соңғы нүктесін Рақымжан Қошқарбаев қойды. Шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметованың ерлігі бір дастан.

Белгілі қазақ ақын-жазушылары Жамбыл Жабаев, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов өз шығармаларында халықты қиын-қыстау кезеңде рухтандырды. Жамбыл атамыз қоршауда қалған Ленинград қаласының тұрғындарын отты жырымен қанаттандырды.

Ұлы Жеңіске 70 жыл! Соншама жыл өтсе де ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмады, ұмытылмайтынын да дәлелдеп отыр. Өйткені, сұрапыл соғыста жауынгерлер Жеңіс сағатын минуттап күтті.

Рухы биік аталарымыз Қобыланды мен Тарғынның, Исатай мен Махамбеттің, Амангелді мен Абай аталарымыздың жолын қуса, мына біз, жас ұрпақ Әлия мен Мәншүктің, Талғат пен Бауыржанның, Нүркен мен Қасымдардың, Қайрат пен Ляззаттың жолын жалғастырушылармыз. Сондықтан, жас ұрпақ, осыларша ерлік жасау, осыларша қайғыра да қуана білу, күле де кектене де білу, үлкен істерді жүзеге асырып, биік белестерді

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бағындыру, халқымыздың басына күн туған да елі үшін еш нәрседен тайынбау
— біздің басты парызымыз.

...«Парыздан асқан жаза жоқ
Парыздан түзу соқпақ жоқ
Парыздан өткір тіл жоқ
Парыздан мөлдір тазалық жоқ
Парыздан биік шың жоқ» —

деп жыр шумақтарында айтылғандай, парыз — бұл орындалуға тиісті міндет пен әрекет деп түсінемін.

Аймағамбетова Гүлім
Жезқазған гуманитарлық колледжі
Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы
Жетекшісі: Есенгабулова Г.О

Күркіреп күндей өтті ғой соғыс

Бейбіт елдің шырқын бұзып, адамзат баласының басына қайғы бұлтын үйірген сұрапыл соғыстың аяқталғанына 70 жыл толды. Сол қаһарлы күндердегі қан кешу қасап заманды бастан өткерген, оқ пен оттың ортасынан аман оралған ардагерлеріміз де бүгінде арамызда саусақпен санарлықтай-ақ қалды.

Бесік пен бейбіт арасы қас-қағым сәт. Өмір мен өлім соның дәлелі. Бүгін барсың, ертен жоқсың. Табиғат заңы осы. Бірақ, «қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген бар. Татар дәм-тұзың, көрер жарығың болса небір зұлматтарды басыңнан кешіріп, тірлігінді жасай бересің.

Ұлы Отан соғысының ардагері Тоғай ата Дауылбаев Сәтбаев қаласы, Весовой елді мекеніндегі көзі тірі жүрген 13 соғыс ардагерінің бірі. Тоғай ата 1920 жылы Ұлытау бөктерінде Айыртау елді мекенінен он жеті жасында ұрыс даласына аттанған сол кездегі бозөрім бала, қанды қасаптың қиянкескі қырғынынан қаймықпай, жеңісті жақындатқан жан. Әкесінен ерте айырылғандықтан үйіндегі үш бауырының ішіннен бас көтеріп, анасының қолғанаты болып ұлы болып жүрген ұл бір-ақ күнде жолға жиналып, соғыс аланына кете барды. Артында жылап-сықтап іні-қарындастары, тілеуін тілеп анасы қалды. Ұлытаудан соғысқа аттанған 70 жігіт межелі жерге жеткен соң, жан- жаққа тоз-тоз болып бөлініп кетті. Тоғай ата 29-гвардияға түсті. Ажалмен арпалысқан жауынгер дайындық кезіңін өткерместен, жау жағына оқ атты.

— Соғыстың қыр-сырын меңгеріп жүруге уақыт болған жоқ. Онсыз да ұрыс даласына солдат жетпей жатқан. Бірден соғысқа ден қойғанымыздың себебі, осы — дейді қарт солдат. Тоғай ата ең алғаш рет неміс басқыншыларына қарсы 200

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

адамның құрамында шабуыл жасапты. Ең соңында осы екі жүз адамның екеуі ғана дін аман қалған көрінеді. Соның бірі біздің кейіпкеріміз екен. Бұл соғыс ардагерінің алғашқы ұрыстағы бір күндік оқиғасы. Ал оның лавр ағаштарымен қоректеніп, жабайы жидекпен шөл қандырғаны, қатқан қара нанды сақырлаған сарышұнақ аяздарда аз да болса жібіту үшін қойнына тығып, жылытып жегендігі соғыста көрген қиыншылықтарының бірі парасы ғана. Соғыста бір емес, төрт рет жарақаттанған жігіт, қазақы қайсарлығына салып, қайта-қайта майдан шебіне өзі сұранып шыға берді. Бұл оның Отанға деген шексіз махаббаты мен фашизмге деген кек-ызасы еді.

Бірақ төртінші жарақаты қайсар қазақты қатардан біржола шығарды. Сол жақ иығына тиіп, жауырынан жарып шыққан винтовканың оғын да елемеген ерді, зеңбірек снарядының жарықшағы аяғынан алды. Сөйтіп, ол 1943 жылы туған еліне табан тіреді.

Сол кезде 98 жас жасаған марқұм анасы Ақжан тұрмысының ауыр екеніне қарамастан, ауыл-аймаққа өгіз сойып, той жасаған екен. Соғыстан соң Тоғай ата балдақпен бір жылға жетер-жетпес жыл жүріп, еңбек етуге білек сыбанды. Колхозда мал дәрігері болып қызмет етті. Тіпті осы саладан 47 жыл табан аудармай еңбектеніп, Мәскеуге де барып келді.

1949 жылы құдай қосқан қосағы Айман апамен шаңырақ көтеріп екі қыз, бір ұл сүйді. Бүгінде алардан өсіп-өніп отырған немере, шөберелерінің де өз алдына отау құрып отырған жайы бар.

– Жан дегенде жалғыз ұлымның қайтыс болғандығы болмаса, басқасының барлығына шүкіршілік етемін. Үкіметке де, басшыларға да рахмет. Еңбегімізді елеп, ескеріп құрмет көрсетіп отырады. Мемлекет тарапынан бөлінген үш бөлмелі шаңырағым осы, – ата әңгіме арасында.

Біз де біраз дүниені байқап қалдық. Қабырғада тобылғыдан жасалған қамшы, дүрбі және арлан қасқырдың терісі ілулі тұр екен. Осы жөнінде 82 жасар қария:

– Жас кезімде аңшылықпен айналысқам. Мынау содан қалған жұрнақ. Ауланған түлкілерімде сан жоқ, ал қасқырдың бес-алтауын мылтықсыз соғып алдым, – деп жымыды.

Тоғай ата саясатты да жетік түсінеді екен. Алыс-жақын шетелдердегі шиеленістер мен қақтығыстарды, Қазақстандағы саяси-әлеуметтік жағдайды бес саусағындай біліп отыр. Тіпті жаңа шығып жатқан басшылар мен телеарналарды да жатқа айтады.

– 1987 жылдан бері кемпірім екеуміз намаз оқимыз. Мешітке барып тұрамыз. Әр намаздың соңында патшамызға ұзақ ғұмыр мен баянды бақ тілейміз. Қазақстанның бейбіт өмір сүріп жатқаны соның арқасы. Ел іші тыныштығы экономикаға да, мәдениет пен әдебиетке де зор әсер етеді.

Тоғай ата осы әңгімені айтып отырғанда Айман апа дастарханды жайнатып жіберді. Баршамыз қазақы үстелге жайғасып, күрең қою шайды қанып іштік.

Өкінішке орай, жыл өткен сайын Ұлы Жеңіс күнін жақындатқан жеңімпаз ардагерлердің қатары сиреп барады. Олар бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бейбіт күн

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сыйлау үшін майдан даласында қан төгіп, жандарын қиды. Ардагерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес. Арада 70 жыл өтсе де, соғыс жылдары ұмытылмақ емес, ол кезең ардагерлердің жадында жазылып, кітап беттерінде қатталып қалған. Ұлы Отан соғысы туралы естеліктер ұрпақтан-ұрпаққа жете береді. Біз оны ұмытпауға тиіспіз.

Біз соғыс ардагерлерінің алдарында өтеусіз қарыздармыз. Себебі, олардың ерліктері мен жанқияр қаһармандықтарына баға жетпейді. Біз азаматтың басты құндылығы – жер бетіндегі бейбітшілік үшін, Жеңіс үшін жанын қиған, майдан даласынан оралмаған, бүгінгі күнге жетпегендердің есімін мәңгі ұмытпаймыз. Олар – біз үшін өшпейтін ерліктің, табандылықтың нышаны, Отанға деген сүйіспеншіліктің, шынайы патриотизмнің үлгісі.

Алпысбай Аружан

8-сынып, №16 орта мектебі Қарағайлы кенті
Қарқаралы ауданы, Қарағанды облысы
Жетекшісі: Сакабаева Алтынай Куандыковна

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды

Ерлік жасамау қауіпті емес,
Жасалған ерлікті бағаламау қауіпті.

Б.Момышұлы

Биыл Ұлы жеңістің 70 жылдығы. Ғасырға жуық уақыт өтсе де, соғыс салған жара жазылған жоқ.

Мен тәуелсіз елдің ұрпағымын. Мен соғыс туралы тарихи оқулықтар мен көркем шығармалардан бейбіт күнде қаннен-қаперсіз күн кешіп жатқан Кеңестер Одағының шекарасын тұтқиылдан бұзып, фашистік Германия соғыс деген «тажалдың» отын тұтатқанын оқып білгенмін.

Сол оқыған кітаптарым арқылы аталарымыздың батырлығы мен жанқиярлық ерлігі, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі біздер үшін үлгі.

Шығармамды Бауыржан атаның «Ерлік жасамау қауіпті емес, Жасалған ерлікті бағаламау қауіпті» деген сөзінен бастаған себебім, сол сұрапыл соғыста жасалған ерлікті бүгінгі ұрпақ қадірлеп, бағалау керек. Бүгінгі әр атқан бейбіт күннің таңы, кешегі қан майданда «Отан үшін от кешіп, ауыздықпен су ішкен» Н.Әбдіров, Б.Момышұлы, Ә.Молдағұлова, М.Маметова, Т.Бигелдинов, М.Мамыраев сияқты халқымыздың даңқты ұлдары мен қыздарының өлшеусіз ерлігінің арқасында екенін ұмыту мүмкін емес.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Осы соғыста біздің аталарымыз өздерін тағы бір рет жауынгер, Отанын шексіз сүйетін халықтың ұрпағы екенін дәлелдеді.

Тарихи деректерге қарағанда 1 млн 196 мың 164 қазақстандық соғысқа алынған. Сол боздақтардың көбі елге оралған жоқ. Соғыс зардабын үш ұрпақтың өкілдері тартты, майданда қаза тапқан ата, жетім өскен бала, атасын көрмеген немере. 70 жыл уақыт өтсе де соғыс салған жара жазылған жоқ. Әкесін көрмеген бүгінде жасы 70-ке келсе де әкені көру арман болып әлі де іздеу салып, үмітпен күн өткізіп келе жатқан баланың көкірегі қарс айырылар әңгімелерін теледидардан көріп, еріксіз көзге жас іркіледі.

Соғыс жылдары аналардың да иығына түскен жүктің салмағы да батпандай болды. Жарынан бірі хабар ала алмаса, бірі өз қолымен кебін кигізбей «өлді» дегенге сенбей күн кешті. Соған қарамастан бар күш жігерін жарып тамақ ішпей, бүтін киім кимей «барлығы жеңіс үшін» деп еңбек етіп тер төкті.

Бұл Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш-әрине, «бірлік». Жүзі басқа, жүрегі бір. Тілі басқа, тілегі бір әр түрлі ұлт ұлдары мен қыздары бір тілекпен бір тудың астына күш біріктірді.

Ешқашан жауынгердің ерен ерлігі ұмытылмайды. Бүгін де бұл біздің азаматтық міндетіміз.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев соғыс ардагерлеріне ерекше қолқорлық көрсетіп келеді. Биылғы жылды «ардагерлер жылы» деп жариялап, ардагерлерге деген құрметті еселей түспекшіміз. Бұл ұрпақтар сабақтастығы, ата ұрпақтың алдындағы тағзым мен құрмет.

Алькенова Еркежан

8 «а» сынып оқушысы №9 орта мектебінің
Жезқазған қаласы Қарағанды облысы
Жетекшісі: Абилқайыров Кабден Абилқайырович

**Бір уыс топырақ
(Болған оқиға ізімен)**

Аманатқа жасалмасын қиянат.
Халық даналығы

1942 жылдың күзінде Отанымызды неміс фашистерінен азат етуге көптің бірі болып, Нұрмағанбет әкеміз де аттанды. Отбасында әйелі, кішкентай 3-4 жастағы қызы қалды.

Майдан даласынан ай сайын үш бұрышты хат келіп тұрды. Бір хатында «Фашистерге күйрете соққы беріп, Беларусьтің Витебск қаласын азат еттік. Сендермен қауышатын күн де алыс емес!» деген алғашқы қуанышты хабар

да келіп жетті. Айкүміс шешеміз соғыстағы күйеуінен келген жақсы хабарды ауылдастарымен бірге бөлісті. Осы кешке жиналғандар өздерінің қолдан жасалған азық-түліктерін, жылы киім-кешектерін отан қорғаушыларға жіберу жағдайын тілге тиек етіп отырды. «Жеңісті тездетуге кішкентай болса да, септігіміз тисе екен», - деп қояды әңгіме арасында. Қариялар мен әйелдер күні бойғы шаршағандықтарын ұмытып, бір сәт әнге де кезек берді. Тіпті түн ортасы болып қалғанын байқамай да қалды.

Арада бірнеше күн өткеннен кейін, Айкүміс шешеміз жұмыстан келгенде, кішкентай Шұғасы үйге кісілердің келгенін, «бұларға қиын болды-ау» деп айтқанын шешесіне жеткізді. Ауыздарын ашып жұмғанша, ауылдың екі-үш қариясы келіп, күйеуінің Беларусь жерінде шейіт болғанын естіртті. Бұл – 1943 жылдың көктемі еді.

Қаяулы ана жеңісті тездету жолында бұрынғыдан да жанын сала еңбек етіп, өзіне медеу болар қызының жетімдігін білдірмеуге тырысты. Алайда талай түндерді жылаумен, өксікпен өткізгенін ертеңінде ажарынан байқау қиын емес еді.

Қаралы күннен көп ұзамай, Айкүміс анамыз дүниеге ұл бала әкеледі. Әкеміз әскерге аттанғанда, анамыздың құрсағында үш айлық бала қалған-ды.

Көрші-көлем жиналып, шағын шілдеhana өткізіп, шақалаққа ырымдап, «Амантай» есімін берді.

Сол күнгі ананың тебіренісін айтсаңызшы! Күйеуі аман-есен отбасына оралғандай күй кешті. Әлсін-әлсін әлгі түйіншекті иіскеп, бауырына басып, бірде көз жасына ерік берсе, бірде қуаныштан бетіне қызыл шырай жүгіргендей болады. Анамыз үлкен ақ орамалға түйілген бір уыс топырақты медет санады, құдайдың мұнысына да шүкіршілік етті. Ептеп ыңқыл-сыңқылы бар еді, кейінгі кезде еңсесін биік ұстап, өзінің, тіпті, сауығып кеткенін де айтып жүрді. Елге өзінің адамгершілігімен, кейінгі ұрпаққа айтар ақылымен сыйлы болған кейуана тоқсанға таяп, бұл өмірден озды. Ақтық демі таусылған кезде, бір-ақ байқадық, бір уыс топырақ түйілген орамалды қолына қысып алыпты.

Осы жайтты көрген туыс-туғандар, ауыл қариялары ақылдаса келіп анамыздың мүрдесімен бірге топырағы бар түйіншекті жерлеуді қош көрді.

Көпшіліктің осы бір әрекеті «мына өмірде бірге болған ерлі-зайыптылардың ендігі рухы о дүниеде де бірге болсын» деген ойдан туса керек.

Арбатаева Карина

8 сынып, «№ 40 негізгі мектебі» КММ, Қарағанды қаласы

Жетекші: Бурленова Сауле Каумбаевна

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген

«Соғыс» деген ызғар шашқан суық сөзді естігенде ешкімнің де жүрегі бей-жай қалмасы анық. «Соғыс» деген оқ боранған майданның қатігез даласын қанқұйлы жаудың атқан оғы тиіп қаза тапқан жауынгерлердің тапталып жатқан денесін, шашылып жатқан сүйектерін, суық жертөледе қолы дірілдей отбасына хат жазып отырған жас жауынгердің жаралы жүрегін, алыстағы қақ майданда жаумен жағаласып жүрген перзентін сағынған бейбанананың ыстық көз жасын немесе аяулы жарын сағынған көңіл кірбінді келіншектің мөлдіреген жанарын бір сәтте көз алдыға әкеліп, жүрек тұсыңды шымыр еткізетін қайғы мен қасіретке толы зәрлі сөз. Ендеше мені мазалайтын бір сұрақ бар. Осыншалық қатыгездікті кім жақсы көреді? Тыныш та бейбіт, бақытты өмір сүруді қаламайтын қандай адам бар? Тыныш жатқан халықты дүрліктіріп, атыстырып-шабыстырып, бір-бірін аяусыз қырғызудың не керегі бар? Бұл соғыс деген кімге пайда, кімге жақсылық әкелді? Осындай сансыз сұрақ санамда сайрап тұр. Не де болса, «Күркіреп күндей өтті бұл соғыс» демекші, 1941-1945 жылдар аралығында қалың елді қан қақсатқан сұм соғыс болды. Бұл соғыс қазақ халқының есінен мәңгілік өшпестей болды. Себебі, ол қазақтың қаншама батыр ұлдары мен ержүрек қыздарынан айырды.

Осындай қатал соғысты суреттеген қаншама ақын-жазушылардың жүректі қарс айырап шығармалары бар. Сол шығармалардың арқасында біз соғыстың қаншалықты қатыгез де қатал, жаман да жиіркенішті екенін біліп өстік.

«Жойылсын жалғыз сөз-соғыс деген,
Оқ даусы мәңгілік жойылсын.
Бомбаның орнын тегістеген,
Күректер музейге қойылсын».

Немесе,

Соғыс жалмап аға-іні бауырды,
Зар жылатты тыныш жатқан ауылды.
Жалғызынан айырыпты ананы,
Әкесінен айырыпты баланы.

Осындай шумақтарды оқығанда қан майданның даласын өз көзіңмен көргендей жиырылып қаласың. Осындай қорқынышты қан сасыған ұрыс даласында жан алысып, жан беріскен жауынгерлердің көрсеткен ерлігін ойлағанда жүрегінде тағы бір толқыныс пайда болады.

Ұлы Отан соғысы майданында қаза тапқан қазақстандықтардың санына байланысты әртүрлі болжамдар бар. мәліметтерде соғыстан оралмаған қазақстандықтардың саны 601000-ға дейін жеткен. Мүгедек, жарымжан болып елге оралғандарды айтпағанда, сұм соғыс осынша адамның өмірін жалмаған. Осынша қазақтың отбасына қайғы-қасірет әкеліп, қабырғасын қайыстырған.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жас баланы әкесінен, кәрі ананы баласынан, жас келіншекті аяулы жарынан айырған аждаһадай төнген соғыс халықтың басына қара бұлттай үйірілді. Ол қара бұлт тек қана 1945 жылдың жаймашуақ көктемнің, 9-мамыр күні шайдай ашылды. Дүние жүзі халқы жеңіске жетті. Халық Отан ұғымын терең сезіне түсті. Қаһарман ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық, басқыншылық тізе бүкті. Бірлік, ерлік, халықтар достығы нығая түсті. Содан бері біз ол күнді «Ұлы Жеңіс күні» деп атап, ерекше қастерлейміз. Бұл күн қарысқан қабақты жазып, халықтың жүзіне күлкі үйіртіп, бөрікті аспанға аттырған күн.

9 – мамыр фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиғадарды еске алу күні. Бұл күні жеңімпаздардың олардың балаларының немерелерінің жүрегі мақтаныш сезіммен лүпілдей соғады. Сол күннен бері, міне аттай 70 жыл өтті. Аллаға мың да бір шүкір, қазақ елі тәуелсіздік алып, бақытты өмір сүруде. Әсіресе, осы күнге жетуімізге себепкер болған Ұлы Отан Соғысының құрбандары мен ардагерлеріне дән риза. Ұлы Отан соғысына қатысқан: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов т.б. Ол кісілерге құрметпен бас иеміз. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иіп, еске аламыз. Біз бұл жеңістің қалай келгенін ешқашан ұмытпаймыз. Ұмытуға хақымыз да жоқ. Жеңіс үшін өмірін жастық шағын қиған тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, Отанға деген махаббатын от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азаюда, олардың тірі қалғандары арамызда жүріп жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері саусақпен санарлықтай. Біздің бақытты өмір сүріп жатқан жерімізді сақтап қалу үшін ата-бабамыздың қаны мен тері төгілді. Мынау жатқан кең байтақ қазақ даласы сол қан майданның куәсі. Ата-бабамыздың қасық қаны қалғанша шайқасып, қорғаған жерін көзіміздің қарашығындай сақтаймыз. Осы шығармамды мына өлең жолдарымен аяқтағым келіп отыр:

Қайғыны білмесін ана жаны,
Қазіргі адамда арман сол.
Әлемнің бар сәби балалары,
Оянсын ұйқысы қанған соң.

Ахметова Ақжүніс
9 «А» сынып, № 9 ЖББОМ, Жезқазған қаласы,
Қарағанды облысы.
Мұғалім: Атенев Ербол Кенишбаевич

Ешкім де, ештеңе да ұмытылмайды!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Мен соғысты көргенім жоқ, кеш мені,
Қаралы жыл қасіретін жырламадым кеш келіп.
Бірақ, мынау мұң танымас ұрпағыңның өскені
Емес пе ел жадында қанды жолдың өшкені.

Соғыс – адам басына келген қайғы мұң. 1941 жылы 22 маусымда басталған Ұлы Отан соғысы адамзат баласына үлкен қасірет әкелді. Соғыста миллиондаған адамдардың өмірі қиылды. Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты Кеңес Одағы халықтарының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен жауға қарсы тұрды. Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы атамыз, батыр қыздар Мәншүк пен Әлия, Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Рахымжан Қошқарбаев, ұшқыш қыз Хиуаз Доспанованың ерліктерін мәңгілік жадымызда сақтаймыз. Бұлар біздер үшін үлкен мақтаныш!

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды.

«Күркіреп күндей өтті ғой соғыс» – деп ақын Қасым Аманжолов жырлағандай, жер әлемді сілкіткен соғыс өртінің жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл толып отыр. Жеңістегі басты жетістік – сол кездегі ортақ Отанымыз болған Кеңес елінің бүкіл халықтарының ынтымағы, олардың достық бауырластығы, әрбір жеке азаматтың Отанға деген патриоттық сезімі еді.

Біздер, кейінгі ұрпақ, соғысты көрмесек те, жеңістің оңай келмегенін кинолардан, кітаптардан көріп, оқып білдік. Біздің айтпағымыз, аспанымызды

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бұлт баспай, соғыс болмаса екен деп тілейміз! Елбасының сарабал да, салиқалы саясатының арқасында бейбіт заман болатынына кәміл сенеміз.

Ахметова Әсем
Жезқазған гуманитарлық колледжі
Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы Жетекшісі:
Шахманова Айнагүл Төлегенқызы

Қазақтың қаһарман қызы – Хиуаз Доспанова

Адамзат тарихындағы қанды қырғынның аяқталған сәтінен бізді 70 жыл бөліп тұр. Бірақ, Ұлы Отан соғысындағы жеңісті күндер алыстаған сайын, аға-апаларымыздың ерлігі біздің алдымызда ұлықтана түсуде. Біз қазірдің өзінде сол соғыстың сабағын, маңызын ойдан шығармақ емеспіз. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс үшін халық аз тер төкпеді. Он мыңдаған қазақстандықтар майдан даласында ерлік көрсетті, көбісі үйлеріне орлмады. Олардың жарқын бейнелері кейінгі буын біздер үшін ерлік пен Отанға адалдықтың нышаны ретінде мәңгілікке жадымызда сақталады. Мен осындай батыр апаларымыздың бірі Хиуаз Доспанова жайлы айтқым келеді.

Хиуаз Қайырқызы Доспанова – Екінші дүниежүзілік соғыс кезенде қазақтан шыққан жалғыз әйел ұшқышы, жауынгер, батыр, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы.

Хиуаз Доспанова 1922 жылы мамыр айының 15 жұлдызында Гурьев облысының Ганюшкино ауылында дүниеге келді. Оның әкесі партиялық қызметкер болғандықтан, олар отбасымен бір орыннан екінші орынға көшіп тұратын. Хиуаз 1940 жылы, Орал қаласындағы №1-мектепті алтын медальмен үздік бітіріп шықты. Ол мектеп кезінен-ақ аэроклубта жаттықтырылып, аттестатпен бірге ұшқыш қоры куәлігін алып шықты.

Мектеп бітіргеннен кейін, Хиуаз Мәскеуге оқуға кетті. Бірінші ол, Жуковский атындағы Әскери-әуелік академиясына құжат тапсырды, бірақ, оны қабылдамағандықтан, Хиуаз Бірінші Мәскеулік медицина институтына түсті. Бірінші курс бітірген соң, 1941 жылдың жаз айында Хиуа демалысқа Қазақстанға кетіп бара жатқан кезінде соғыс басталды. Мәскеуде қалуына тура келді. Ұлы Отан соғысы кезінде СССР-да тек әйелдерден тұратын, тұңғыш, бірден-бір авиация полкі құрылды. Оның толық аталымы: 46-гвардиялық Таман Қызылтулы Суворов ордені 3-дәрежелі түнгі бомбалайтын авиациялық полкі. Немістер қыздарды қысқаша: «Түнгі мыстандар» - деп атайтын. Әйел авиабөлімшесінің құрастыруына рұқсат алған даңқты ұшқыш – Марина Раскова. Хиуаз Доспанова сөйлесуге барып, сынақтан өтіп, полк мүшесі

атанады. Қызметтестері Хиуазды өте көңілді, нәзік, романтикалық қыз болғандығын айтып еске алатын.

Полк шынымен де тек әйелдерге арналған болатын, олар пилот әрі штурман болып қана қоймай, механика және техника мамандары да болды. Авиаполктегі адам саны – 115 адам, қыздардың жасы бар болғаны 17-ден 22 жас аралығында еді. Бірінші Энгельстегі оқу, сосын 1942 жылы алғаш жауынгерлік ұшу және бірінші жаттығулар болды. Ұшақта екі қыздан ұшатын. Бұл екі ашық кабиналы ағаш биплан. Максималдық жылдамдық – 120 км/сағ. Пулеметтар бортта 1944 жылы пайда болды, оған дейін қарулардан тек тапанша ғана. Тек түнгі мезгілде ұшатын, күндіз осындай ұшақ қарсыластарға оңай нысана. Әр түнде қыздар 10-15 реттен ұшуға баратын. Мақсаттарына жетіп, бомбаларды лақтырып және кері – жаңа снаряд үлестеріне оралатын. «Арада ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, алғашқы әскери операцияға барғаным көз алдымда кеше ғана болғандай сайрап тұр» дейді Хиуаз апай. Даланы түн қараңғылығы жайлаған кез. Алдымен жарық бергіш бомба тастапты. Себебі жау әскері мен техникасының қай жерде орналасқанын анықтап алу қажет болған. Сол сәт төңірек жап-жарық болып кетеді. Звено командирі Е.Пескова мен Х.Доспанова бұйрық түсісімен жаудың атыс ұясын бомбалай бастайды. Қашанда сақ отыратын жау әскері естерін жинап та үлгермепті. Неше мәрте бомбалап, даланың астаң-кестені шығып жатқанда ұшқыш қыздар аққан жұлдыздай көзден ғайып болады. Алғашқы әскери тапсырманы осылай сәтті орындаған қос қыз жан-жақтан қаумалап алған майдандастарының қошеметіне емес, өздерінің осыдай маңызды іске дайын екендіктерін сезініп, қуанғанды. Хиуаз ұшақтан 14 рет құлапты. Төрт мәрте ауыр жарақат алып, есін жиысымен ұрыс даласына қайта оралып отырған. Жаумен шайқаста асқан ерлік көрсете білді.

Хиуаз Доспанова небәрі 300 рет жауынгерлікпен ұшып шықты. Өзінің полкімен бірге ол Германияға да ұшты. "Түнгі мыстандар" Кубань, Тамань, Новороссийск, Қырым, Белоруссия, Польша егемендіктеріне қатысты. Тек Германия төңірегінің өзінде, қыздардың ұшқан саны 2000-нан асты. Соғыс жылдары ұшқыш қыздар 2 902 980 кг бомба, 26 000 жалынды снаряд пайдаланған болатын. Соғыста 32 қыз мәңгілікке көз жұмды... Соғыстағы ерліктері үшін батыр қыз «Қызыл Жұлдыз», «II дәрежелі Отан соғысы» ордендері мен «Кавказды азат еткені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдарын иеленіп, әскери атағы аға лейтенант шеніне дейін өседі. Ол Қазақстанның ОК ЖЛКО хатшысы, Қазақ ССР-ы жоғарғы кеңестің депутаты және бірінші сессияда – Төреалқаның хатшысы болды. Алматы горком партиясының хатшы қызметін атқарды. Бірақ, 37 жасында Хиуаз Доспановаға денсаулығының салдарынан зейнетке шығуына тура келді.

Меніңше, анам партиялық жұмысқа келіспеуі керек еді, - дейді ұлы, Сатпаев атындағы ҚазҰТУ мұғалімі Ерболат Амиров. Анамның жаны нәзік болатын... Саясатқа, қызметке араласқанды онша ұната бермейтін, сондықтан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

да шығар Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетін басқаруға шақырғанда ол бас тартты. Қарапайым үй шаруасындағы әйел қалпында қалды. 50 жастан асқан шағында, екі жарақаттың зардабы біліне бастады. Анам соғыста шеккен зардаптары кесірінен көбіне томаға тұйық отыратын. Сондықтан да сұхбат алуға келетін тілшілер анамның мінезі ауыр деп ойлайтын.

2004 жылы көзінің тірісінде, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қолынан "Халық Қаһарманы" атағын алды. Алматы Хиуазның ортасында тұрған, қазір сол үйде ескерткіш тақта бар. Бұл жерде әлі күнге дейін оның жолдасы, ұлы және немересі тұрады. Ел басына күн туған шақта сұрапыл соғысқа араласып, бейбіт заманда еліне талмай еңбек еткен «Халық Қаһарманы» Хиуаз Доспанова 2008 жылдың мамыр айының 20-шы жұлдызында өмірден өтті.

Иә, батыр өлсе де, есімі өлген жоқ. Оған дәлел келтіріп кетейін. 2012 жылы батыр апамыз 90 жасқа толды. Осынау мерейтойға орай «Эйр Астана» компаниясы Embraer 190 деп аталатын өзінің алғашқы төл ұшағына Хиуаз апамыздың есімі берілді. 97 жолаушыға лайықталған ұшақтың жылдамдығы сағатына 890 км. Техника 4200 шақырымға дейін ұша алады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне тоқталсам, ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес. Соғыс – күйретуші күш. Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетінде тіршілік атаулыны жалмап жұтатын тажал. Батырларымыздың есімдері, ерліктері жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі - ел есінде» демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар мен апаларымыздың ерліктері ешқашан ұмытылмайды.

Әмзебеков Ерасыл

4 «Б» сыныбы №9 Жалпы білім беретін орта мектебі
Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы
Мұғалімі: Хамитова Гаухар Шоқанқызы

Ұлы жеңіс – ұрпаққа аманат!

«Жерге тер төгіп; халыққа қан төгіп,
қызмет етуден аянба»

Б. Момышұлы

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына міне 70 жыл толады. Бұл адамзат тарихындағы ең ауыр соғыс болғаны белгілі. Аумағы жағынан бұл қырғын дүниежүзілік сипатқа ие болды. Құрбандардың саны жағынан да жоғары тұр. Тек бір ғана Кеңес одағының өзінен 20 миллионнан астам адам қаза болды. Сондықтан бұл соғысты ұмыту мүмкін емес. Оған қатысқан жауынгерлерді, тылда жанқиярлықпен еңбек еткен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

еңбекшілерді ардақтау, әрбір ұрпақ үшін абыройлы міндет болып табылады. Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең соңғысы Ұлы Отан соғысы болды. Соғысқа қатысқан аталарымыз – ұрпақтарының, яғни, біздің бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Уақыт өткен сайын Жеңістің маңызы артып келеді. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлының «28 панфиловшылардың ерлігін» білмейтін қазақ жоқ шығар. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек. Ардагерлерді құрметтеу-біздің міндетіміз. Жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көк аспанында ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді сыйлады. Сол үшін ардагерлерімізге рахмет айтқымыз келеді. Олар әкелген тыныш өмірдің тұнығын лайламауға біз сөз береміз.

Бабич Алина

5 сынып, «Жалпы білім беретін № 3 орта мектебі» КММ
Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы
Жетекші: Акмолдина Мейрамкул Советкалиевна

Құрметті майдангер аналар!

Сәлеметсіздер ме қадірлі де, құрметті өміріміздің тірегі – аналар!
Менің қазіргі уақыттағы орным үйде, үстел үстінде, қолымда қағаз-қалам, ал ең бастысы, мен тыныштықта отырмын, бейбітшілік пен татулықта,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бақыт пен қуанышта күй кешудемін, тек мен емес, барлық қазақ халқы, сіздер құтқарып қалған жас ұрпақ бейбіт өмір кешуде.

1941-1945 жылдары болған Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толады. Бұл сұрапыл Соғыста сіздердің көрсеткен ерліктеріңіз ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, әр жас жеткіншекті өз Отанын сүйіп, рухы биік батыр болуға жетелейді.

Сол соғыстағы Жеңіс сіздерге оңайшылықпен келмегенін біз кітаптардан, кинофильмдерден көріп, сіздерден естіп білдік. Төрт жыл бойы Отанын жаудан қорғау жолында суық аязға, аштық пен жоқтыққа, қиындыққа қарамастан, біздің жарқын болашағымыз үшін күрескен сіздердей батыр аналарымызға бақытты, бейбітшілік үшін әрдайым бас иеміз.

Сіздердің қазақтың батыр да, батыл да, қайсар халқымыздың жайнап өскен гүлдері екендеріңізді барлық жұрт біледі.

Мен сіздердің бойларыңыздағы мұндай қасиеттерді Қарауылбек Қазиевтің «Менің шешем» атты шығармасынан байқадым. Сіздердің ұлтжанды, отансүйгіш, талапшыл, патриот, еңбекқор, ал ең бастысы, намысшыл болғандарыңызды аңғаруға болады.

Қанды шайқас төрінде күрескен батырлардың қазақ халқының жеңісі сіздердің арқаларыңызда. Күш беріп, мейірлене қарап, жылы-жылы айтқан сөздеріңіз бен күлімсіреген көздеріңіздің нәтижесінде қазақ халқы жеңіс тұғырына жетіп, көгілдір аспанымызда жалауымызды желбіретті. Сондықтан да менің сіздерге деген алғысым шексіз. Сарыарқа төсіндегі ұлан-байтақ қазақ жерінде тұрғаныма қуанып, қадамымды әр басқан сайын сіздердің ерліктеріңіз есіме түседі. Сіздердің жолдарыңызды қуып, халқымның нағыз ұлтжанды патриоты болғым келеді. Мен сіздердің ерліктеріңізге тамсанып, таңқалып, сіздерге қарап еліктеп өсудемін. Сол үшін сіздерге алғысымды білдіргім келеді!

Ел намысын жерге таптатпай, ең соңғы демдеріңіз қалғанша халқымыз үшін, жеріміз, еліміз үшін, келер ұрпақ үшін күрестіңіздер, аянбай еңбек еттіңіздер. Бізге үлкен өнеге қалдырдыңыздар. Ал біз сіздердің үміттеріңізді ақтауға тырысамыз, ақтаймыз деп сенемін. Сіздер біздің жүрегіміздің бір түпкірінен орын алып, мәңгілікке ұмытылмас, ғасырлар бойы естен кетпес тау тұлға, ерекше жан болып қаласыздар!

Құрметті, Ұлы Отан соғысының ардагер аналары! Сіздерді мыс шаһары – Жезқазған қаласының 60 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген, Жеңістің 70 жылдығымен құттықтаймын. Сіздерге және сіздердің жақындарыңызға ашық аспан, мықты денсаулық тілеймін! Сіздердің жасаған өшпес ерліктеріңіз ел есінде мәңгілікке қалады. Ал қазір біз тәуелсіздігімізді алып, егемен елде өмір сүріп, біздің ата-бабаларымыздың тілегін ақтауымыз керек. Біздің еліміздің әрқашанда тыныш болуын мен бір Жаратқаннан тілеймін. Сау болыңыздар, майдангер аналар!

Баданова Назым

12 сынып, НЗМ

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Ахмет Гүлбақша Төлегенқызы

Ел үшін туған ерлердің ерліктері

«Қазақстан - елім менің, жерім менің» деп соғатын әр жүректі, әрбір қазақ баласын елінің басынан кешкендері ойландырмай қоймайды. Осы мақсатта әр мектептен жиналған балалар Арман клубының жетекшісімен, сонау 1941-1945 жылдардағы зұлматтың кермегін тартып, майдан алаңында елі үшін күрескен ардагер ақсақалмен жүздесуге бардық.

Ашық аспан, сәулелі күн астында қырандай самғап, кең жазық жазирада сәйгүліктей желмен жарысқан, кеңдікті сүйетін қазақ баласының басына бұлт төнген 1941-1945 жылдар еді... Қазақ баласына да, КСРО құрамындағы халықтарға, ұлт өкілдерінің басына күн туды. «Біріге көтерген жүк жеңіл» демекші, қаншама халық қолына қару алып, қанмайданның алаңына аттанды. «Отан үшін отқа түс – күймейсің, суға түс – батпайсың» деген, Ұлы Отан Соғысының батыры, қазақтың ері, Бауыржан Момышұлы айтқан сөз бойларына жігер беріп, қыршын қазақ жастары, қарттары да, нәзік жанды арулары да «ОТАН» деп соққан жүректің лүпілін баса алмай, елінің жарқын болашағы үшін, бостандық үшін, атадан қалған аманат – туған жер үшін, артта қалған жұрт үшін соғыстың қанды алаңына түсіп кетті. Сол зұлматты көзімен көрген азаматтар көксеген мұраттарына жетіп, бүгінде елінің келешегіне үмітпен, сеніммен қарайтын күнге де жеттік. Бұл жеңіс – сол соғыста Отан үшін жан алып, жан беріскен ардагерлеріміздің жеңісі де, елім деп соққан жүректің жемісі де. Ал біз, келешек ұрпақ үшін осы асыл ерлеріміздің ерліктерін ұмытпай, оны насихаттау – парыз, ардагерлерімізге айтқан рахметіміз болмақ.

Ұлы Отан соғысында болып, майданды өз көзімен көріп, туған жердің төсіне жау аяғы тимесін деп, қолға қару алып, қанды судай ағызған аламанда елі үшін күрескен ерлердің бірі Әмірхан Әбішұлы. 1923 жылы қазанның 10 – жұлдызында Қарқаралы ауданында дүниеге келген. 9 жасында-ақ, 1932 жылы, анасынан қол үзіп қалған, 1937 жылы әкесін ұстап әкетеді. Әмірхан ата көп балалы отбасынан. Он жетінші туған ағасы қайтыс болып, он сегізінші туған ағасы 1939 жылы қазанның 20 күні әскерге алынып, хабарсыз кетеді. 10 сыныпты бітірместен әскерге кеткен ағасын іздеп әр жерге хат жазғанымен, хабар ала алмайды. Арада уақыт өтіп, өзі де 1942 жылы, сәуірдің 29-да әскерге

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

алыныпты. Әмірхан атамның әскерге алынған жылында Егіндібұлақ совхозынан 27, Қарқаралыдан 17 бала онымен бірге Қарағандыға жіберіліпті. Атамның естелігі бойынша көлік болмай жаяу барыпты. Ал Қарағандыдан мамырдың 1-жұлдызына қарай Түркіменияның Кірікши қаласына барып, 2-3 ай соғысқа дайындалады. Сол уақыттарда Сталиннің үкімімен олар Ауғанстан мен Иранның шекарасында торуылға жіберіледі. Әмірхан ата: «Ол кезде қақтығыстар болмады. Біз шпиондарды ұстадық», - дейді. Ал соғысқа 1943 жылы шілдеде соғысқа қарай бет алыпты. Ардагердің қасында Абылайхан, Қамжин Әбілкен, Омаров Мұқатай сынды достары болған. Сол кісілерменен бірге олар Малиновскийдің 284-ші дивизиясының батальонында соғысқа қатысады. Ардагер сөзінің арасында оларда автомат болмай, винтовка ұстағандарын, тот басқан оқтармен соғысқа түскендерін, ал немістердің қарулары лакпен жаланған екенін де айтып өтті. «Румынияда Сталиннің үкімімен тұтқынға түскен немістерді, 18-35 жас аралығындағы қыз-келіншектерін, 16-47 жас аралығындағы ер азаматтарын, барлығы 35000 адамды жұмысқа салды», - дейді ардагер. Бұл жақта лейтенант Гандеррас Максимуктің командирлігімен соғысқа қатысады. Еліне қайтқанша Румынияда тұрады. Онда нан да, батон да, тамақ та берді деп еске түсіреді ақсақал. 1946 жылы аман-есен еліне жеткен Әмірхан ата Қарқаралы ауданы Жамбыл совхозында бригадир, кейіннен бөлімше меңгерушісі болып қызмет атқарыпты. Жеңіс туралы бір ауыз мәліметтеріңіз?,- деп сұрағанда: «Сталиннің күштілігімен, генерал Жуковтың мықтылығымен, катюшамен жеңдік», - деді. Соғыс жылдарында дивизия құрамында қазақтар болатын деп есіне алады. «Қазақтар батыр ғой...», - деп, Берлинде ту тіккен қақтың Рақымжанын да айта кетті. Соғыс 1418 күнге созылыпты... Осы арада жан алып, жан беріскен осындай ардагерлеріміз қазірде сиреп барады. Әмірхан ата: «Оқыңдар, онсыз болмайды. Азамат болыңдар, біз асарымызды асадық, жасарымызды жасадық, сендер аман болыңдар!», - деп, батасын берді.

Ел үшін жан кешуге тәуекел еткен осындай ардагерлердің көзін көріп, батасын алған біз бақыттымыз. Олар аңсаған бостандық ертең бізге аманат достар, асыл ерлерімізді ұмытпайық!!

Байжаханова Гүлдана

9 сынып №133 негізгі мектебі

Жезқазған қаласы Қарағанды облысы

Жетекшісі: Мукашева Айман Төлеубековна

Ұлы Отан соғысы әр адамның басында болған оқиға. 1941-1945 жылдары адамның, әр адамзат баласының басынан өтпеген жерлері жоқ. Себебі сол жылдары қанды оқиға болып, бүкіл адамдар өз елін, өз жерін сақтап калу үшін, болашағымыз жарқын, әрі жақсы болу үшін барлығын істеген еді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысына барлық ұлттар, әсіресе қазақтар өте көп шыққан еді, өз елін, отанын сақтап қалу үшін бізден атақты, әрі әлемге әйгілі Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова және Әлия Молдағұлова сияқты қазақ батырлары қатысқан еді. Ұлы Отан соғысына 1,5 миллионнан астам адамдар қатысты. 1941-1945 жылдары бүкіліне де өте ауыр, әрі қиын жағдай болған еді. Ұлы Отан соғысына кішкентай балалардан бастап, қартайған шалға дейін қатысқан. Олар өз елін, отаны үшін бар күш жігерін салып күресіп, шайқасқан еді.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады.

Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. Ұлы Отан соғысы әр адамның жүрегінде мәңгілік сақталып қалады.

Байтуганов Ислам

7 қазақ сыныбының оқушысы
Қ.Шайменов атындағы орта мектебі
Жетекшісі: Бельденова Ж.А.

Менің атам – ардагер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Менің нағашы атам да 1943 жылы әскер қатарына шақырылып, сол жақтан соғысқа аттанған. Өкінішке орай мен жеті жаста болғанымда ол кісі 84 жасқа караған шағында қайтыс болды. Тірі болғанда 2015 жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл қарсаңында атам 90 жасқа келер еді.

Ол да біз үшін үлкен той, үлкен мереке, артында қалған ұрпағы атасының ерлігін, батылдығын білген бір ғанибет қой. Біз үшін осындай өмір кешсін деп жандарын аямай, жауыздықпен күрескен.

Атам 1925 жылы өмірге келген, қарапайым отбасынан шықты, әкесі еңбекқор, баласын да еңбекке, адалдыққа үйретіп тәрбиелеген. Қиыншылық заманның балалары ержүрек болып өседі екен, менің атам да ержүрек, батыл, батыр адам қатарына енеді. Сол батылдығы емес пе, соғысқа ер қатарлы барып, өз жерін қорғаймын деп қолына қару ұстап, фашистермен күрескен.

1943 жылы Қазақстанның 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері сияқты әскер қатарына шақырылды. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. 1418 күн мен түн бойы өз жері мен елі үшін халық күресте болды.

Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген отбасы болмады. Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты, қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды.

Менің де атам бар күш-қуатын «Отан үшін» деп шайқасты. Екі жыл жерінен аулақ жерде жүрген атам, Жапония елін босатуға қалып, жеңіспен 1945 жылдың аяғында үйіне оралған екен.

Аман-есен оралған соң, 1949 әжемді кездестіріп, отау құрады. Сонымен атам мен әжем қол ұстасып он бір бала тәрбиелеп, үлгілі отбасылардың қатарынан саналады. 50 жыл бірге оттасып, еліне қадірлі, балаларына үлгілі өмір кешеді. Әжемнің ата-енесіне деген құрметі шексіз еді, әрқашан сол кісілердің жақсылығын балаларына үлгі етіп айтып отыратын.

Соғыстан кейін атам өз ауылында көлік жүргізуші болып бастап, автокешеннің меңгерушілігіне дейін көтеріледі. Ал әжем бала-бақшада тәрбиеші болып, өзге балаларды өз баласындай көріп, тәлім-тәрбие береді. Сол жерден атам мен әжем де зейнеткерлікке шығады.

Атам әрқашан: «Ешқашан ұшқан ұяңды тастама, әке-шешенді сыйла, олар саған өмір берді. Аруақтарды ұмытпа, олар сені әрқашан қолдап жүреді» деп өсиет айтып отыратын.

Менің атам – ардагер, менің атам – батыр! деп мен мақтанамын.

Атамның соғыс кезінде алған кеуде алқалары өте көп: «Жеңіс үшін», «Ленин ордені», «Ерлік үшін», «Қызыл жұлдыз», «Соғыс ардагері», ҰОС 40 жылдығына, 50 жылдығына, 60 жылдығына тағы да басқа көптеген ордендері мен медальдары бар.

Мен де атам секілді әскери адам болғым келеді, өз Отанымды қорғауға әрқашанда дайынмын. Мен атамды үлгі тұтамын.

Бекмаганбетова Амина
«Жалпы білім беретін № 3 орта мектебі»КММ
Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы
Жетекші : Жунусбекова Ботакоз Хабитовна

**Жеңіске қосқан менің де үлесім бар
/Жанбай қарияның әңгімесі/**

Жанбай қария балалық шағында басынан өткен сан қилы оқиғаларды балаларына , кейін немерелеріне айтып отырудан жалыққан емес.

- Біз сол жылдары ауылда тұратынбыз, - деп әңгімесін бастады. Менің мектеп табалдырығын аттар кезімде, жеті жасымда Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Жауыз Гитлерден Отанды қорғауға аттанғандардың арасында әкем де бар еді. Отбасында шешем екеуіміз қалдық. Анам колхоз сиырын сауатын. Таң атқаннан кешке дейін қолы тимейтін. Сауылған сүтті машинадан өткізіп, алынған қаймақты шайқап, май даярлайтын. Осы жұмыстың барлығын қолмен істелетін.

Сауын сиырлар өріске кеткеннен кейін бұзауларды да бір сәт жайылымға шығаратын. Бұзау бағушы – Қасымбек деген аурушаң кісі еді. Денсаулығының нашарлығына қарамастан «Еңбек батальонына» жарайды деп, оны да әскер қатарына шақыртты. Ауылда бұзау бағатын ер-азаматтың жоқтығынан, енді сауыншылар кезекпен бұзау бағуға шығатын болды. Біздің кезек келген күні мен сабақтан қол үзетінмін. Апама көмектесіп, жайылымға шыққан бұзауларды қайыратынмын. Сүтке тойып , ерігіп тұрған бұзаудың бірі жүгірсе болды, қалғандары оны қоштағандай тобымен жөңкіле бастайтын. Мұндайда жаяу адамға қайдан қайыру берсін! Қасымбек мінген жауыр күрең мені баласына ма, әлде жара жанына бата ма қанша қамшыласаң да, аяғын баспайтын. Бұзау жамырап кетсе, жоспарлы сүт алынбайды. Сондықтан өкпем өшсе де, әйтеуір әрең дегенде қайырып, көңілімді бір демеуші едім. Кейде қайыру бермеген кезде, көз жасына ерік беретінмін. Адам өзінің дәрменсіздігіне кейде қапаланатыны да осындайдан шығар деп ойлаймын.

Бұғанасы қатпаған сол кездегі балалар да мен сияқты колхоз жұмысынан шет қалған емес, - деп әңгімесін бір үзді.

- Ымырт үйірілгенге дейін бейнет жасаған анамды аяп, келгенінде тамағы даяр болсын деп, шешемнен көргенімді өзімше істейтінмін - деп әңгімесін одан әрі сабақтайтын. Даярлаған тағамымда кейде тұз болмайды, кейде түбін күйдіріп аламын. Анам бұған менің шын пейілмен жасағанымды іштей сезіп, ешқашан ұрысқан емес. Екі-үш кесе шай ішіп, мандайы жіпсігеннен кейін ғана, ақырын жымып отырып, менің кемшілік тұстарымды есіме салатын.

«Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін» - еп ұрандатқан тылдағы әрбір адам, шамасы келгенше, жеңісті тездетуге атсалысты. Шешем түні бойы жауынгерлерге қажет жылы киім-кешек даярлаумен айналысатын. Бірақ таңертенгі жұмысынан, сиыр сауудан еш уақытта қалған емес.

Түнемелікте сабақты орындаған соң, мен анама көмектесіп, жүн түтетінмін. Апамның үйретуімен тоқуды да меңгердім. Ол уақытта мынау қыздың жұмысы, мынау ұлдың жұмысы деп бөлмедік. Біз даярлаған киім-кешектер майдан даласына тоқтаусыз жөнелтіліп жатты. Бірде түсімде мен тоқыған байпақты әкем киіп: «Менің баламның тоқыған байпағы қандай жылы, енді аяғым тоңбайтын болды, немістерге бұрынғыдан да күйрете соққы беремін! - деп мақтанғанын естіп, оянып кеттім. Аз да болса жеңіске үлес қосқаным маған да қанат бітірді.

Сабағымды жақсы оқыдым. Әріптерді толық танып білген соң, қолыма түскен кітап, газет бетіндегі жазуларды оқуға ниет жасадым. Алғашқыда ежелеп оқысам да, кейін біршама оқуға төселіп қалғанымды аңғардым. Майданнан келген хабарды тыңдау үшін бәріміз бір үйге жиналатынбыз. Кейде хат оқу кезегі маған да келетін. Анама, соғыстағы әкеме тіл тигізбеу үшін, қатесіз ежелемей оқуға тырысатын едім. Жиналған көпшілік: «Оқысандар Бейсенбайдың баласындай оқыңдар. Өркенің өссін! Әкең аман - есен келіп, отбастарыңда той болсын! - деп батасын беретін. Әкемнің атына жаманат келтіртпегенім төбемді көкке жеткізгендей болды. Көрші үйде «Батырлар жыры» бар болатын, кешкілікте ауыл адамдарының көңілін аулап, соны оқып беріп жүрдім.

Соңғы кезде ауданнан бірді-екілі өкіл келіп, майдан даласындағы Кеңес әскерінің алға қарай жылжып, фашистердің ордасы Берлинге де тақап қалғандығы туралы қуанышты хабарды естіген елдің еңсесі көтеріліп қалды.

Міне, көптен күткен Жеңіс күні де келіп жетті. Шешелеріміз қиындықты артта қалғанын айтса, енді біреулері әлі де көңілдері күпті, сеніңкіремей жатқаны байқалады.

Жанбай қария күрсініп, ұзақ уақыт үндемей қалғанын байқадық.
- Балаларым, - деп әңгімесін әрі қарай жалғастырған қария, - біз көрген қиындықты сендер көрмеңдер. Соғыс деген болмасын! Сендердің замандарың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

туды. Елбасымыз айтқандай, мәңгі елдің болашағы сендердің қолдарында! - деп әңгімесін аяқтады.

Бектуров Жансерік

2 сынып оқушысы

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы
“№21 жалпы білім беретін орта мектебі ” КММ
Жетекшісі: Сауытбаева Гүлмира Серікбайқызы

Ұлы Отан соғысы қазақ халқы үшін үлкен сынақ болды. Әйгілі қолбасшы, соғыс батыры Б.Момышұлы “Соғыс қазақ халқының тарихын күрт өзгерткен, бұрылыс әкелген, миллиондаған отандастарымыздың арасында өшпес із, жазылмас жара қалдырды ” деп өз ойын айтып еді.

Ұлы Отан соғысы халық өмірімен, тағдырымен тығыз байланысты. Бұл оқиғаны біз жүрегімізден алып тастай алмаймыз. Отан қорғауға ерлер мен әйелдердің құқығы тең болған еді. Сондықтан әйелдерде Отан үшін күресіп, жауға қарсы тұрды. Шығыстың екі батыр қызы М.Мәметова мен Ә.Молдағұлова осы соғыстың батыр құрбандары болды. Халықтың басына қиын қыстау кез туғанда М.Мәметова және Ә.Молдағұлова сияқты біз көмектесуге, күресуге дайынбыз. 1418 күнге дейін созылған Ұлы Отан соғысы Қазақстан тарихында өте күрделі кезеңдердің бірі. Соғыстың барлық ауыртпалығын қарапайым солдаттар мен офицерлер көтерді. Олар рейхстагқа Жеңіс туын тіккен болатын. Бөлімшенің жауынгерлері мен офицерлері қазақ халқының батырларын зор құрметпен жерледі. Ата-бабаларымыз майданға жан аямай арпалысты. Олар біз үшін, біздің болашағымыз үшін, туған жеріміз үшін, туған тіліміз үшін жауға қарсылық білдіріп, үлкен ерліктер көрсетті. Біз енді осы ата-бабаларымыздың үмітін ақтауымыз керек. Себебі, болашақ біздің қолымызда. Менің ойымша, қазақ халқы Ұлы Отан соғысында болған оқиғаларды көре және біле отырып, жайбарақат отыра алмайды. Мұны жадымыздан шығарып, өшіріп тастау біздің қолымыздан келмейді. Өйткені Ұлы Отан соғысы бізге өз туған тілімізді, жерімізді, отбасымызды және қасымызда жүрген туған-туыстар мен достарымызды қадірлеп, бағалай біле білу керек екенін көрсетті.

Бірақ , соған қарамастан ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс-күйтеуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

елестететін газет-журнал материалдары немесе кинолар, радиотелехабарлар ата-бабаларымыздың ерлігін мақтаныш тұта жеткізді. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Мен соғысты жек көремін. Соғыс адамдарға азаптан басқа ештеңе бермейді. Елімізді қорғау үшін адамдар соғысқа аттанады. Бірақ бұл соғыстан тек кейбір адамдар тірі қалып, үйлеріне барады. Қайтыс болған адамдардың үйлеріне қара хат жіберіледі. Зар жылап отырған аналар үмітін үзбей, оларды күтеді. Баласының өлгенін ешқандай ана мойындамайды. Сөйтіп жүріп, ауырып, бұл дүниеден өтеді. Осындай жағдайды ойласам, көңіл-күйім түсіп, көзімнен жас шығады. Мұндай соғысты кім жақсы көріп, кім қалайды. Мен соғыстың ешқашан болмағанын тілеймін. Біз қазақтар бәріміз біргеміз. Бұл біздің ең басты байлығымыз. Себебі, барлығымыз тату-тәтті, достықпен, бірлікпен өмір сүріп жатырмыз. Мұның барлығы ата-бабаларымыздың арқасы деп ойлаймын.

Жетпіс жылда өтелмей парызымыз,
Туған тілдің алдында қарызымыз.
Басқа ұлттарға үнемі мазақ болмай,
Арымызға айтайық арызды біз.
Азаттықты аңсаған еркін елміз,
Дос пейілді ұлттарға жаны - көлміз.
Ұшқан құстың қанаты талатұғын
Көк аспанбыз, көсілген - алтын төрміз.
Отаным бар, ордам бар мақтанатын,
Қазақстанымды сүйемін, мақтап атын.
Бізді осындай егемен ел болсын деп,
Қазақстанда шығарған жастар атын.

—деп өзім шын жүректен өлең шығардым. Біз ата-бабаларымыздың алдында бас иіп, құрметтеуіміз, бұл адамгершіліктің белгісі. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш-бірлік. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Б.Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш,қайрат,рух береді. «Ер есімі-ел есінде» - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталарымызбен апаларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Қазағым үшін, Отаным үшін толғанам,
Жас ұланның ұланы мен болам.
Тарихын сенің өлмейтін мәңгі дастандай

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Әлемге сені танытты біл деп Нұр-ағаң.

Егер біз өз тәуелсіздігімізді алмасақ. Өзге елдің қол астында өмір сүріп, жұмыс істейміз. Сонда қазақтар біреулерге тәуелді болып, еркіндік деген не екенін білмей қалатын еді. Қазақ деген халық болмай, өз жерімізде қорлық пен мазақтан басқа ешнәрсе көрмейміз. Құдайға шүкір біз егеменді елміз.

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат
Туып-өскен елің қымбат
Кіндік кескен жерін қымбат,

-деп Қаз дауысты Қазыбек атамыз өте дұрыс айтты. Әрбір адамға туып өскен Отаны қымбат. Менің Отаным маған өте ыстық. Мен жырақта жүрсем, көруге асығамын, сағынамын. Мен өз Отанымды өте қатты жақсы көремін! Отанымды көркейтіп, өркендету үшін сабағымды жақсы оқып, көп еңбектеніп, өз үлесімді қосуға бар күшімді саламын. Мен ата-бабаның, ата-анамның, туған-туысымның, дос -жарамның үмітін ақтағым келеді. Сол үмітті ақтауға тырысамын, бүкіл күш-жігерімді салып, уәдемді орындаймын. Мұндай іске біздер, Қазақстанның азаматтары бір-бірімізге көмектесеміз деп ойлаймын.

Джавадова Карина

11 сынып, «Жалпы білім беретін № 3 орта мектебі» КММ

Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы

Жетекші: Акмолдина Мейрамкул Советкалиевна

...Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер

Ер де күшті
Көп немісті.
Отаннан қуып тым алыс.
Сенің арқаң
Сенің арқаң
Бейбіт өмір, қуаныш!

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл толады. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер мен тылдағы қажырлі еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасында, егін

даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз еңбек еткен жұмысшылар тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және жарларын төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар да тойлайды.

Бұл мерекені бұрынғы Кеңес одағына кірген он бес одақтас республика халқымен бірге, Кеңес халқы азат еткен Еуропа елдері, жер шарының басқа да тұрғындары тойлайды.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, бір мың төрт жүз он сегіз күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.

Бір күшке жиналған қазақ пен украин, орыс пен тәжік, грузин мен белорус, өзбек пен қырғыз қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды.

Сол кездегі Кеңес одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Мәскеу мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті, Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Прибалтиканы азат етті. Польша, Румыния, Венгрия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтерді. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер, батыр халық болған. Ұлы Отан соғысының парақтарына үңілсек қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетер. Оған мысал ретінде айқас алаңдарында ұмытылмас ерлік жасаған жүз қазақтың біреуі – Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы. Халқымыздың мақтанышы, біртуар ұлы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышпен дәлелдеді.

Бес жүзден аса жерлестеріміз, оның ішінде тоқсан алты қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімен құшақ жая қарсы алды, сонымен қатар эвакуацияланған зауыт пен фабрикаларға, майданға оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен күшке айналды. Жауға атылған әрбір оқтың тоғызы Қазақстан қорғасынынан құйылды. Қарсақбай, Балқаш кен орындары соғыс жылдары өндірілген қара мыстың жартысын соғысқа жіберіп отырды.

Өмірде болған, дүниежүзілік рекорд жасаған - Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, аналарсыз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе?!

Адамзат тарихындағы қаһарлы соғыстағы Жеңістің 70 жылдық мерекесін тойламақ. Ұлы Жеңіс Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы елдері үшін ғана емес, сонымен қатар әлем халықтары үшін де үлкен оқиға. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып- типыл етті. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтардың теңдесі жоқ ерлігі мен қажырлығы мен бірлігінің дәлелі. Сол бір отты жылдарда «Бәрі майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының ерлік істері, аса ерлікпен шайқасқан батырлар ешқашан ұмытылмас.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев « Біз жеңімпаздар ұрпағымен мақтанамыз. Біздер үшін олардың соғыс жылдарында көрсеткен жан қиярлық ерлігі - Отанға қызмет ету ісінде мәңгілік өнеге» деп айтып кеткеніндей, сіздердің ерліктеріңіз жүрегімізге алтын әріптермен жазылып, біз үшін үлгі болып қала береді. Біз, жігер оты бар ардагерлердің ұрпағы болғандықтан, еліміздің көркеюіне, өрлеуіне барымызды саламыз.

Дүйсенбекова Айдана

1-курс, Жезқазған индустриалдық- гуманитарлық
колледжі

Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы Жетекшісі:
Шағатаева Бейсенкүл Ұлғасбайқызы

Кешегі күннің жеңісі – бүгінгінің жемісі

Бұл Жеңіссіз тәуелсіз Қазақстан болмас еді...
Н.Ә. Назарбаев

Қан майдан, жойқын соғыс, қасіретті жылдар.... Жер-дүниені тітіреткен сонау сұрапыл жылдарды өткен күннің еншісіне қалдырып, ұлы Жеңістің салтанат құрғанына да, міне, аттай жетпіс жыл.

Жетпіс жыл... Иә, сонау сағымдай бұлдырап, сан жылдардың белесінде қалған қырық бестің тоғызыншы мамырында жауынгердің автоматынан ең соңғы оқ атылғанда, шыр етіп, жарық дүние есігін ашқан сәби қазір жетпісте.

Жетпіс жыл... Аз ба, көп пе, оны уақыт-төреші өзі таразылай жатар. Ал, біздің білгеніміз - осы жетпіс жылда нелер өзгерістер болмады дерсіз?! Жермен-жексен болып, қираған үйлердің орнына зәулім қалалар тұрғызылып,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

орны үңірейген окоптарға топырақ толды. Дамылсыз атылған зеңбіректер мен көктен түскен бомбалардан терең ойылып қалған жерге көк шығып, жарасы жазылды. Еліміз соғыс зардабын ұмытқандай болды.

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» - демей ме, дана халқымыз?! Десек те, осынау сұрапыл соғыстың жүректерге салған қанды жарасы түгелдей жазылды ма?! Жә, оны жан жарынан, бауыр еті баласынан айырылған асыл аналарымыздан сұрағанымыз жөн болар-ау?! Басқасын былай қойғанда, майданнан аман оралған жауынгердің өзі әрбір тұтам жер үшін жан алып, жан беріскен жағаласта қарлы окоптың жамбасынан өткен сызды ызғарын ұмыта қойды ма екен?! Әлде... Жо-жоқ, ақын жырлағандай:

Жазылған жоқ, Жер-ана жарасынан,
Боздақтардың сұра, сен баласынан,
Кинокадрдан іздейді әкелерін,
Бейіттердің іздейді арасынан.
Жауап таппай, дүние жасқанады,
Қалды үзіліп, айтылмай асқақ әні.
Ұлы Жеңіс парады жесірлердің,
Жүрегінің түбінен басталады.....

Зұлмат соғыс кімдерді қыршынынан қимады дерсің?! Небір боздақтар өздерінің жауқазындай жас ғұмырларын Отанын қорғау жолында пида етіп, жаңбырша жауған оқ пен оттың арасында толарсақтан саз кешті. Сонда да, олардың кеудесінде ертеңгі күнге сенім, жеңіске деген жігерді ешқандай жау жасыта алған жоқ. Оқ себелеп тұрған жау пулеметінің аузына құм құйып, кеудесімен үстінен баса құлаған Матросов пен Сұлтан Баймағанбетовты көзсіз ерлікке құлшындырған кек қандай ер еді, өжет еді?! Ал, Нұркен Әбдіров болса, өртеніп бара жатқан ұшағымен бірге жау үстіне кек боп жарылды. Үш жүз бес рет жау үстінен қалықтап ұшып, ұшағы отқа оранса да, қарсылас жақтың қаншама күші мен техникасын жойған Талғат Бигелдинов пен Хиуаз Доспанова, Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев, партизандық ерлік көрсеткен Қасым Қайсенов, Мәскеуді қорғауда асқан табандылық танытқан қаһарман қолбасшы Бауыржан Момышұлының ерен ерліктеріне қайран қалып, қалайша бас имессің?! Олар өмір мен өлімнің белдескен сын сағаттарында жігерлері мұқалмай, қандыкөз дұшпан қоршауында талай мәрте қалғанда да, табан астында тапқыр шешім, батыл байлам таба білді.

Бүкіл болмыс-бітімімен халықтың қаһармандығын, парасаты мен жан сұлулығын тұтастырып, азаматтық асыл мұратын асқақ биікке көтеріп, өздері дәйім даңқ тұғырында тұрып қалатын тұлғалар қаншама?! Атын айтар болсақ, Смағұлов Қ., Нұрмағанбетов С., Үсенов А., Молдағұлова Ә., Мәметова М., Мамыраев М., Ғабдуллин М., Ишанов Е., Аухадиев Қ., Әшіров С., Бекбосынов С., Жұмалиев Қ., Жаксығұлов С., Есболатов Н., Байысов М. ... әрі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қарай тізбектеліп кете береді. Қай-қайсысының ерлігін жырласаң да, бір-бір поэмаға арқау болғандай-ақ....

Иә, ол кездегі ерлікті жыр ғып айтып, әсте де, тауыса алмассың. Ол шақтарда тыл мен майданның тірлігі тұтасып, бір ерліктен бір ерлік асып түсіп жатты. Қан майданға аттанған ер-азамат қолынан қойшы таяғын алып қалған әйел, бала соғыс аяқталғанша, бел шешпей, небір ауыр жұмыстарды атқарды. Ел басына күн туған сондай кезеңдерде жалғыз баласынан келген қаралы қағазды келінінен жасырып, қайғы-қасіретін қойнына тығып жүріп, қой баққан, егін еккен, масақ терген аналарымызды, әкелерімізді нағыз ер демей көрші?! Жандары қанша күйзелсе де, осынау ардақ тұтар асылдарымыз қыңқ етіп, қабақ шытты ма?! Бүгінгі күні ардагерлерді еске алғанда, небір қиындыққа қасқая қарсы тұрған тыл еңбеккерлерінің әрқайсысына мәрмәрдан ескеркіш қаласақ та, әрине, артық болмас еді. Бұл орайда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Алыста қалған сол бір сұрапыл жылдарды көңіл дүрбісімен шолып қарап, қатары сиреп бара жатқан қадірлі қарияларымызға жасалар қамқорлықты әлі де күшейте беруге ден қоямын. Оларға көрсетілер құрмет пен тағзым ешқашан толастамақ емес», - деген болатын Жеңіс мерекесінде.

Сен құрметте оны,
Түсіндің бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп, аяғын.
Кеше елге қатер төнгенде,
Ол жауға қарсы шапты,
Сенің келешегің үшін берді ол,
Азаттық жолында аяғын!

Бала күнімізден етене таныс осынау жыр жолдарын тебіреніссіз оқу мүмкін бе?! Кейде көшеде көктемнің көгілдір келбетіне көңілің шат-шадыман тасып келе жатқанда, кенет... сен екі аяғын жуан саннан оқ жұлып кеткен соғыс мүгедегін көргенде, жүрегіңе біреу біз сұғып алғандай дір етпейсің бе? Сол кезде жаңағы шаттық күйінді біреу жойып жібергендей әсерде қалмайсың ба?

Иә, әлгіндегі бойынды баураған бұла сезім аяқ астынан ғайып болып, сол бір қаһарлы күндер елесі кинодан көргендей еріксіз көз алдыңа келеді.

Үстін-үстін қарша бораған оқтар, шыбын жанын шүберекке түйген жауынгерлер атойлап жауға қарсы ұмтылғанда, кенет снаряд жарылды. Қара жердің топырағы аспанға дейін аударылып түсті. Дүние астаң-кестең. Екі аяғын санынан оқ жұлған солдат майдан даласында қансырап қала берді. Сол жауынгер.... эне, анау, бейбіт өмірде көше бойымен мықшыңдап кетіп барады.

Біз, жас буын, бейбітшіліктің барша мән-мағынасын терең түсіне отырып, Жеңісті жақындатуға үлес қосқан аға ұрпақ алдында әрдайым тағзым

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

етуге міндеттіміз. Бейбітшілік бесігінде тербелген тәуелсіз Қазақстанның ұл-қыздары, мына біздер, соғысты көрмей өскен бақытты ұрпақпыз! Мен бұған мың мәрте шүкіршілік етемін. Тыныштық орнаған тату-тәтті, бірліктері жарасқан өз елімізде өмір сүруден асқан бақыт бар ма, сірә?! Жастары келіп, қатары селдіреп қалса да, қарттыққа қайыспай, омырауындағы орден-медальдары өмірдің өрінен жарқырап, өздері көңілдің төрінен әспеттеліп жүрген даңқты әкелеріміздің ерліктеріне тәнті болып, сүйсінемін.

Ұлы Отан соғысындағы аға ұрпақ ерлігі – бүгінгі жастар үшін өнеге. Жылдар жылжып өтсе де, Жеңістің жаңғырығы халқымыздың санасынан өшпек емес. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмасы анық.

Бейбіт күн – бүгінгі белесім,
Жеңіспен өлшенер тел есім.
Құрметпен халқыңның жадында,
Сақтаулы мәңгіге келесің.

Ерлік – ұрпаққа ұран, елге мұра. Ендеше, сол ата-баба ерлігіне сай биіктен көріну – біздің перзенттік парызымыз деп білемін.

Ерланқызы Жанерке

2«а» сыныбы, «Ә. Бөкейхан атындағы
№ 76 ЖББОМ» КММ, Қарағанды қаласы,
Жетекшісі: Жуманбаева Алмаш Абдикадировна

1941-1945 жылдардағы Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі ретінде тарихқа мәңгі енді. Бұл соғыста Қазақстандағы әр отбасынан жүздеген мың адам қолына қару алып, ұрыстарға қатынасты.

Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазыла бастады. Мысалы, Алматы медицина институтының студенті Маншүк Мәметова: «Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін», — деп әскери комитетке өтініш берді. Қазақстаннан соғыс майдандарында 100-ге жуық ақындар мен жазушылар шайқасқан. Республика бойынша 2 миллионнан астам адам әскери даярлықтан өтті.

Соғыстың сипаты — Германия тарапынан бұл соғыс агрессиялық, жаулап алушы, әділетсіз соғыс болды, ал Кеңес Одағы тарапынан әділетті өз жерін қорғаған, азаттық Отан соғысы болды.

Соғыс жүріп жатқан жерлерден және майданға жақын аймақтардан 220 завод пен фабриканы, кәсіпорындары Қазақстанға көшіру жүргізілді.

Өнеркәсіптерді Қазақстанға көшіру екі рет жүргізілді:

1. 1941 жылдың аяғы мен 1942 жылдың басы;

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

2.1942 жылдың күзінде өнеркәсіп орындары, кәсіпорындар, негізінен, Мәскеу, Ленинград облыстарынан, Украина, Белорусь жерлерінен әкелінді.

Әрине, Қазақстанға әкелінген кәсіпорындар өте қиын жағдайда жұмыс істеді. Өнеркәсіп орындарымен бірге Қазақстанға майдан өңірінен көптеген мамандар да көшірілді. Мысалы, тек қана Домбасстан 3200-ге жуық шахтер, 2000-дай құрылысшы келді. Майдан өңірлерінен келген инженер-техниктер саны 700-дай болды.

Қазақстан КСРО-ның негізгі әскери-өнеркәсіп базасына айналды. 1942 жылы Одақта өндірілген қорғасынның 85%-ын, көмірден 18%-ын, молибденнің 60%-ын, октанды мұнайдың 1 млн тоннаға жуығын берді.

1942 жылы 24 тамызда Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің «Қарағанды көмір алабында көмір өндіруді арттыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» қаулысы шықты. Облыстың және ауданның еңбеккерлері Қарағанды шахталарын қамқорлыққа алу жөнінде патриоттық қозғалыс бастады. Шахтерлерді азық-түлікпен қамтамасыз ету, шахталарда тұрақты жұмыс істеу үшін адамдар жіберу, Қарағанды облысындағы 30 желісі 3 есе, оқушылар саны 5 есе көбейді. 1943 жылы забойлар желісі көбейіп, жер астында екінші Қарағанды пайда болды. Мұнайлы аудандарға көмек көрсетілді. Атырау мұнай өңдеу заводын, Каспий -Орск мұнай құбырын салу үшін қуатты құрылыс ұжымы ұйымдастырылды. Соғыс жылдыры салынған құрылыстар:

Мақат – Қосшағыл темір жолы, Петровский машина жасау заводының екінші кезегі, Пешной аралы – Шарин құбыр жолы, Атырауда теңіз порты мен мұнай өңдеу заводы, «Комсомол» кәсіпшілігі т. б.

1942 жылы егіс көлемі 1941 жылмен салыстырғанда 842 мың гектарға көбейді. 1943 жылы 775 мың га жаңа жер алқаптары егістікке арналды.

Сөйтіп, республика экономикасын соғыс жағдайына көшіру жүзеге асырылды. Соғыстың алғашқы күндерінен Қазақстан майдан арсеналына айналып, майдан мен тылды қару-жарақпен, оқ-дәрімен, азық-түлікпен қамтамасыз етуші аймақ болды.

Соғыс жылдарында тылда еңбек еткен жұмысшылар ерлігі аңызға айналды. Георгий Хайдин мыңдықшылар қозғалысының жетекшілері А. Семиволос мен И. Янкиннің әдісін қолданған республикадағы үздік бұрғылаушы болды. Соғыс жылдарында Ы. Жақаев, Ш. Берсиев, Б. Самжүрекова, Ким Ман Сам, В. П. Кривич, И. Я. Кудлай есімдері бүкіл елге әйгілі болды.

Қазақстандық жауынгерлер Украинаны, Белоруссияны, Балтық бойын, Молдовияны азат етуге қатысты. Мыңдаған қазақ жігіттері Кеңес әскерінің құрамында Шығыс Европа халықтарын Гитлердің тепкісінен азат етуіне ат салысты.

Кеңес Одағының батыры, Қазақстан республикасының қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов те Берлин үшін ұрыстарға өз жауынгерлерін бастап кірді. Берлинге шабуыл жасауға жерлестеріміз Есжанов, И.Я.Сянов,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Х.Қайдаусов, З. Тұрарбеков, Х. Көбеков, Т. Бигелдинов, А.Еремеев, Н.Шелихов және т.б. көптеген адамдар қатысты. Жас офицер Р.Қошқарбаев өзінің досы Г.Булатовпен бірге рейстаг терезелерінің біріне алғашқыларының бірі болып алқызыл Жеңіс туын желбіретті, ал Орал өңірінің жас офицерлері Қ.Меденов пен Р.Қараманов Берлин ратушасының төбесіне тікті.

-1945 жылы 2 мамырда Берлин қаласы алынды.

-1945 жылғы 8 мамыр-фашистік Германияның тізе бүккендігі туралы шартқа қол қойылды.

-1945 жылғы 9 мамыр-Қызыл Армия жеңіске жетіп, Ұлы Отан соғыс аяқталды.

1945 жылғы 9 тамыз — одақтастық міндеттемелерге сәйкес КСРО соғыстың соңғы ошағы Жапонияға қарсы соғыс басталды. Қиыр шығыста Жапонияға қарсы соғысқа аттанған әскери бөлімдер арасында қазақстандық құрамалары да болды. Тынық мұхит флоты әскери-әуе күштерінің 12-шабылдаушы авиация дивизиясының звено командирі, көкшетаулық Михаил Янко 1945 жылғы тамыздың 10-ында Гастэллоның ерлігін қайталады.

Қызыл Армияның Қиыр Шығыстағы соғысы 24 күнге созылды.

1945 жылғы 2 қыркүйекте Жапония жеңілгендігі туралы шартқа қол қойды. Сөйтіп, екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды.

Жалпы екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіс Кеңес Одағына қымбатқа түсті. Елдің 27 млн астам адамдары соғыста қаза болды. Оның 603 мыңы (400 мың) қазақстандықтар.

Міне, осылай Кеңес халқы мен оның Қарулы күштері бұдан 69 жылдан астам бұрын адам баласының қас жауы фашизмді осылай талқандады. КСРО-ның Ұлы Отан соғысында өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, Европа халықтарын фашизмнің қанды шеңгелінен құтқарып, жеңімпаз халық атанды.

Өткен азапты жолдың ауыр сабақтарын халық ешқашан да ұмытпайды. Оның ауыр сабақтары біздің санамызға ұялап, қазіргі ұрпақтарды ерлікке, қырағылыққа баулып, жарқын болашағымызды қорғауға әрдайым дайын тұруға шақырады. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы тұсындағы талай ақын-жыршылар шығармашылығына арқау болды. Мұның ішінде ел мен жерде жүріп, жеңіске тілектес болған қаламгерлер де, аласапыран майданда қан кешіп жүріп Отанын, халқын жырлаған ақындар айтарлықтай болды. Мен енді эссемді қорытындылай келе, Сырбай Мәуленовтің «Соғыстан қайтқан солдаттар» атты өлең жолдарымен тәмамдағым келеді:

Жаутандап карап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,

Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдiң бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Есімханов Нұржігіт

3 «ә» сынып, №76 ЖББОМ, Қарағанды қаласы
Жетекшісі: Омарова Асылтас Мағжановна

Ел мен ердiң жемісі

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды» дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастайды батыр атамyz. Отан, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүйуші адаммын» дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де ұлтын сүйгендігінен шығар.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына биыл 70 жыл толады. Бұл адамзат тарихындағы ең ауыр соғыс болғаны белгілі. Аумағы жағынан бұл қырғын дүниежүзілік сипатқа ие болды. Құрбандардың саны жағынан да жоғары тұр. Тек бір ғана Кеңес одағының өзінен 20 миллионнан астам адам қаза болды. Сондықтан бұл соғысты ұмыту мүмкін емес. Оған қатысқан жауынгерлерді, тылда жанқиярлықпен еңбек еткен еңбекшілерді ардақтау әрбір ұрпақ үшін абыройлы міндет болып табылады.

Соғыс жаңғырығы жылдан-жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихындағы Ұлы Отан соғысы болды. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын алғандар да бар. Кезінде аты аталмай қалса да қазір санамызға қайта оралып, жатқан тұлғалар аз емес.

Бейбіт өмір бесігінде тербелген бақытты ұрпақпыз. Егеменбіз. Елміз. Еңсеміз тік, тереземіз тең. Ынтымағымыздың жарасуы – ырысымыздың молаюы. «Ел – ырыстың орманы, ер – ырыстың қорғаны». Елбасына күн туған шақта ел ырысын қорғай алмау – ергесын. Іргеміз бекіген ел болған тұста мына біз үшін, келешек ұрпақ үшін қанмайданда етігімен су кешкен, кеудесін жауға тосқан Отан қорғаушылар еңбегі – орасан. Бүгінгі бейбіт күн – кешегі талай «тар жол, тайғақ кешкен» күндердің жемісі.

Екінші дүниежүзілік соғыс – халық басына қара бұлт үйіріп, қан жылатқан, қасіреті қалың нәубет. Миллиондардың өмірін жалмағаны – жан ауыртар ауыр ақиқат. Сол сұрапыл соғыста ел үшін, Отан үшін деген ұранмен жан алысып, жан беріскен, өліммен бетпе-бет келіп, қатерге бас тіккен талай қазақ баласының өлшеусіз ерліктерін танды-таңға ұрып тоқтаусыз жырласа да аз болары анық.

Осы жылдар туралы қаншама естелік, роман – дастандар жазылып, қаншама кино түсірілсе де адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген бұл жойқын шайқастың тарихы түгел жазылып нүктесі қойылған жоқ. Ол мүмкін де емес. Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама?! Оны ашып анықтау белгісіз болып жатқан тағдырларды тауып, елге танытып, лайықты атаққа ие болғызу, оларға қамқорлық жасау – кейінгі ұрпақтың қасиетті парызы.

Қазір біздер өз алдына тәуелсіз мемлекетпіз. Осы тәуелсіздікке жетіп отырғанымыз – ел үшін күресте ерлікпен қаза тапқан ағалар мен батыл апаларымыздың арқасы. Олар бұл соғыста: «Өз Отанымызды жау шеңгеліне бермейміз!» – деп алға ұмтылды. Соның ішінде «жаным – арымның садағасы» және «халқым үшін қасықтай қаным пида» деп ұрандаған қазақ батырларының бірі – Бауыржан Момышұлы. Ол қазақ халқының тарихында ержүрек, батыр, патриот ретінде баршаға мәлім.

Еліміздің намысы мен батылдығын паш еткен ұлы Жеңіске 70 жыл! Біз үшін бұл күн тарих бетінде алтын әріптермен жазылған, қазақ батырларының ерлігін еске алатын ерекше күн!

Сөз соңында айтарым, қазақтың ұл-қыздарының ерлігіне әлем тәнті. Аспанда өртенген әскери ұшағын әдейі жаудың топтасқан қару қоймасына құлатып, ерлікпен қаза тапқан Нұркен Әбдіров пен жаудың жалын атқан от-ұясын өз денесімен жауып, жауынгерлерге жол ашып, қаһармандық көрсеткен Сұлтан Баймағанбетовтің ерліктері жүректі елжіретеді. Қазақтың қос батыр қызы Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың, қарумен де, қаламмен де жауға қарсы күрескен Бауыржан Момышұлының ерліктері бізге өнеге. Қазақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

даласы үшін бабаларымыздың қаны, аналарымыздың көз жасы аз төгілген жоқ. Елін сүйген ерлердің ерлігі халық жадынан ешқашан өшпейді. Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең соңғысы Ұлы Отан соғысы болды. Соғысқа қатысқан аталарымыз – ұрпақтарының, яғни, біздің бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Уақыт өткен сайын Жеңістің маңызы артып келеді. Аталардың ерліктері – бүгінгі ұрпаққа өнеге.

Жақанова Ғалия

2 сыныбы, «Ә. Бөкейхан атындағы

№ 76 ЖББОМ» КММ, Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Жуманбаева Алмаш Абдикадировна

Алғысым шексіз бейбітшілік үшін!!!

1941 – 1945 жылдар мәңгілік тарихта қалатын, әрбір отбасының, әрбір ер азаматтың, әрбір әйел – ананың, әрбір шырылдаған сәбидің есінде сақталып, жадында жатталып, өзінің ауыр ізін қалдырды. 1939 жылғы Совет Одағымен шабуыл жасаспау туралы келісімді бұзып, фашистік Германия 1941 жылы маусымда соғыс жарияламастан КСРО аумағына басып кірді. Адамзат тарихы өзінің ауқымы мен ауыртпашылығы, барша жан дүниені жайрататын өмірлік естелік болып қалатын, Отан үшін, келер ұрпақтың келешегі үшін ерлікпен қаза тапқандардың саны жөнінен, қару-жарақпен жабдықталуы, әлемдегі алған орынымен 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысына тең келетін соғысты білген емес. Соғыстың қара түнегі әлемді шарпып, өзінің суық күндерінің ызғарымен барлық адамзат баласының өміріне түбегейлі өзгерістер енгізді. Міне, осылайша талай ер азаматтарды артындағы бала-шағасына, жарларына мойын бұрғызбастан сұрапыл соғыс өз қойнауына сіңіріп алып кете барды. Тіпті, ер азаматтармен қатар Отан үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, ана болу міндет деп білетін, әйел азаматтарымыз да өздерінің аналық міндеттерін ауыстырып, ер азаматтармен қатар қолдарына қару алып, Отан алдындағы борыштарын өтеу үшін қанды соғыс арасына аттанып кетті. Осыған мысал, қазағымның мәңгілік мақтан тұтар тұлғалары, еліміздің батыр қыздары пулеметші Мәншүк Маметова мен 54-атқыштар бригадасының мергені Әлия Молдағұлова Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Ленин орденімен және Алтын жұлдыз медалімен марапатталды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтар барлық майданда шайқасты. Олар Отан үшін фашистерге қарсы бағытталған ұрысқа аянбай кірісіп, жұмылып жұдырық болып халқымызға тән бірлік пен ынтымақты соғыс кезінде де көрсете білді. Даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында мыңдаған қазақстандықтар болды. Қазақстандық

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жауынгерлер Балтық бойын, Белоруссияны, Украинаны, Молдовияны азат етуге қатысты. Мыңдаған қазақ жігіттері қайтпас қайсар мінездерімен, қарсы келген ажалдан қорықпастан Кеңес әскерінің құрамында Шығыс Европа халықтарын Гитлердің тепкісінен азат етуге белсенді түрде ат салысты.

Соғыстың сұрапыл отына қарсы барлық Қазақстандық бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, Отан үшін от кешіп бейбітшілік туын көкке көтеруге ат салысты. Осы қазақстандық бауырластарымыздың арасында Қарағандылықтар да өз үлестерін қосты. Қарағанды облысы майданға 45 мыңға жуық адам жіберді, 17 мыңнан астам адам соғыстан оралмады. Соғыстан оралмаған сол жауынгерлер кім? Иә, олардың көпшілігі еліміздің атақты, әлемге әйгілі не ғалым, не іскер, не инженер, немесе өзінің өмірлік жолында кең байтақ қазағымның мақтанышы болар боздақтар еді ғой, олардың әрқайсысы өздерінің отбасылық қуаныштарын да көре алмай, аяулы жар құшпай, бесіктегі сәбилерінің маңдайынан иіскемей соғысқа аттанып кете барды. Оларға тағдыр осы қуаныштардың бірін де сыйламады, керісінше олар өлім мен өмір арасында арпалысты.

Осындай өмір мен өлімнің арасындағы арпалыстан аман-есен оралып, еліне, жеріне одан әрі еңбегін сіңірген азаматтарымыз да бар. Осындай азаматтардың қатарында менің сүйікті қалам Қарағандының тұрғыны Ақыбаев Мағзұм Әліпбекұлы да бар. Мен өзімнің Ұлы Отан Соғысы ардагерлеріне деген құрмет-ықыласымды білдіру мақсатында осы бір қариямен сұхбаттасуды жөн көрдім. Соғыстың сұрапыл күндерінен аман-есен оралып елі мен жерін қорғаған атамен сұхбаттасып, біздің бейбіт, тыныш өміріміздің себепкері болған атамен әңгімелесіп өзімнің балалық пәк алғысымды білдірген мен үшін бір ерлікпен пара-пар болды.

Ақыбаев Мағзұм Әліпбекұлы 1925 жылы 25 қаңтарда дүниеге келген. Тоқсанға келіп қалған қарт ата бізге есікті өзі ашып, төрлетіндер балалар деп, төрінен орын ұсынды. Соғыстың қиын күндерін көрген қарт атаның осындай ширақтығына мен таң қалып, ішімнен ата әлі ұзақ жасаңыз дей бердім. Мағзұм ата бізді құтты бір немерелері келгендей қуана қарсы алып, 68 жыл бірге отасқан бәйбішесі екеуі асты-үстімізге түсіп бәйек болды. Біз ұстазым екеуіміз Мағзұм атаның соғысқа қалай аттанғанын, қай жерлерде соғысқанын, ондағы қиын күндері туралы айтқан әңгімесін ерекше бір ынта зейінмен тыңдадық. Ол кісі 1943 жылдың қаңтар айында Қиыр Шығысқа жіберіліп, әскер қатарына қабылданған және сол жақта соғысқа дайындықтан өтеді. 1945 жылдың сегізінші қыркүйегінде соғысқа аттанған екен. Сол жылы ардагер ата 6 гвардиялық танк армиясының құрамында екі рет Советтер Одағының батыры атағын алған генерал-майор Кравченконың басшылығымен Хинган тауынан асып Жапония елінің жерін жайратуға қатысып, екінші дәрежелі Отан соғысының орденімен марапатталады. Ардагер атаның Отан үшін от кешіп, өз өмірі үшін де қорықпастан, келер ұрпақтың бейбіт болашағы, жарқын күндері үшін майданға тайсалмастан аттанған қайсарлығы менің де Отан сүйгіштік

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сезімімді оятты.

Осындай ерен еңбегі үшін атамыз бірнеше орден, медальдермен марапатталыпты. Атаның айтуынша солардың ішіндегі ең ыстығы Георгий Жуков медалі екен. Кейіннен ардагер ата Еңбек Ері орденімін, әскери күштердің құрылғанына 70 жыл толуына байланысты, Ұлы Отан Соғысының мерейтойлық (20, 30, 40, 50, 60, 65 жыл) медальдерімен, Астананың 10 жылдық мерейтойына байланысты медальмен марапатталған екен. Соғыстың сұрапыл суық күндері атаның жадында мәңгілік жатталып қалғандығы, оның әңгімесін бастаған кезіндегі сұсты жүзінен байқалғандай болды. Бірақ бізге бейбітшілік сыйлаған атамыз сөз соңында өзінің нағыз Отан сүйгіш азамат екенінің дәлелі ретінде қазағымның саны көп болғандығын қалаймын деген тілек білдіріп, өзінің құдай қосқан жары он бір құрсақ көтергенін мақтанышпен айтып кетті. Сонымен қатар, Мағзұм ата қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын мықтап ұстанған адам екендігін де көрсетті, ол жас нәрестелерді бесікте тәрбиелеген жөн. Сонда ол сәби тазалыққа, жақсылыққа, құштар болады, бала тәрбиесі тал бесіктен басталады деп бекерге айтылмаған деп ойын қорытындылады және менің осы тілегімді сендер өз орталарыңда айта жүріңдер деген өтінішін білдірді. Әңгімесін аяқтаған атаға мен де өзімнің пәк жүрегімнен шыққан ақ ниет алғысымды білдіріп, бүгінгі бейбітшілік пен тыныштық үшін, өзімнің алаңсыз өмірім үшін алғысым шексіз екендігін айттым. Және де Ұлы Отан Соғысының жеңіспен аяқталғандығына 70 жыл толатын мерейтойымен қатар, сіздің де 90 жылдық мерейтойыңызды атап өтейік, сіздің жасыңызды бізге, немерелеріңізге берсін, денсаулығыңыз мықты болсын деп ақ тілегімді білдірдім. Сонау алыс күндердегі соғыстың өртінен аман оралған Мағзұм атаның ерлігі мен қайсарлығына сүйсініп, үлкен бір жан тебіренерлік әсерлер алып, балалық пәк жүрегімнен ардагер атаға алғысым шексіз бейбітшілік үшін деп қош айтыстым.

Жанатаева Жансая

9-сынып, Жалпы білім беретін №77 мектеп-балабақша
кешені Қарағанды қаласы
Жетекші: Тулешева Райхан Каиповна

Менің мақтанышым - атам

Ешкім де ұмытылмайды,
ешнәрсе де ұмытылмақ емес

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Соғыс қазақ елі үшін өте ауыр болды. 18 жасқа толған жас жігіттерді қатыгез, қан майдан соғысқа алып кете барды. Ел басына қауіп төнген кезде өрімдей жас азаматтар қолына қару алып, жауға қарсы аттанды.

Соғыс – барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Қазақ жерінен шыққан жүректі ерлер де, «тізерлеп өмір сүргеннен гөрі, тік тұрып өлген артық» деген батыр әже-аталарымыз да аз болмады.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және тағы басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

«Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» демекші, мен өз атам жайында сыр шертпекпін. Осы шығарманы даярлау барысында мен атамды жаңа қырынан таныдым. Атам Жақсыбекұлы Жанатай - соғыс ардагері. Ол кісі 1925 жылы дүниеге келген, 18 жасында сұрапыл соғысқа аттанды. Осылай қысқа да, жарқын ғұмырға соғыс килігеді...

23 қаңтар 1943 жыл қан майданның қызған шағы. Жанатай атам 582 ротаның курсанты болып соғысқа дайындалды. Сол уақыттағы қазақ жігіттерінің фашистерге атқан азулы оқтары нысанаға дәл тиді. Фашистер қазақ жігіттерінің соңына түсті, алайда жігіттер оларды бір-бірлеп құртты. Ал 1943 жылы 20 қазанда атам 43-інші полктің 8-бригадасында снайперлер ротасында қызмет атқарса, 22 ақпан 1944 жылы Ленинград фронтында 29-шы танк бригадасында танк десантшылар ротасының кіші сержанты, рота командирі атағына тағайындалған екен. 15 тамыз 1944 жылы Корель фронтында 2 құраманың бөлімін басқарды, 27 тамыз 1944 жылы Беларус фронтында командир атағына тағайындалыпты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

9 мамырда Қызыл Армия жеңіске жетіп, Ұлы Отан соғысы аяқталды. Атамның әскери өмірбаянында басқа да даңқты беттері аз емес. Осыншалық тамаша жауынгерлік еңбектері ескеріліп, “Қызыл жұлдыз”, “ІІІ дәрежелі Даңқ ордені”, “Кеңес Одағының қорғаныс медалі”, “Германияны жеңгені үшін”, “Берлинді басып алғаны үшін” медальдарымен марапатталған.

Атам соғыс аяқталған соң қайтыс болды. Бірақ атамның осындай ерен еңбектері мен ерлігін мен әкемнен естіп білдім. Мен атамды көрмесем де, оның Отан қорғаудағы ерліктері үшін мақтанамын!

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні.

Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректерімен, қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі, өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні Ұлы мейрам – жаудың жеңіліп, соғысты жеңіспен аяқтаған күні.

Бүгінде Жеңіс күні мерекесі - адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық әкелген Ұлы күн!

Жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра біліп, қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көк аспанда ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді сыйлаған ардагерлерімізге рахмет айтамыз. Олар әкелген тыныш өмірдің тұнығын лайламауға біз сөз береміз. Әрине, бұл – бүгінгі ұрпақтың сөзі.

9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз - бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз өте аз қалды. Оларға лайықты құрмет көрсетілуі керек.

Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Ешқашанда жауынгер ерлігімен, жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды.

Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Елімізді қорғаған жаужүрек батырлардың,
Бүгінде көбісі жоқ арамызда.
Қастерлейді ұрпағың қаһарманын,
Жүр есінде сан жорық, сапарларың.
Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер,
Ұмытпайды ешқашан ұрпақтарың.

Женисова Самал

6 сынып, Әлихан Бөкейхан атындағы №76
ЖББОМ Қарағанды қаласы

Жетекші: Мустафина Ботакоз Сейілханқызы

Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес

Қараңғында көрген жоқ оны ешкім де,
Келе жатты ұрланып соғыс түнде.
Келе жатты ол қап-қара, бүйі болып,
Жолбарыс боп жалаңдап жол үстінде.
Сырбай Мәуленов

Соғыс! Сен қандай суық едің! Қасіреттің қара қайығына мініп, қайғыны желкен етіп, қара жерді қапсырып төніп келдің! Мен сендік салқындықты бір ғана атауыңнан сезінем. Талай армандарды сөндірген, қырандарды сенделткен, жайсаң даланы селдеткен сендегінің барлығы сұмдық еді. Талай-талай текті ұлдарының өмірін өзің иемденіп алып, қанды майданға тастап жібердің.

Осыдан 70 жыл бұрын, 21 маусым күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарына Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық – шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылады. Олардың қатарына 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

«Отан үшін отқа түс, күймейсің!» ұранын ту ғып ұстап, қан майданға аттанған аталарымыздың сондағы ерлігін айтсаңшы.

-Үстінде сұр шинелдім,
Ақсаңдай басып келемін,
Ұмытса да достарым,
Ұмытар ма мені достарым, -

деп Қасым Аманжолов жырлағандай, елі үшін қасық қаны қалғанша арпалысқан ер мінезді ұлдарының ерлігін ұмытпақ емес, ұмытпайды да.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

- Ежелден ел тілегі – ер тілегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тілегі,

-деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, қашан да халық адал ұлдың елге тірек болуын аңсаған. Халыққа тіреу болған да сол ерлер еді.

Сол кездің қиындығын Қадыр Мырза Әли былай деп жырлайды:

-«Қырық екінші жылды басқа жазбасын,
Ұмытты ғой ерлер онда өз басын...
Москваға жетпей жолдан тоқтасын,
Астанада киіп қайтсын нөқтасын»,-
Деп әкеміз елді жаудан қорғаса,
Біз қорғадық опасыздан отбасын».

Ер басына күн туып, етегімен су кешкен қиыншылық жылдарды, мұң-шерге толы жырларды тамаша суреттеген ақын өлеңін оқи отыра, сол кезге бір көз жүгіртесің. Сезінесің, түсінесің, шошисың да жиренесің. Сол кезде ерлік көрсеткен жауынгерлерге бас иіп, әрдайым есімдерін сан қайталап отырасың.

- Үйдің жылысын қыс келгенде білерсің,
Кімнің батыр екенін жау келгенде білерсің, -

деп Балпық би айтқандай, жау келгенде тойтарыс бере білген батырлар сан мыңдаған еді.

Қолына қару алып, «фашизмнің тамырын құртамыз» деп ерлік көрсеткен Қасым Қайсенов, Бауыржан Момышұлы есімдері тарихқа алтын әріппен жазылды. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова сынды апаларымыз қара бұлт төнген кезде нағыз өр мінез танытты. Сызға ұйықтап, мұзды жастанған қанша өмір қиылды. «Ертеңгі ұрпақ келешегінің арманы ақ болсын, жүзінде күлкі жайнасын, аспаны шуаққа толсын» деп кеткен жандар еді. Майданда жауынгерлер қолына қару алса, Жамбыл Жабаев өз жырларын қару ғып жұмсады. Еңіреп кеткен ерлерді жігерлендіріп, рух беріп отырған Жамбыл өлеңдері талай жауынгерлердің қалтасынан табылып жатты.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегилдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және тағы басқалары. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейіріммен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль – ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры атанды. Күні-түні жарылған бомба, атылған оқ Жер – Ана төсінде ойран салды. Ақын Сырбай Мәуленовтың өлеңі еріксіз ойға оралады:

- Қоштас, -деді ол,- туған ел, жеріңмен,
Тастарды да күйдірді темірменен.
Миллиондаған жандардың атын жойып,
Құлақкесті құл етті нөмірленген.

Иә, бұл нағыз соғыс еді. Есте мәңгілік сақталатын соғыс тамұқ отымен бірдей болды. Дегенмен жеңістің ауылы алыс емес еді. Кеудеде от боп жанған ар-намыс жауынгерлерді алға жетеледі, болашақ жеңіске сендірді. Жан қиып кеткен жандар ертеңгі өмірдің жарқындығын тіледі.

Жеңіс! Көптен күткен ақ арман бір сенің ғана өне бойыңа сыйып тұрғандай. Көңіл тебіренді, сәби күлді, ана жадырады, аспан қара түнектен ашылды.

Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе? Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын.

Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, жеңіс үшін жанын берген аталарымызды, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонысымен Жеңіс күндерді жақындатқан апаларымыз бен әжелерімізді мақтан етеміз. Осы орайда ел намысы мен Отан абыройы жолында от кешіп, кеудесін оққа тосқан қандастарымыз бен жерлестеріміздің есімін жаңғыртып, жас буын санасына сіңіре түсу – біздің басты борышымыз. Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген сүйіспеншілігінің, жастарды патриоттық сезім мен ерлікке тәрбиелейтін өлшеусіз өнегесі деп білеміз. Өкінішке қарай, жыл сайын ардагерлердің қатары азайып бара жатқандығы көңілге қаяу түсіреді. Бірақ көзден кетсе де, олардың ерлігі көңілден кетпесі анық. Олар тек жеңіс әкеліп қана қойған жоқ, сонымен қатар ел еңсесін көтеруде аянбай еңбек етті.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парымыз – бұл күнді есте сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Олар кемде-кем қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек.

Қайпас тұлғаларды ұлықтап отыру – тек халықтың ғана емес, мемлекеттің борышы. Еліміз олардың еңбегін бағалап, көше аттарын берді, ауыл-ауылға соғыс құрбандарының ескерткішін орнатты.

«Бұл өмірде әр ісінің жаңғырығы болады» деген Мұхтар Шаханов сөзін сараласақ, бүгінгі ашық аспанның кешегі жаңғырығы – отты жылдар еді. Біздің міндетіміз – солар сыйлаған ел тыныштығын сақтау.

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды.

Жаркен Алдияр

9-сынып, Жалпы білім беретін №77 мектеп-балабақша кешені

Қарағанды қаласы

Жетекші: Жаманкулова Айгерым Жанжумановна

Ерлік тағылымы

Отанға салынған жараны біздің әрқайсымыз
өз жүрегіміздің түкпірінде сезінеміз

Виктор Гьюго

Ұлы Отан соғысы елдің елдігін, ердің ерлігін сынға түсірді. Сол ерлікті кейінгі ұрпақ біздер ұмытпаймыз! Қазіргі біздің сәулетті өміріміз үшін жас жанын қиып, кеудесін оққа төсеген батырлар қаншама!

Отан-ана еліміздің ер азаматтарының қолына қару, бойына қуат беріп, жауға қарсы шығарып салды. Бұл соғыс 1418 күнге созылған қанды қырғын еді. Оған бір миллион екі жүз мың адам шақырылды.

И.Г.Эренбургтің сөзімен айтсақ, «Соғыс халықтар үшін – бұл бір көз жасымен төгілген қан, бұл жесірлер мен қаңғып қалған балалар, бұл талқан болған ұя, ерте солған жастық шақ пен құса болған кәрілік».

Биыл халқымыз жеңістің 70 жылдығын атап өтпекші. Мамыр айы өзінің салтанаттылығымен ерекше, себебі бұл айда халқымыз сағына күткен жеңіс болды. Туы көкте желбіреді. Әр жыл сайын мамырда ардагер өздерінің барлық орден, медальдарын тағып, қарулас достарын еске алып, ескерткіштерге барып тағзым етеді. Олай болса, мен де оқығандарымды, естігендерімді ортаға салып ой толғайын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

«Мен ешқандай батыр емеспін. Менен он есе, жүз есе батыр боздақтар, небір бозым жігіттер құрбан болды. Шейіт кетті. «Ер намысы - ел намысы» дегендей жігіттердің көбі атасының күшін, анасының сүтін ақтап, елін өрге сүйреді. Халқымның, елімнің намысына дақ түсірмеймін деп шайқасты. Ар мен намыс бізді алға бастады. Адамгершілік пен адалдық темірқазығымыз болды» деп, Бауыржан Момышұлы атамыздың айтқанын оқыған соң, мен соғыстың майдандағы жігіттер үшін қаншалықты сын болғанын сезіндім.

«Соғыс - халықтың қасіреті, халықтың трагедиясы» деген сөздерді тарих пәнінен жиі естиміз, біз оның халық үшін қаншалықты қиын болғанын түсінеміз.

«Менің балалық шағым соғыстың ауыр кезімен тұспа-тұс келді. Жалпы халық басына түскен қасіретті біз бала жүрегімізбен сезіндік, сондықтан да көпшілік арасында «соғыс балалары» деген салқын тіркес сөз жиі айтылады. Соғыстың салқыны мен сұрапылын кешкен ұрпақтың өкілімін ғой мен. Жарылған снаряд, жауған оқ болмаса да, аштықты, суықты, жоқшылықты көрдік. Ойын дегенді білмедік. Бізді соғыс ерте есейтті. Біздің санамыздағы соғыс деген суық сөз көп уақытқа дейін бізге қорқыныш, үрей әкелуші болып есімізден көпке дейін өшпеді. Өйткені соғыс біреудің әкесін, біреудің ағасын келмеске алып кететін. Ауылға келген әрбір қаралы хабар біздің де жүрегімізді сыздататын. Ауыл балалары жинала қалсақ, батысқа қадала қарап, әрқайсымыз ағаларымыз бен әкелерімізді ойлап «аман келсе екен» деп тілейтінбіз. Ойша олармен тілдесіп, қиялға да берілетінбіз. Күте-күте көп күндер өтті, бір күні бізге де қуанышты хабар келді. Алғаш «жеңіс» хабары жеткенде, балалар қуанып ән салдық. Ол әнді кім шығарғанын да білмеймін, есімде қалғаны:

«Әлеумет, құтты болсын жеңіс тойы,
СССР елдерінің өскен бойы.
Жеңіске жеткен елдің ұл-қызымен,
Шыңдалған ғылымымен ақыл-ойы», -

деп айтылатын көңілді ән еді. Осыдан бастап бұл әнді күнде айтып, жол тосатынбыз. Бірте-бірте ауылға майданнан ағалар, әкелер келе бастады. Көңілдегі кірбің кетіп, қатулы қабақтар жазылып жаз шыққандай, күннің шуағын сезіне бастадық» деген әжемнің әңгімесінен ауылда да майдандағыдай қиындықтардың болғаны мені ойлантпай қоймады.

«Аңыз адам» журналынан КСРО және Қазақстанның халық әртісі Асанәлі Әшімов атамыздың төрт жасынан бастап соғыс кезінде өгіз айдап, қырманда жұмыс істегенін оқығанда, жалпы соғыстың балалық шақты балаларға сезіндірмеген қасірет болғанын ойладым. Олардың балалық шағы болмаса да, олар бір үлкен мектептен өткен сияқты. Ол мектеп майданда да, еңбекте де барлық халықтар арасындағы достығы жай достық емес, қанмен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жуылып, жүрекпен бекітілген берік достық екен. Сол достық бүгінгі Тәуелсіз Қазақстандағы 100 шақты ұлт өкілдерінің бірлігі деп ойлаймын.

Тыл ерлері - ауыл әйелдері, дегенмен майданда шайқасқан әйелдерді білеміз. Әлия мен Мәншүктен бастап зерттесең, майдан жолынан көп әйел-аналар іздерін табасың да ойлайсың. «Әйел мен соғыс» кереғар ұғым, әйел өмірге ұрпақ әкеледі, соғыс оны құртады, жояды, өлтіреді. Бірақ бұл ұғым ел басына күн туғанда әйелдердің де ел үшін, Отаны үшін, ұрпағы үшін қорқуды білмей, ерлермен қатар атқа қонып, жерін жаулап қорғаған Есет батырдың қызы Ботакөздің, Гаухардың, Айтолқынның жалғасы бола білді. Сондықтан ата-ана – баба дәстүрін жалғастырушы, Отаншыл ұрпақтың анасы. Олай болса, қазақтың шексіз даласы, дәстүрі мен салты, тілі мен мәдениеті – тәрбиенің алтын бесігі, ерліктің рухани көзі.

Мен қатарлы балалардың соғысқа қатысқан ардагерлерді ерекше құрметтеуі парызы деп білемін. Ел қорғаған батыр бабаларымыздың да, күні кеше елді фашизмнен қорғап құрбан болғандарды да, арамызда тірі жүрген ардагерлерді де құрметтеуге, құрметтеп қана қоймай, ата-баба дәстүрін жалғастыруға, қызметіне қарай әр адамның отаншыл болуы – парызы. Өмірдің қай саласы болсын еліміздің азаматтары осы мемлекеттің құндылықтарының иесі екенін түсіне білгені дұрыс. Қазақтың Қазақстаннан басқа отаны жоқ, оның тарихи тамыры, қасиетті топырағы – қазақ жері. Кешегі ата-бабамыз бен батырларымыз – біздің мақтанышымыз. Батырлар қорғаған елдің, жердің, мәдени мұраның қазақ ұлтының талай ғасырлар бойына жинақталған құндылықтардың мұрагеріміз. Сондықтан да, бізге бүгінгі өмір бейбіт болса да дәстүрімізге, тілімізге, дінімізге деген құрмет, елге тағзым, халықты, елді сыйлау, кешегі мен бүгінгі, бүгінгі мен ертеңгі күннің терең тарихи сабақтастығын білуді міндеттейді. Аталар тағлымы ел басына күн туса, жауапты да күрделі іске дайын болу, қиындықтарды жеңе білуге жетелейді.

Фашистік Германияны жеңуіміздің мерекесі – үлкен мереке. Бұл – ең ұлы мереке! Бұл жеңіске қазақ халқы аз үлес қосқан жоқ. Біздің халқымыз батыр халық. Ұлы Отан соғысына қазақ халқы абыроймен қатысты. Осы абыройлы іс ұрпақтар жүрегінде мәңгілік болсын!

Жүрсінова Еркеназ

4 «А» сыныбы №9 Жалпы білім беретін орта мектебі
Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы
Мұғалімі: Коккозова О.У

Мен соғысты көрмедім

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Мен соғысты көрмедім, көрмеймін де. «Соғыс» аты айтып тұрғандай суық сөз. Осы бір сөзді сонау сұрапыл жылдары ата-әжелеріміз естіген. Бұл күнде жастары ұлғайған, самайларын ақ шалған ата-әжелердің ерліктерін айтып жеткізу мүмкін емес.

Ардагер аталар бізге тыныш өмір сыйлады. Бейбіт өмір үшін қаншама адам құрбан болды. Олардың ішінде менің атам хабарсыз кеткен. Бұл күнде тыл ардагерлері тоқсан жастағы әжем бар. Әжемнің басынан талай қиыншылықтар өткен. Әжем ашаршылық, соғыс жылдарын өз көзімен көрген. Әп-әдемі қолдарымен байпақ, қолғап тоқыған, пима басып соғыстағы жауынгерлерге жіберіп отырған.

Бұл күнде біз бақыттымыз. Барлық бүлдіршіндердің тілегі тыныш өмір. Мен тәуелсіз елдің ұланымын. Жүрегім дүрсілдей соғып әр таңды асыға күтемін. Ашық аспан, шуақты күн, тыныштық, тоқтық бәрі менің көңілімді сергітеді.

Өз жүрегімнен шыққан жырымды ардагерлерге арнаймын.

Ардагерлер ардақты
Айтары көп салмақты
Танданып сен қарама
Ата көрсең, балдақты.
Иіліп барып, тағзым ет
Уақыт бөл, асықпа
Аяқ түгіл, жан берген
Сонау соғыс жылында!
Ардагер тұр жанында
Асықпа, ұлан асықпа
Ашық аспан астында
Адымда,бірге адымда!

Бейбіт өмір сыйлаған ардагерлерге бас иеміз!!

Кривопляс Евгений
8«В» сынып, Негізгі ортамектеп №34
Қарағанды облысы
Жетекшісі: Мендибаева Зауре Нургалиевна

Ұрыстың мерейі – ерлік,
Ырыстың мерейі – бірлік

1933 жылы Германияда билікке Адольф Гитлер бастаған фашистер келді. Фашистер неміс ұлты жер бетіндегі ең таңдаулы ұлт деп санады. Олар бүкіл әлемді жаулап, өз үстемдігін орнатуға ұмтылды. Барлық елдерді күшпен бағындырып, халқын құлға айналдырмақ болды. Гитлер өз заманындағы мықты әскерді жасақтап, озық қарумен, танкілермен, ұшақтармен жарақтанды.

1941 жылы 22 маусымда таңсәріде фашистік Германия соғыс туралы жарияламастан, КСРО-ға опасыздықпен басып кірді. Кеңес халықтары үшін Ұлы Отан соғысы басталды.

Отанды қорғауға бүкіл кеңес халқы көтерілді. Көптеген адамдар майданға еріктітүрде аттанды. Қазақстанда да әскери бөлімдер құрылды. Алматыда 316-шы дивизия жасақталды. Оған генарал И.В. Панфилов жетекшілік етті. И.В. Панфиловтың дивизиясындағы 28 жауынгер Мәскеуді ерлікпен қорғады. Оларға немістің 50 танкісі бағытталды. Бірақ жауынгерлердің ешбірі тайсалмады. Олардың барлығы дерлік жер жастанды. Бірақ жауды жібермеді. Осы ұрыста қазақ жазушысы Бауыржан Момышұлының даңқы шықты.

Қазақ ақыны Жамбыл Жабаев «Ленинградтық, өренім!» атты өлең жазды. Бұл өлең радиодан оқылды, қоршауда қалған Ленинградтағы үйлердің қабырғаларына жабыстырылды. Ленинградтықтардың тағдыры бүкіл елді алаңдатты, оларға барша халық қолдау көрсетті.

Қазақ халқының даңқты ұлы Нүркен Әбдіровтің есімі өшпейді. Ержүрек ұшқыш ұшағына оқ тигенде, отқа оранған ұшағын жаудың шоғырланған тұсына бағыттады. Жарылыс болды... Нүркен Әбдіров қаза тапты. Бірақ елімізді билеп-төстеуді көксеген жүздеген жау да жер жастанды. Осы соғыста мыңдаған қазақтар ерлік көрсетті. Ұшқыш Талғат Бигелдинов фашистерге қырғидай тиді. Оған ең жоғарғы Кеңес Одағының Батыры атағы екі рет берілді. Талғат Бигелдинов жау «қара ажал» деп атаған «Ил - 2» ұшағымен көптеген фашистер мен олардың соғыс техникасын жойды.

Майданда мерген қыз Әлия Молдағұлова ерлікпен шайқасты. Достары оны еркелетіп Лия деп атайтын. Оған кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Бұл соғыста қазақтың тағы бір мерген қызы Мәншүк Маметова асқан ерлік көрсетті. Ол да шайқаста мерт болды. Оған ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Сталинград шайқасы соғыстың шешуші сәті болды. Ол соғыстың барысын күрт өзгертті. Кеңес әскері осы шайқаста жеңіске жетіп, басқыншыларды өз жерінен біртіндеп қуа бастады.

1945 жылы мамырда Германияның астанасы – Берлин алынды. Берлинді алуға мыңдаған қазақстандықтар қатысты. Солардың бірі аға лейтенант Р. Қошқарбаев Рейстагқа Жеңіс Туын тіккендердің арасында болды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1418 күнге және түнге созылған Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды. 9 мамыр Жеңіс Күні болып жарияланды. Соғыс жылдары 497 қазақстандық ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шындаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз – өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Иә, содан бері 70 жыл уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... бұл сол кездегі кеңес ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, теріміен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн - Жеңіс күні! Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңе теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

«Ер есімі - ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар, ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Ұлы Жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Қапан Майкамал

11 «А» сынып оқушысы Жезқазған қаласы

Қарағанды облысы

Жетекшісі : Тусупова Торғын Бекенқызы

Бейбіт күн сыйлаған Жеңіс!

Жеңістің күйі –ерліктің күйі
даланы кернеп шалқыды.

Алаулап тулар ал қызыл
жарқылдап жеңіс жұлдызы

Ф.Оңғарсынова

Адамзат тарихындағы сұрапыл соғыстың өткеніне, міне, биыл жетпіс жыл да толып қалыпты.

Соғыс сөзін естігенді жаны түршікпейтін жан жоқ шығар. Қазір айтуға оңай болғанмен, бұл соғыстың артында жүректе қанмен жазылған жан жарасы жатыр.

Бұл соғыс – талайды әке –шешеден айырды.

Бұл соғыс –талай бүлдіршінді жетімсіретті.

Бұл соғыс – талайды мүгедек етті.

Бұл соғыс – талайға етігімен су кешкізіп, ауыздықпен су ішкізген ауыр жылдардың жылнамасы боп, тарих бетіне өшпестей жазылды. Ескерткіш тақталарға есімдері жазылған жауынгер аталарым аты ғана сақталды. Туған жерінің бір уыс топырағы бұйырмай, сүйегі көмілмей жатта қалды.

Осындай бар қасіретті адамзат басына әкелген соғыс еді.

Ақын Ф.Оңғарсынова осы бір сәтті:

Оралмай кетті әкелер біздің

Сонау бір ұзақ сапардан,

Бейуақыт сөнді албырт жүрек пен

алаулап тұрған от арман.

Әкенің жүзін көңілге түймей

Бесікте ғана қалыппыз,

жаутаңдап ұзақ есікке қарап

өткен күндерге қанықпыз,

- деп жүрегі жылай жырлады. Бірақ қайсар халықтың жігері әсте жасымады. Қасық қаны қалғанша жауымен айқасты Тойтарыс берді. Шыдамдылық пен төзімділіктің арқасында аталарымыз жеңіс күнін, бейбіт күнді бізге сыйлады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді.

Мен енді жауынгер
Қатерге бұған бел
Батысқа жол тарттым
Сен үшін, туған ел!

- деп соғысқа аттанған 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Соғыста бір-ақ заң бар мен білетін
Я өліп, я болмаса өлтіретін.
Жүректе жанып тұрған жұлдызыңды
Жандыратын болмаса, сөндіретін,

- деп жырлаған Сырбай ақын да майдан даласында болды. Ақынның әр өлең жолынан қан майданның оқ дәрісінің исі мұңкіп тұрды, соғыстың жанды суреті елестеді.

«Әскери өмір менің өлеңімнің де мектебі болды. Соғыс мені күйретті де, көп нәрсеге үйретті. Тәніме өшпейтін таңбасын түсірді» - дейді ақын.

Бәрі де, Отан, сен үшін!
Мәуелеп тұрған жемісім,
Еселеп жатқан жеңісім-
Бәрі де, Отан, сен үшін,

- деп ұрпағының амандығы мен елінің тыныштығы үшін тайсалмай жауға аттанған ерлеріміз майдан даласында болып, көзбен көрген соғысты бір қолында қаруы жүрседе, қаламмен арттағы ұрпағынан өшпестей мұра етіп жаза білді. Олардың қатарында қазақтың біртуар перзенті Қ.Қайсенов, Кеңес Одағының батыры, ержүрек қолбасшы әрі көрнекті жазушы Б.Момышұлы, Кеңес Одағының батыры бола тұрып қазақтың қоғам қайраткері әрі шебер қазақ жазушысы М.Ғабдуллин, авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры сонымен бірге жазушы болған Т.Бигелдиновтей батырларымыз еді. Ұлы жеңіс бізге оңайлықпен келмеді.

Отан үшін от кешкен аталарым үлкен құрметке лайық. Ризамыз сізге, ардагер аталарым! дегім келеді.

Өйткені оларға біз - мәңгі қарыздармыз. Ардагерлерді құрметтеу- біздің міндетіміз. Жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көк аспанында ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді сыйлады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қорыта келгенде, Ұлы отан соғысы тарихи маңызы бар ірі оқиғалардың бірі. «Мың өліп, мың тірілген» қазағымның тарих бетінің сарғайған бір парағы. «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» демекші біз бұл Жеңісті Тәуелсіз елдің ұрпағы тұрғысында тойлаймыз. Ерлерімізді ұмытпаймыз. Біз - тәуелсізбіз, азатпыз! Ұлы Жеңіс күні жасасын! Енді бұндай зұлматты күндер әсте болмасын, аспанымыз ашық болсын деген балаң жүректен төгілген ақ тілегіммен шығармамды аяқтаймын.

Қожан Әлия

Жезқазған гуманитарлық колледжі
Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы
Жетекшісі: Есенгабулова Г.О

Соғыс - адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес. Мен Ұлы Отан соғысының батыры өзім аттас Әлия Молдағұлова жайлы айтпақшымын.

Әлия Нұрмұхаммедқызы Молдағұлова 1925 жылы 15 маусымда Ақтөбе облысы Қобда ауданындағы Бұлақ ауылында Нұрмұхаммед Сарқұлов пен Маржан Молдағұлованың отбасында дүниеге келді. Әлия 8 жасқа келгенде, анасы қайтыс болды. Нұрмұхаммед Сарқұловтың қолында екі баласы ұлы Бағдат және қызы Әлия қалды. Әкесі Әлияны нағашы әжесі Тәжікенге беруге мәжбүр болды. Әжесі қазіргі Құрайлы ауылында тұрған, немересін өте жақсы көрген, оған адамгершілікті, жақсылықты, еңбекқорлықты үйреткен. Әлия нағашысы Әубәкір Молдағұловтың үйінде, нағашысының қызы өзімен құрдас Сапурамен өсіп, есейді. Үй-іші Әлияны өте жақсы көрді. Әубәкірдің әйелі Сән қыздарға көп нәрсені үйретті, оған қыздар үй жұмысына көмектесті, кішкентай бауырларын тәрбиелеп, бақты. Өз құрдастарына қарағанда Әлияның мінезі қисық, қатал болатын.

1933 жылы Әубәкір отбасымен Әулиеатаға көшіп барады. Сол жерде Әлия мен Сапура №11 мектеп есігін ашты. 1935 жылы Әубәкірдің Москвадағы Әскери-Транспорт Академиясына оқуға түсуіне байланысты, оның отбасы Москваға қоныс аударды. Әлия Москвада №891 мектептің 4 класын бітірді. 1938 жылы Академияны Ленинградқа көшірілуіне орай Молдағұловтар отбасы осы қалаға көшіп барды. Отбасындағы материалдық қиыншылықтарға

орай, Әлия өз келісімі бойынша Ленинградтағы №46 мектеп-интернатқа орналастырылды. Мектеп тәрбиеленушілері №140 мектепте оқыды.

Соғыс кезінде Ленинград бомбалана бастағанда, Әлия басқалармен бірге өртпен күресетін дружинаға кірді, үйлерінің шатырында кезекші болды, өртегіш бомбаларды сөндірді. 1941 жылдың күзінде ол комсомолға қабылданды. Әлия тетелестерімен бірге соғыс кезеңінің тауқыметін бастан кешеді, жолдастары қамқорлық жасайды. 1942 жылдың наурызында Ладога көлі «Өмір жолы» - арқылы балалар үйі Ярославль облысындағы Рыбинскіге эвакуацияланды. Сонда Әлия жеті жылдық мектепті бітірді. Ол он жеті жасқа толғанда Рыбинск авиация техникумына түсті, бірақ үш айдан соң әскери комиссариатқа барды. Ол әйелдердің Бүкіл одақтық 2-ші мергендік мектебіне қабылданды. Оқу 1943 жылдың күзінде аяқталды.

1943 жылғы аязды қазан күндерінің бірінде Әлия Ленинград майданына жіберілді. Майдан тұрмысы басталды. Әлия күн сайын дерлік таңсәріден мерген винтовкасын алып, қолайлы позиция иемденетін. Үш айда мерген Молдағұлова 32 гитлершілдің көзін жойды.

Сүлейменов деген әйгілі мерген болған. Ол немістің 300-ге жуық адамының көзін жойған. Бірақ соған батыр атағы берілген жоқ. Мұндай адамдар аз емес. Ал Әлия мен Мәншүкке қалай берілді дегенде... Олардың екеуінің ерлігін де командирлері көріп жатқан. Мергендерге өздері тапсырма беріп, соларды көз алдарында орындағандарына куә болған. Сөйтіп, марапаттауға өздері ұсынып, құжат қағаздарын толтырып, қол қойған да, берген.

Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1944 жылдың 4-ші маусымында көрсеткен ерлігі үшін ефрейтор Әлия Нұрмұхаммедқызы Молдағұловаға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды. 1944 жылдың 14-ші қаңтарында қазақ халқының ер қызы, Ленинградтың ер қызы Әлия Нұрмұхаммедқызы Молдағұлова отаны үшін, елі үшін батырлықпен шәйіт болды. Оның батальондық достары Әлия үшін жаудан қанды кек аламыз деп ант берді. 1944 жылдың қаңтарында Псков облысы Насва теміржол станциясынан немістерді шығару мақсаты қойылды. Фашистер қатты қарсыласты, артиллерия оқ жаудырды. Әлияның ротасының командирі қаза болды. Жауынгерлер сасып қалды. Сонда Әлия атып тұрып: «Отан үшін алға!», деп айқай салды. Оның соңында бүкіл рота көтеріліп шабуылға шықты. Әлияның қолына минаның сынығы тиді, бірақ ол автоматын тастамай бір неміс офицерін атты. Офицер жауап беріп, Әлияны екінші рет жарақаттады. Соңғы рет Әлия атып, немісті өлтірді. Казачиха деревнясының батысында, Смердель деген кішкентай өзеннің биік жағасында достары Әлияны жерледі.

Әлияның өмірі құйрықты жұлдыздай қысқа болды. Бірақ сол аз ғана өмірінде кейінгі ұрпақтар айтып жүретіндей, ешқашан ұмытылмастай ерлік жасап үлгерді. Оны бүгін бүкіл халқымыз мақтан етеді. Әлия, туралы ойласам

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

таң алдында жарқырап туатын шолпан жұлдызы көзіме елестейді. Оның нұрлы бейнесі, ыстық жүрегі, ақыл-парасаты, жан дүниесінің сұлулығы мені де тәнті етеді. Әлияның майдандас достарының айтуымен бізге әңгімелері арқылы оның кіршіксіз жарқын бейнесін көз алдыма елестете отырып, уақыт керуенінің адам ерлігі, адамдардың өлмес ісі алдында дәрменсіз екенін анық сеземін.

Мен 6 мамырда дүниеге келдім, Қожан атам мені Әлиядай болсын деп батыр апамыздың есімін қойыпты. Менде осы есімге лайық болуы үшін сабағымды жақсы оқып, өзімді тек қана жақсы жақтарынан көрсетіп жүрмін. Батыр апамның атына кір келтірмеймін деп сенім білдіремін.

Қойшыбекова Ақтолқын

9 сыныбы, Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі

Жезқазған қаласы Қарағанды облысы

Жетекшісі: Балгимбекова Акнур Габдуллаевна

Ұлы Жеңіс - мәңгілік ел жадында

Сан боздағым көрмедің Жеңіс күнін,
Содан жарқын шықпайды кеміс пе үнім.
Бейбітшілік, ынтымақ болсын дәйім,
Амандығын тілеймін Жер үстінің.

Б. Дәулетияров

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы – ХХ ғасырдың жаңаша тарихының маңызды парағы. Біздің санамызда ол шексіз қайғы мен қасіреттің құнымен қол жеткізген, ұлы ерлік пен жеңістің белгісіндей. Бұл адамгершілік ар-намыс пен тәуелсіздік үшін болған соғыс. Міне, сұрапыл соғыстың 70 жылдығы да келіп жетті. Сол жеңіске жеткізген майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің тірі қалғандары саусақпен санарлық. Ал тірі жүрген майдангерлер үшін Жеңіс күні – ең қымбатты, ең қасиетті және бақытты күн. «Ер бақыты ел қолында, ел бақыты ерлер қолында» - деп батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, ардагерлер - Қазақстан халқына бейбітшілік, тыныштық, береке, бақыт орнатқандар. Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, бізді жеңіске жеткізген ағаларымыз бен бабаларымызды, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонысымен Жеңіс күндерді жақындатқан аналарымызды да мақтан тұтамыз. Соғыс майдангерлері Отанға деген шын сүйіспеншілігімен, ерліктерімен, қайсарлығымен, жігер-қайратымен, ел қорғау сезімімен келер ұрпаққа үлгі болды. Еліміздің тарихында, жалпы әлем тарихында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімі өшпес ерліктерімен мәңгілікке жазылып қалды. Жалпы

тарих үшін бұл аз ғана уақыт болса, адамзат өмірінде алатын орны ерекше. Қан майдан, сұрапыл соғыс жылдарында «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген ұранмен шайқасқан, бүгінгі күні санаулы қалған ардагерлеріміздің ерліктеріне бас иіп, құрмет көрсету бүгінгі ұрпақтың өтелмес парызы.

XX ғасырдағы ең бір қанды қасірет қайсы десек, ол екінші жаһангерлік соғыс дер едік. Себебі, оған әлем халықтарының 80 пайызы қатысып, майдан баталиясына алпыс бір мемлекет тартылды. Қырық елдің жері соғыс өртіне шарпылып, жүз он миллион адам қолына қару алды. Олардың арасында 1932 жылғы алапат ашаршылықтан қырылып, Ұлы Отан соғысы қарсаңында үш миллионға әзер жеткен, соған қарамастан Батысқа бес жүз мың боздағын аттандырған бейбақ Қазақ елі де бар еді.

Өзінің тарихи маңызы жағынан Жеңіс күнін әлемнің жаңадан пайда болуымен, жер бетінің соғыс деген сұмдықтан түбегейлі азат етілуімен салыстыруға болады. Өйткені, гитлерлік «жаңа тәртіп» әлемдегі тұңғыш жұмысшылар мен шаруалар мемлекеті – КСРО-ны құртып, оның жерін тартып алуды, халқын құлдыққа салуды көздеді, сондай-ақ коммунизм идеясын таратушылардың басында тұрған еврей халқын жер бетінен жойып, бүкіл әлемге фашизм билігін орнатуды аңсады. Гитлерлік басқыншылықтың тағы бір аңсағаны – славян халықтарын: орыстарды, украиндарды, белорустарды, сондай-ақ қазақтарды, өзбектерді, түркімендерді жер бетінен жойып, олардың жерін таза қанды «арийлерге» босатып беру еді.

Ұлы Отан соғысы адамзат тарихында болмаған ерекше соғыс. Оның ерекшелігі сонда, бұл өнім өткізу рыноктары мен шикізат көздерін бөлісу үшін екі мемлекет арасында болып жататын соғыс емес, екі жүйенің – капитализм мен социализмнің қақтығысуы еді. Бұл соғыстың таптық сипаты бұрын-соңды болмаған қатыгездік жағдайда қалыптасты. Бұл жерде әлемдегі жұмысшылар мен шаруалардың тұңғыш мемлекетінің өмір сүруі, не жойылуы күн тәртібіне қойылды. Сондықтан да кеңес халқы өзінің социалистік Отаны үшін, азаттығы үшін күресті және бүкіл әлем алдында моральдық-саяси бірлігін, мызғымастығын, ерлігін дәлелдеп берді.

Иә, жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жау талай ауыл, қалаларды қиратты, бейбіт халықты қырғынға ұшыратты. Талай қыршын жастар дұшпанға қарсы ұрыстарда ерлікпен қаза тапты. Майдан даласына Қазақстаннан шыққан аға-апаларымыз Отанын, елін, жеріін қорғау үшін аттанды. Жастық шақтарына қарамастан батыр аға-апаларымыз майданның алғашқы күндерінен бастап, қыршын жастарын қиып, қан төкті. «Отаным, елім үшін жан пиде» деген қағиданы ұстанған батырларымыз қайтпас қайсарлықпен, ерен ерлікпен, жаумен жолбарыстай шайқасты. «Бәрі – майдан үшін, бәрі – жеңіс үшін» деген ұранмен алға ұмтылды. Батырларымыздың өлімнен қорықпай, тайсалмастан шайқаса білуі – өмірді шын мәнінде сүйе білуінде. Өйткені, олар адам баласын құрметтей, қадірлей білді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қара бұлтты сейілтп, күн шуағын сыйлаған ардагерлер сиреп қалса да, әлі де арамызда жүр. Фашизмге соққы берген аталарымыз болашақ ұрпақтардың жарқын келешегін қамтамасыз ету үшін қасық қанын аяған жоқ.

Бұл жеңісті қастерлеп, жадымызда мәңгі сақтау және оның дәстүрлерін жалғастыру, қасиетті Отанымыз – Қазақстанда ұлтаралық татулық, бейбіт өмір, халықтар бірлігін бұлжытпай сақтау біздің парызымыз.

Қаншама ана баласыз, қаншама жар қосақсыз, қаншама бала әкесіз қалды. Қаншама боздақ қыршынынан қиылып қан майданнан қайтпай қалды. Тарих парағы әлі талай ауысар, ал, ол күндердің өшпес даңқы сол қалпында қалмақ. Ендеше, бүгінде арамыздан кешегі сұрапыл соғыстан аман қайтқан санаулы ардагерлерімізді лайықты құрметтейік.

Құрымова Мейрамгүл

5 сынып, Әлихан Бөкейхан атындағы № 76 ЖББОМ

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Берлибекова Балжан Мерекеқызы

Қарлағтағы «Халық жаулары» балаларының тағдыры

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да 70 жыл болды. Қырғын соғыстың қасіреті осыншама жылдар өтсе де, әлі ұмытылар емес. Қасық қаны қалғанша атамекенін жауға бермеген ағаларымыз бен әпкелеріміздің саны бұл күнде азайып бара жатыр. Олардың жасаған ерліктерін ұрпақтары ешқашан да ұмытпаулары керек.

31 мамыр - қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланғаннан бері де баспа бетіне осы тақырыпта көптеген мақалалар шығып, бір кездегі «Халық жауы» атанған зиялы қауым қудаланып, аттарына қара күйе жағылғаны туралы айтылып та, жазылып жатыр. Ал олардың балалары мен ұрпақтары туралы біз не білеміз?

«Халық жауларының» балалары ересектермен бірге Қарлағта да отырғанын баспа бетінен оқып, ауыр тағдырларын білгенде денем түршігіп кетті.

Олардың біразы тіпті мектеп қабырғасынан тұтқындалған балалар еді. Сол кезде әкелерінің әлдебір «қылмысы» үшін балалардың жауап бермейтіндігі ешкімнің ойына кіріп шыққан жоқ. Балалар да өздерінің шыққан тегі үшін толық көлемде айыпкер атанып, сотталды және мерзімдерін ақырына дейін өтеді. Олардың көпшілігі қатарға қосылған жоқ. Біраз уақыт Спасскіде «халық жаулары» отбасының мүшелерінен тұратын «балалар коммунасы» болды.

15 жасар Николай Булка деген жасөспірім 5 жыл лагерьде отырды. Ол мектептегі үзіліс кезінде құрбы-құрдастарымен ойнап жүріп, аңдаусызда

М.И.Калининнің портретін шынтағымен қағып кетіп, жыртып алды. Осы үшін ол 58-ші баппен сотталды.

1940 жылдың 1-қаңтарында Қарлагта 16 жасқа дейінгі 19, 18 жасқа дейінгі 132 бала, ал 1942 жылы 16 жасқа дейінгі 38, 18 жасқа дейінгі 178 бала болды. 1947 жылы 814 бала болса, 1950 жылы 209 ғана бала қалған.

Лагер балалары үй дегеннің не екенін білмейтін, «әке», «әже» деген сөздерді түсінбейтін. Олар тек лагерьге қатысты ұғымдарды ғана түсінетін. Егер тақтаға үйдің суретін салса, олар «барақ» деп бір ауыздан шу ете түсетін. Егер сол үйдің суреті әдеттегі шарбақпен қоршалған болса, балалар оны «зона» дейтін.

Балалардың күтушілері де тұтқын әйелдер арасынан тағайындалатын, сондықтан да олар балаларға онша көңіл аударма алмайтын, балалардың жалғыз ғана жан шуағы шешелері еді. Алайда шешелерін этаппен басқа жаққа әкететін болса, оларды баласынан айыратын. Аналар бәрінен бұрын осыдан қатты қорқатын. Қарлагта мұндай оқиғалар болған. 1947 жылы бірнеше әйел Қиыр Шығысқа жіберілді де, балалары Қарлагта қалды. 4 жасқа толған балалар Осакаров балалар үйіне жіберілді. Мұнда олардың бірен-сараны ғана тірі қалды. Балаларды 3-4 жасында анасынан айырып, сәбилер үйіне жіберу аса ауыр оқиғалардың бірі еді. Қайсыбір әйелдер осыдан жынданып та кетті.

1939 жылы лагерьде 451 сәби болса, жыл ішінде солардың 114-і шығын болған. Бұрынғы тұтқын Фогельман былайша еске алады: «Осынау жап-жас бүлдіршіндердің мөлдіреген көзінен жазықсыз жойылып кеткен әкелеріне деген аянышты сезімдері анық байқалып тұратын. Бұлар сотталған «халық жауларының» балалары болса да, әлі сәбилік табалдырығын аттамаған бейкүнә жандар еді».

Жалпы, еңбекпен түзету лагерьлерінде балалар мен аналардың проблемасы дұрыс ойластырылмаған еді. Лагерьдегі балалардың жағдайы өте нашар болды. Киім-кешегі тым жұпыны, әрі ескірген балалар қамыстан буылған төсекте жататын. Олардың іске татитын киімін ересектер, тіпті сақшылардың өздері ұрлайтын.

Лагерьге емшектегі баласымен түскен әйелдердің жағдайы тіпті айтуға келмейтін. Күніне он сағаттан астам жұмыс істеп келген әйелдерге балаларын емізуге рұқсат етілетін. Алайда әбден титықтаған, ауыр еңбек пен аштықтан қалжыраған әйелдердің бала емізетін жағдайы да жоқ болатын. Сондықтан да шешелерінің сүті жоқ балалар ауырып, өліп жататын. Лагерьдегі жағдай аналарға да, балаларға да рухани жағынан жүдеушілік туғызып, олардың көңіл-күйіне жаман әсер ететін. Балалар комбинаты да дарбазасы, күзеті, тікенек сымы бар, азынаған барактар болатын. Емшектегі балалар көбінесе кереуетте жататын. Жылағанда оларды шегі шығып кетсе де, ешкім қолына алып жұбатпайтын. Оған рұқсат та етілмейтін.

Қарлаг – қасіретті көп шеккен халқымыздың тарихындағы ұмытылмас бір кезең. Кезінде жоғарғылардың жоспары бойынша Қарлагта 32 мың тұтқын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұсталуына тиіс екен, бірақ «халық жауларын» «қырағылықпен» әшкерелеу науқанының арқасында тұтқындар саны 75 мыңға жеткен. Қарлаг өмір сүрген 26 жыл ішінде /1930-1956/ бір миллион адам «еңбекпен түзету» сүзгісінен өткен. Қарлаг табиғат пен адам ресурстарын бейберекет рәсуалаған зұлмат империясы. Бұл жерде қуғын-сүргінге ұшырап өмірінің көбін азаппен өткізген жандардың ауыр қайғысы, жан төзбес азабы, қан аралас төгілген көздің жасы, қан сорпа болған қара тері бар. Өткенсіз болашақ жоқ. Кешегі тарихты білмей, болашаққа үміт арту мүмкін емес. Қарлагтың тарихы біздің тарихымыздың бір бөлігі болып табылады. Сондықтан өзінің елінің тарихын кез-келген адамның білуі қажет. Өйткені ол біздің еліміз, жеріміз.

Мажитова Саягүл

3 сынып, Әлихан Бөкейхан
атындағы № 76 ЖББОМ, Қарағанды қаласы
Жетекшісі: Берлибекова Балжан Мерекеқызы

Соғыс-қандай қорқынышты сөз! Бұл оқиға адам баласы үшін ауыр, азапты күндерге айналды. Тарихқа үнілетін болсақ адамзат қауымында талай соғыстар болды. Солардың аса ауыры фашистік Германия бастаған XX ғасырдың қанды оқиғасы саналатын – Ұлы Отан соғысы.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандар қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың Қазақстандық-шекарашылар болды. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннең бастап бірікті. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссиаттарға отаның, жерін қорғау үшін мындаған еріктілер ағылды.

Отан үшін неміс басқыншыларына қарсы қолдарына қару алып майданға аттанған жауынгерлердің бір миллион үш жүз алпыс алты мың Қазақстандық жауынгерлер болды. Майдан алаңында алты жүз мыңнан астам Қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Бұл соғыста халқымыздың экономикалық қуаты және саяси бірлігі сынға түсті.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда болғаны да мәлім. Жаудың қолына бермеу үшін, соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Ер азаматтардың барлығы армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Бірақ ешкім қыңжылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы ең ауыр, әрі қантөгісті соғыс болды, өзінің талқандау күші мен ұрыс қимылдарының ауқымы жағынан адамзат тарихында теңдесі жоқ соғыс болды. Қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандылықтары ешқашан ұмытылмайды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыс төрт жылға созылды. Осы төрт жылдың ішінде талай адам, талай қан төгілді. Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұлтына, дініне қарамастан бүкіл халық оны қорғауға аттанып, қан төгіп, қасірет шекті.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ халқының батыр ұл-қыздарын Нүркен Әбдіров, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигелдинов, Бауыржан Момышұлын мақтанышпен еске аламыз. Бұл батырлардың ерліктері біздің мәңгілікке есімізде, жүрегімізде. Біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Әр жыл сайын еске алып, жеңіс күнін тойлаймыз. Соғыс әр отбасында қайғы-қасіретпен бірге, миллиондаған жүректерге сағыныштың сарғайған дағын қалдырып кетті.

Сонымен қорыта айтқанда, адамзат баласының тарихында бұрын болмаған қасірет – Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да 70 жыл толды. Бейбітшілік сүйетін әлем үшін аса қадірлі мереке. Бір қуантарлығы, елімізде, әсіресе соғыс ардагерлеріне деген құрмет толассыз. Соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап қан майданда оралмаған жауынгерлер рухына бас иеміз. Қазір де біз тәуелсіз, бейбітшілік елде өмір сүріп жатырмыз. Осының барлығы, Жеңіс туының желбіреуі, тек осы азаматтарға байланысты. Қанмен, термен, жаспен келген жеңіс – ең ұлы жеңіс, киелі жеңіс, қадірлі жеңіс.

Ешкім де, еш нәрсе де ұмыт болмайды!!!

Мұхтар Жаннұр

7-сынып, №19 орта мектеп

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қасым ауылы

Жетекшісі: Смаханова Майра Кайрбековна

Ұлы Жеңіс – біздің жеңіс

Жеңіс мерекесі – әрбір төртінші азаматын
соғысқа аттандырған бүкіл қазақстандықтардың жеңісі
Нұрсұлтан Назарбаев

Сан қилы саяси және әлеуметтік қайшылықтар мен дүрбелең үстінде өткен XX ғасыр адамзат санасында жойқын соғыстарымен де сақталары сөзсіз. Өйткені, бір ғана Екінші дүниежүзілік соғыстың өзі қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар етіп, өмірін өксітті. Жалпы, үлкен тарих тұрғысында алғанда

азғантай мерзім болғанымен, ұзақтығы жағынан төрт жылға жуық, нақтылап айтқанда, бір мың төрт жүз он сегіз күнге созылған Ұлы Отан соғысы өзінің ауқымы мен қилы-қилы оқиғаларға қанықтылығымен тұтас бір дәуірге тең. Өйткені ол сан миллион адамдардың өмірін қиған, жер бетінде бұрын-соңды болмаған ең зардапты, әрі қантөгісті зор соғыстың бірі болған еді.

Өткен ғасырдың басында он бес одақтас республикадан құралған «мызғымас» одақ едік. Оны бәрімізге «ортақ Отан» дедік. Қазығын Германияда қаққан фашизм тұтқиылдан шабуыл жасағанда, қиырдағы Қазақстан жұртшылығы да сол Отанды қорғауға өре түрегелді. Мәскеудегі басшылар мұны Ұлы Отан соғысы деп жар салды. Тарих беттеріне солай деп жазылды. Коммунистік идеология «Әділет біздің жақта, біз жеңеміз!» деп ұрандатып, қан майдандағы жауынгерлерді, тылдағы еңбеккерлерді жігерлендірді. Иә, ауыр азапты төрт жылдан кейін біз жеңдік. Бірақ қандай шығынмен десеңізші?! Қаншама жас қыршын кетті?! Тіптен бір отбасынан 4-5 жанды майданға аттандырғанда, кейін солардың тым болмаса, бірі елге дін аман оралмаса, не дейсіз?! Қаншама шаңырақ қаңырап, күйреп ортасына түсті?! Ана жесір, бала жетім қалды. Олар отағасы қапияда кетті дегенге сенбеді. Үнемі ұзын жолдың бойына телміре қарап, күндерін, айларын, жылдарын зарыға күтумен өткізді. Қашан оның қабірін көздерімен көріп, көңілдері суығанша үміттерін үзбеді.

Араға жылдар салып, сол бір сұрапыл соғыс алыстаған сайын бомбалардың жарылысы, танкілердің үні, ауаны тілгілеген оқтардың ысқырығы тарих қойнауына тереңдеп батып барады. Бірақ соғыс салған зардап жойылар емес. Өйткені ол ұмытылмайды. Сондықтан да мұны, Ұлы Отан соғысынан кейін дүние есігін ашқандарға мына тап осы өздері секілді кешегі гүлдей құлпырған жап-жас қыздар мен ұлдардың жастық өмірлерін Отан үшін отқа салып, бар қызықтан бас тартқанын түсіну қиын. Олар Отан үшін қолдарына қару алып, сапқа тұрды. Сарбаз киімін киіп, қандай қиындықты бастан кешпесін, ешбір ауыртпалық алған бағыттарынан қайтара алмады. Ал, соғыс, ол – қасірет. Басқа төнген қасіреттен олардың көбі қайтып оралмады. Қайта оралғандары соғыстан кейінгі өмірдің қызығын, жан рахатында шындап сезініп, тата алмады. Себебі жүрекке түскен жара, тәнге қадалған оқ табы әлсін-әлі мазалайды. Сөйтіп, уақыт өткен сайын олардың қатары азайып барады. Енді, міне, қазір қарасаң, саусақпен санарлықтай қалған олардың әрқайсысы – бір-бір кітап жазуға тұрарлық жандар.

«Елу жылда ел жаңа» дегендей, жаңарған, жаңғырған заман тұрғысынан кешегі сұрапыл қырғынның қияпатына көз тігіп, осы соғыстың біздің ұлтымыздың тарихындағы, тағдырындағы орны қандай екенін бағамдайтын уақыт жеткендей. Қабырғасы қираған Кеңес империясының санамызға сіңіреген идеологиялық сандықтарын қайта қарап, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін анықтап, ақиқатты бүркелемей айтқанымыз жөн. Тәуелсіздікке қол жеткізгенше дүниенің ақ-қарасын аңдамайтын соқыр адамдай болып

келдік. Соғыстың да, басқа дәуірлеріміздің де толық шындығы бізге жетпеді. Өз халқына шындықты айтпайтын өкіметтің тұсында өмір сүргендіктен тек белгілі бір ойлау қалыптарының, идеологиялық құрсаулардың шеңберінде қалдық. Соңғы ашылған мұрағаттық деректер мен құжаттар өткен соғыстың көп көлеңкелі, қанқұйлы тұстарын ашып отыр.

Бір кезде қазақ елі жақсылық көрсе де, жамашылық көрсе де «Кеңес Одағы» деген алып мемлекеттің құрамында 70 жыл болдық қой. Сол кезде осы Одақты паналамағанда, он бес елдің, Ресейден басқасының өз тәуелсіздігін сақтап қалу-қалмауы да екіталай еді. Сондықтан ортақ Отанымыз Кеңес Одағы болатын. Гитлер болса Еурапаның он бес мемлекетін жаулап, күшейіп алған соң араны ашылып, Кеңес Одағын да жаулап алып, жерін иемденіп, халқын құл қылу ниетімен тұтқиылдан шабуыл жасады. Кеңес Одағы соғыс боларын білсе де, оған дайын емес екенін түсініп, соғыс апатына дайындалу үшін қаншама әрекет жасап, әзірге соғыспаудың амалын іздеп, уақытты созуға күш салса да, соғыс басталды. Гитлер басқыншылық соғыс жүргізді. Кеңес Одағы жерін, елін қорғауға амалсыздан мәжбүр болды. Тәуелсіздік үшін бүкіл «Кеңес халқы басқыншылыққа қолдарына қару алды. Өзі басқыншылыққа ұшырап отырған Кеңес Одағы басқа елдерді жаулап алып, дүниежүзіне үстемдік жасамақ болды-мыс» деу – ешбір ақылға қонбайтын тұжырым. Сондықтан өзінің ең қауіпті жауы – Кеңес Одағын жаулап алып, онан қолға аса зор күшпен бүкіл дүниежүзі елдерін тізе бүктірімек болды.

Кеңес халқы, Кеңес армиясы бүкіл әлемді фашизм күшінен қорғап қалды. Ұлы Жеңістің әлемдік маңызы – осында! Ұлы Отан соғысы батырларының жанқиярлық ерліктері – адам айтқысыз ерліктер!

Кеңес халқының бұл жанқиярлық ерлігін жоққа шығару – тарихқа қиянат. Бұл 50 миллионнан астам адам өмірін қиған Екінші дүниежүзілік соғыстың ақиқатын жасыру болып табылады. Біздің ел үшін Ұлы Отан соғысы болып табылатын бұл қырғын майданда жер жастанған 20 миллионнан астам халықтың аруағы алдындағы опазыздық болар еді. Гитлерлік Германияда бас көтерген ұлтшыл-фашистердің арам пиғылын жүзеге асырмаған, оларды өз ұясына талқандаған жеңімпаз Кеңес халқының майдандағы, тылдағы еңбектерін кейінгі ұрпақ үнемі біліп, еске алып отырғаны жөн. Сонда ғана өткенге құрмет жасап, бейбіт күннің қадірін біліп, жаңадан бас көтерген ұлтшыл-фашистік, империялық күштерге дер кезінде тойтарыс бере алады. Ұлы Жеңістің 70 жылдық тойы жер бетінде лайықты тойланып, адамзаттың соғыс қасіретін бұдан былай қайталамауына сабақ болуы тиіс. Өкінішке қарай, кейбір алпауыт империялар мұны ескерер емес.

Ұлы Жеңіс – біздің жеңіс! Бұл – ең алдымен, ақ ниетті адамзаттың жеңісі. Социалистік қоғам тәрбиелеген ұлттар достығының, бауырмалдығының жеңісі. Ел мен жерді қорғаған ұрпағына аманат етіп тастап кеткен ата-баба дәстүрінің, ерлік дәстүрінің жеңісі. Жетпіс жылдығын атап

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

өткелі отырған бұл жеңіс баянды болғай! Ендігі жас ұрпақ соғысты көрмесін деп тілеймін.

Мұхтар Ризагүл

11-сынып, №19 орта мектеп

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қасым ауылы

Жетекшісі: Смаханова Майра Кайрбековна

Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы

Өзіміздің мынау шамырқанған ғасырымыз туралы
шындықты біз айтпағанда кім айтады? Сіз бен бізден
басқа ешкім ешқашанда айта алмақ емес!

Олжас Сүлейменов

Кеңестер Одағының фашистік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысы адамзат тарихындағы әділетті соғыс болды. КСРО халқы өздерінің өмір құқығы, елдің тәуелсіздігі үшін күресті. Соғыс өрті КСРО-ның барлық мекен аумағы мен Мұзды мұхиттан бастап, Қара теңізге және негізгі Кавказ бөктерлеріне дейінгі жерлердегі елді мекендерді де қамтыды.

Міне, қанды қырғынға толы, өмірі бітпестей болып көрінген, соғыстың ауыр да қайғылы жылдары артта тарих болып қалды. Осы соғыс неге осыншама елге бейнет әкелді, осының алдын алуға болмас па еді? Қаншама жазықсыз адамдар өлім құшты, қанша арман аяқ асты болды, осымен келіп бүкіл дүние жүзінің халқына ауырпашылық түсті? Осының бәрі ел билеген басшылардың жіберіп алған кінәсінен емес пе? Әлде бір Алла деп құлшылық жасауды ұмытқан пендесіне жаратқанның жіберген жазасы ма екен? Жоқ бұл жерде адамзат баласының зұлымдығы басымдау жатыр. Мұның енді нағыз дәлелін тарихшылар әлі де айта жатар.

Шын мәнінде, сол кезде – Ұлы Отан соғысы кезінде КСРО-ға жататын барлық республикалардың ортақ Отаны болатын. Мұны жасырудың еш қажеті жоқ. Бұл – бір. Екіншіден, мәселеге тереңірек қарасақ, фашистердің мақсаты бір Ресей емес, бүкіл әлемді басып алып, барлық халықты құл ету ғана болатын.

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толса да, қасірет пен құпияға толы бұл тақырып отандық және әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бес жылға созылған алапат соғыс елімізге қаншама қайғы-қасірет алып келді. Ақ жаулықты ана баласын, жаутаңдаған бала асқар таудай әкесін, аяулы жар жан-жарын жоғалтты.

Егерде адамзаттың бастан кешкен қайғы-қасіретін сандармен көрсетуге мүмкіндік болса, онда әскери статистика бағанасы бірінші орынды иеленетін еді. Соғыс ол – атыс, зеңбіректер, танктер, ұшақтар деген жалпы қалыптасқан

пікір қателесу болып табылады. Жоқ, соғыс бұл – аштық пен қасірет, тұтқын мен қорлау, еріксіз төзу мен жан азабы. Соғыста адамдар үшін ең ауыр және қиын жағдай өлім емес, олар өлгенге дейін оларды адамшылдықтан айыру мен оларды малдардың деңгейіне дейін жеткізу болған.

1418 күнге созылған Ұлы Отан соғысы қазақстандық әрбір отбасын шарпыды. Милиондаған адам әскерге, еңбек армиясына шақырылды, жүздеген мың жауынгер ұрыс даласынан қайтпай қалды, қапыда қолға түскендері фашизм тұтқынында азап шекті. Жауды талқандап, елге аман-есен жеткендері майданда жоғалтқан денсаулықтарын қалпына келтіре алмай, тән азабын бастан кешті.

Соғыстың бірінші күнінен Қазақстан халқы фашизмді жеңуге бар күшін жұмсады. Еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін сын сағаты туғанын ұғынып, бір-ақ сәтте ширығып алды. Қазақстаннан әскерге аттанғандар Брест қамалын қорғаушылар ішінде де, Москва мен Сталинград түбіндегі шайқастарда да, Ленинградты қорғауда да, Украинадағы партизан қозғалысында да, Еуропаны жаудан азат ету кезінде де аянбай соғысты. Қазақстандықтардың асқақ жауынгерлік рухының мәңгі ескерткіші – 28 панфиловшылар ерлігі. Жеңімпаз рух генерал И.В. Панфиловтың, қатардағы жауынгер Төлеген Тоқтаровтың, Кеңес Одағының Батыры атағының екі мәрте иегерлері С.Луганский, Л.Беда, Т.Бигелдинов, И.Ф. Павловтың, өртеңге біткен гүлдер Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың, жасындай жарқылдаған Н.Әбдіров пен Б.Бейсекпаевтың тағдырымен көмкерілді. 1945 жылдың мамырында Рейхстагқа ту тіккен алғашқылардың ішінде жерлесіміз Рақымжан Қошқарбаевтың, Ұлы Отан соғысында асқан ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын 1991 жылдың желтоқсанында алған соңғы қаһармандардың қатарында Бауыржан Момышұлының болуы – осының айғақ-дәлелі. Қазақстандықтардың жасқанбай жауға қарсы шыққанын, соғыс өнерін тереңнен игеріп, қарсыласын аяусыз соққыға ала алатынын орыс жазушысы И.Эренбургтен неміс генералы Галдергке дейін мойындауы әсте кездейсоқ емес.

Өкініштісі – қазақтан шыққан ержүрек ұл-қыздардың ерлігіне әрқашан лайықты баға бермегені. Соғыс қашанда зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке, қайғы-зарға толы. Атасы мен әжесі немересінен, әке мен шеше үміт еткен жалғызынан, басынан желегі түспеген келіншек Құдай қосқан қосағынан, іні-бауырдан, қарындас-ағадан айырылды. Тылда «қара қағаз» қолына тигендер де, «хабар-ошарсыз жоғалды» деген суық сөзді естігендер де қайғыға жеңілмей, ұрпағы үшін, елі үшін ыстыққа күйді, суыққа тоңды, бірақ шыдады. Оларға ата-бабаларының тағылымы мен тәжірибесі, азаттыққа құштарлық, әріптесі мен көршісінің, ағайыны мен жегжатының, тіпті бейтаныс жанның жылы сөзі қуат берді.

Өзімнің туған жерімде – Қасым ауылында 140 жауынгер соғыстан қайтып оралмапты. 1990 жылы 9 мамыр күні ауылымызда осы соғыс

ардагерлеріне арналған ескерткіштің тұсаукесері болған екен. Ескерткіштің екі жағында соғысқа аттанған майдангерлердің есімі жазылған. Біз жыл сайын сол есімі естен кетпес ерлерімізді еске алып, гүл шоқтарын апарып қойып, дұға бағыштаймыз.

Түсіпов Хасен – 1940 жылы отыз алты жасында Ұлы Отан соғысына аттанады. Ұрыс үстінде оң қолынан және оң жақ аяғынан жарақат алып, госпитальға түседі де, жазылғаннан кейін қайтадан майданға оралады. «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады.

Барманқұлов Шәйкен 1912 жылы Еңбек совхозында дүниеге келген. 1941 жылы соғысқа аттанған. «За оборону Москвы», «За отвагу», т.б. медальдарымен марапатталған.

Қалиев Шәкәрім 1913 жылы Қарқаралы уезі Семей губерниясы №9 ауылда дүниеге келген. Басында еңбекшілермен бірге тылда жұмыс істеп жүріп, соғысқа баруды ұйғарған. 1942 жылы соғысқа аттанады. «Социалистік Еңбек Ері», екі мәрте «Ленин» ордерінің иегері.

Өмір мен өлім бетпе-бет келгенде барша қазақстандықтардың, әсіресе республикаға атын берген байырғы халық қазақтардың адами-имандық қасиеттері жарқырай ашылды. Елі мен жерінен зорлықпен көшірілген неміс, шешен, ингуш, карашай, түрік-месхет, қалмақ – бәрі Қазақстанда екінші отанын тауып, қазақ халқының қамқор көңіліне бөленді. Олар КОКП мен Кеңес үкіметін соғыс жылдарындағы әділетсіздігі мен асыра сілтеулері үшін өкпеге қиса да, өлімге қиған жоқ.

Ұлы Жеңістің экономикалық негізінде қазақстандықтардың ерен еңбегі зор. Қарағандының шахтерлері, Атыраудың мұнайшылары, Өскемен мен Балқаштың металлургтері, ауыл-селоардағы диқандар мен малшылар, механизаторлар Қызыл әскерді азық-түлікпен қамтамасыз етіп, қолдарына ең үздік қару-жарақ ұстатты. Түсіп Күзембаев пен Шығанақ Берсиев сынды озаттар есімдері мен игі істері Одаққа танылды. Атағы жер жарған палуан Қажымұқан жеке қаржысына самолет жасатып, дұшпанның төбесіне жай түсірді.

Қазақстан мамандары мен зиялыларының сұрапыл соғыстағы алар орны ерекше. Білім, ғылым, мәдениет әрбір адамның жүрегі мен санасына сенім күшін ұялатып, кеңес халықтарының достығы мен ынтымағын нығайтты. Фашистік қаратүнектің әкелер қасіреті мен зобалаңын ғалымдардың біліктілікпен әшкерелеуі, ұлт тарихы мен тағдырына арналған іргелі зерттеулерді жариялауы күні бүгінге дейін ұтқырлық пен отансүйгіштіктің үлгісі десек, еш қателеспейміз. Тыл мен майданның бірлігі жүз жасаған Жамбылдың жырларымен, он екіде бір гүлі ашылмаған Хиуаз Доспанованың әскери ұшқыштық батылдығымен, журналист Баубек Бұлқышевтің жалынды көсемсөздерімен бекемделді.

Фашистік Германияны тізе бүктіру – адамзат баласының XX ғасырдағы ұлы мерекесі болып табылады. Бұл мерекеге қазақстандықтар қомақты үлес

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қосып қойған жоқ, бүгінгі азаттық пен тәуелсіздіктің іргетасын да қалады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев дөп басып айтқандай: «Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың аға буын өкілдерінің, біздің әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан қасиетті соғыс болса, Ұлы Жеңіс – аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке.

Егер сіздердің сол сұрапыл соғыстағы жеңістеріңіз болмаса, бүгін жарқын болашаққа батыл қадам жасаған тәуелсіз Қазақстан да болмас еді».

Ұлы Отан соғысының тағылымы ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы керек. Оның маңдайалдысы – ұлтаралық үйлесім мен азаматтық келісімді қастерлей білу. Баға жетпес осы құндылықтар арқасында кеңес халқы жантүршігерлік қиыншылықтарды, тоталитарлық жүйенің қысымын артта қалдырып, азаттығын сақтап қала алды. Береке басы – бірлік екенін тәуелсіз Қазақстанның тәжірибесі тағы да айдай әлемге паш етті. Бүгінгі ұрпақты береке-бірлікке, тату-тәтті тірлікке тәрбиелеу ісіне соғыс ардагерлері мол олжа салғаны ақиқат.

Биылғы жылы Ұлы соғыстың Жеңісіне 70 жыл толып отыр. Араға жылдар салып, сол бір сұрапыл соғыс алыстаған сайын соғыс дүмпуі тарих қойнауына тереңдеп батып барады. Бірақ соғыс салған зардап жойылар емес. Соғыстың зардабы мен жүрекке түсірген жарасы әлі күнге дейін халық есінде. Қан майданда 600 мыңнан астам қазақстандықтар шейіт болды. 600 мың адам! Есептесең – төбе құйқаң шымырлайды. Қаншама отбасы «қара қағаз» алып қайғының уын жұтты.

Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан-ғайыр даланың бір пұшпағына жаудың табанын тигізбей, көгімізден жау жебесін ұшырмай, ата-бабамыз бізге бүгінгі Тәуелсіздікті тарту етті. Тарту етті дей салу бізге оңай болғанымен, шын мәнінде, ол найзаның ұшымен, білектің күшімен, яғни ата-бабамыздың жауынгершілік замандарда әскери өнерді жан-жақты дамытып, шеберлікпен шындай алғандығының арқасында қол жеткізген баға жетпес құндылық.

Қорыта айтқанда, біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Тірілерге құрмет көрсетіп, қаза болғандардың иманы жолдас болсын деп еске аламыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен ажарағысыз және бір-бірін толықтыра түседі. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ.

Бүгіндей әулеттердің түбіне жеткен, ошағын өшірген, ананы жесір, баланы жетім қалдырған бұл апаттың зардаптарын жою қашанға дейін созылады? Бір нәрсе ғана ақиқат. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені ерлік шежіресі – ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ.

Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесін бірге тойлайық, ХХІ ғасырдың батырлары!

Нағызханов Әлішер

9 – сынып, Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі

Жезқазған қаласы Қарағанды облысы

Жетекші: Берлибекова Жулдыз Молдабековна

Жеңіс күні мәңгі есімде

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл - Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды.

Ол - өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш, әрине, бірлік. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды.

Москва, сенің іргенді
Ел, ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз, -

деп жазған Нұрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге

дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ - ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парактарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай қайсарлық көрсеткеніне ашық көзіміз жетеді.

Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 Қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және тағы басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамyzдың осы сұрапыл соғыстағы ерлігі – бүгінгі жастарға өнеге. Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар, қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде" демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді еске сақтау. Қан майданда елі үшін кеудесін оққа тосқан ардагер-жауынгерлер арамызда әлі де болса бар. Осындай жарқын болашаққа қол жеткізген ата-әжелерімізге лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу – біздің азаматтық парымыз.

Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселін басынан өткерген осы ардагерлеріміз аман болсын!

Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын!

Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын! Ешқашан да жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне осы жылы 70 жыл толады. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Нурпейсов Алмат

2«а» сыныбы, «Ә. Бөкейхан атындағы
№ 76 ЖББОМ» КММ, Қарағанды қаласы
Шығарма жетекшісі: Жуманбаева
Алмаш Абдикадировна

Ұлы Отан соғысының ең қиын кезеңі – 1942жылы Қарағандыдан елу қыз өз еріктерімен сұранып майданға аттанды. Елу жауқазын жас Еуропаны жайлаған алапатқа тастүйін болып қасқая қарсы шықты. Олардың бәрі Ленин комсомолының түлектері еді. Бірқатары тіпті оныншы класс оқушылары болатын. Олар алтын ұя мектептерінен өздері жастайынан мақсат еткен асқақ армандарына емес, өмір мен өлім бетпе-бет келген майдан даласына самғады. Соғыс өртін сөндірмей, жауды жеңбей, өз мақсат биігіне жетуге болмасын білгендіктен де олар солай еткен болатын.

Меткеп бітірушілер майданға бару үшін емтихандарын мерзімінен бұрын тапсырып, кәмелеттік аттестаттарын үш ай бұрын алды. Сол жылы олар алтын ұя – мектеппен қоштасар сәтті салтанатты түрде өткізе алмады. Соңғы қоңырау үні де жүрек тебіренерліктей сыңғырлаған жоқ.

Ел қорғауға өз еріктерімен аттанған қыздардың басым бөлігі Қарағанды қаласының Сергей Миронович Киров атындағы №1 орта мектебінің түлектері еді. Біз Қарағандының қазіргі Бейбітшілік бульвары бойында орналасқан сол мектепке келгенде үзіліс сәті болатын. Ат шаптырым ұзын дәлізде дабырласқан, сыңғырлай күліскен оқушылар дауысы толас табар емес. Міне қоңырау да шылдырлады. Бала біткен асыға өз кластырына тарады. Сол сәтте көкейге оралғаны: «Бұл бүлдіршіндер мектепте қоңырау үнін күнде естиді. Мұнда да жыл сайын жадыраған мамыр айында мектеп бітірушілер алтын ұяларымен, соңғы қоңырау үнімен қимай қоштасып, үлкен өмірге жолдама алады. Бірақ олар дәл осы мектепте 1942 жылы соңғы қоңырау соғылмағанын, мектеп бітіру кеші тойланбағанын өздеріндей өрім жас қыздар ақ қардай фартуктарын сұр гимнастеркаға айырбастап, қан майданға аттанғанын біле ме екен?» деген ой болды.

Майдангер қыздардың қазіргі оныншы класс оқушыларынан еш артықшылықтары болмағаны ақиқат. Олар да ақ желкендей асыл армандары өмір-теңізге құлаш ұратын сәтті асыға күтті. Әрқайсысының ойлары ашық күндей нұрлы, нулы ормандай шулы еді. Әлі балалықтан қол үзе қоймаған, ересектікке енді ғана иек артқан мөлдір тілекті, өндіріс білекті бүгінгі замандастарындай жас түлектер болатын. Соғыс сұрапылы олардың асыл армандарын ақ тілектерін, айқын мақсаттарын, жемісті жоспарларын жүзеге асырмады. Жап-жас қыздар жауынгер атанып, олардың еншісіне Отан қорғау тиді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Нұржанова Ақнұр

5 «А» сынып оқушысы

№ 34 негізгі орта мектеп

Қарағанды қаласы

Қарағанды облысы

Жетекшісі: Кусенова Жанерке

Әділетті соғыстың рухы әрқашан
күшті болады. Өйткені оның төркінінде
елді, жерді қорғау принциптері жатады...

Н.Ә. Назарбаев

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пайда еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді. Кеңес жауынгерлері, барлық Отанын азат етуші ар-намыс арқалаған азаматтар жауына қарсы қасық қаны қалғанша жан аямай соққы беруге даяр екенін хабарлап, елі, партиясы алдында ант беріп, жауға қарсы аттанып, Ұлы жорық жолын бастады. Кеңес адамдары бірлік-ынтымақтың үлгісін көрсетіп, бәрі бір анадан туғандай өз Отаны – Кеңес елін, оның барлық бұрышын, бір түйір топырағына дейін қастерлеп, сол үшін қан төгуге даяр екенін, жау басып алған жерді түгел босатуға бекем буып, қатерлі қан кешу майданға аттанды. Ел басына күн туған күндердің бірі – осы Ұлы Отан соғысы кезеңі.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлан байтақ жерін қаншама ғасыр білектің күшімен, найзаның ұшымен жаудан қорғап келді... Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас аландарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақта болады. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ерді шындайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес,

алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Мың жылда бір көрінетін кометалардай сыры да, сезімі де терең тұңғыық дана тұлғаларымыз фәни өмірден баз кешіп, бақилық болып жатты. Әйтсе де, Баубек пен Бауыржан батырлығы, Әлия мен Мәншүк ерлігі, Қаныш пен Әлкей білімі, Мұхтар мен Ғабит, Ғабидендердің үні, Дінмұхамметтің парасаты – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Олардың өнегелі өмірлерін дәріптеу, жас ұрпаққа жан-жақты насихаттау аға ұрпақтың негізгі міндеті. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы- қасірет әкелмеген бірде бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Ішінде ақыны да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен... Содан бері зымырап 70 жыл өте шықты. Отанның жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен, аңыздарымен жауға қарсы тұрды. Халық жадында сапында 30 ұлттың өкілі бар (бұлардың 3 мыңдайы қазақстандықтар) Брес қорғаушыларының өшпес ерлігі мәңгі сақталмақ. Қазақстан жерінде жасақталған И.В.Панфилов атындағы 8- гвардиялық дивизия Мәскеуді қорғауда тарихта болып көрмеген теңдессіз ерліктің үлгісін танытты. Панфиловшылардың ішінде шын мәнінде болаттай беріктік пен ер жүректілік көрсеткен, өз заманында-ақ аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы да бар еді. Қазақстандық жауынгерлер Рейхстагқа шабуыл жасауға қатысты, оның шаңырағына жеңіс туын алғашқы болып қазақ халқының даңқты ұлы Рақымжан Қошқарбаев қадады. Ұлы Отан соғысының шежіресіне Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың, Мәлік Ғабдуллиннің, Бауыржан Момышұлы мен Талғат Бигелдиновтың және көптеген жерлестеріміздің аттары алтын әріппен жазылды. Севастополь үшін шайқаста Кеңес Одағының батыры Дабаш Бабажанов айрықша көзге түсті. Оның ерлігі батыр қаланы қорғау үшін болған қырғын-қиямет соғыс бейнелеген панорамаға түсірілген. Николай Гастеллоның ерлігін қайталаған Нұркен Әбдіров, Александр Матросовтың ерлігін қайталаған Сұлтан Баймағамбетовтың жау «жолбарысына» қас қақпай қарсы шауып, гранатамен қоса жарылған Қарсыбай Сыпатаевтың есімдерін мақтанышпен атайды. Бұлардың бәріне Кеңес Одағының батыры атағы берілген. Кеңес Одағының Батыры атағын екі реттен алған, даңқты сұңқарларымыз Талғат Бигелдиновтың, Сергей Луганскийдің, Леонид Беданың және Иван Павловтың ерліктері халқымыздың мәңгі есінде. Белорус ормандарында Әди Шәріповтің басқаруындағы партизан отрядтары жауға қарсы шайқасты. Украин жерін Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған батыры С. Ковпактың партизандық бірлестігінде Қасым Қайсеновтың отряды болған

еді. Біз 900 күн қоршауда қалған ленинградтықтардың рухын көтеріп, қажырын жаныған Жамбыл атамыздың «Ленинградтық өренім» атты жалынды жырын жадымызда ұстаймыз. Бұл өлеңді «жүзі басқа болғанмен жүрегі бір, тілі басқа болғанмен тілегі бір» жауынгер балаларына жолдады. Кейіннен қаланы қорғаушы жауынгерлердің бірі; «Бұл сәлемді көзге жас, көңілге қуаныш толы сезіммен оқымауға болмайды... Біз күшімізді еселей түсіп ұрысқа аттандық», -деп еске алады. Екінші дүниежүзілік соғыста Шығыс халықтарының қыздарынан Батыр атағын алған екі-ақ қыз бар екен. Бұлар қазақтың Мәншүгі мен Әлиясы. Атағына бүкіл шығыс халқы ортақтасқан, қазақтың атын шығарған аяулы қыздарымыз. От кешіп, қан жұтқан сол бір жылдар барған сайын бізден алыстауда. Айта берсек, отан үшін көрсетілген ерен ерліктің мысалдары да жеткілікті.

Республика ұлы жеңіс үшін орасан үлес қосты. Қазақстан майданға қорғасынның 85 пайызы, мыстың 30 пайызын, көмір мен мұнайдың барлығын өндірді. Сол ауыр жылдарда еліміз майданға 6 миллион тонна бидай, 797 мың тонна ет, 150 мың мініс жылқысын берді. Сондай ақ, республикамыз 4 миллиард сом ақша жинап, әскери техникалар мен қару-жарақтар сатып әперді. Соғыстың қысылтаяң кезеңінде емшектегі баласын жөргекке орай салып, кәсіпорын, колхоз бен совхоз жұмысына таң сәріден жүгіріп, түн ортасында қайтқан олардың жарлары мен аяулы ата-анасын, туыстарын, «өзім жемесем жемейін, өзім ішпесем ішпейін, бәрі де солар үшін, бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін болсын!» деген игі ниетті асыл сезімін кім есінен шығара алады. Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында майданда да, тылда да есі жаңа кіріп келе жатқан жас баладан бастап, жасы жүзге келген Жамбылға дейін отандастарымыз жауға қарсы майданға жаппай қатысты. Сол жылдары үздік табыстарға жеткен Қазақстан колхозшылары; Ш. Берсиев, Ы. Жақаев, Ким Ман Сам, А. Дацкова, Б. Сомжүрекова, С. Оңғарсынова және тағы басқаларының соғысқа қосқан үлесі орасан зор. Сонымен қатар күш атасы Қажымұқанның отан үшін, майдан үшін деп қосқан үлесін неге айтпасқа...

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбінде шайқасты, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыста ерен ерлік көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Қазақстандықтар қанішер жаумен қасық қанын аямай осылай шайқасты. Олардың бәрін ортақ іске, жеңіске, отанына деген сезім біріктірді. Дүниежүзін шарпыған жиһандық соғыс қазақ халқының батыр ұлт екенін баршаға мәлімдеді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы жеңіс – барша халықтың жеңісі. Сондықтан да кешегі жауынгер, бүгінгі ата әжелеріміздің жеңіске жетер жолда тындырған ұлан- ғайыр істері біздің жадымызда мәңгі сақталатын дастандай жалғаса береді. Бүгінгі жастардың болашағы, бақыты үшін, қан төккен әскер мен ағаларымыздың даңқы еш уақытта өшпейді. Олардың рухына, қанды көйлек жолдарына, біздер тізе бүгіп, бас иеміз. Арын жалау етіп, жанын алау етіп жауға аттанған ел ұландары жерін қорғады, халқының өмірін қорғады,өзі туған өңірін қорғады, ақ сүт берген анасын қорғады, ақ самал ескен даласын қорғады. Қорыта келгенде, осындай тәуелсіздікке жетуіміз, бейбітте, бақытты өмір сүруіміз де ата-бабаларымыздың ерен ерлігінің, қайтпас қайсарлығының арқасы. «Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұран» деп өз ойымды аяқтағым келеді. Ұлы жеңіс туы – төрімізде мәңгі желбірей берсін!

Нұртаев Абылай

3 сыныпоқушысы «№92 гимназия» КММ
Қарағандықаласы
Сынып жетекшісі: Хамзина Нургул
Рахтаевна

Әрқашан күн сөнбесін!

Әрқашанкүнсөнбесін,
Аспаннанбұлттөнбесін.
Қасымдаболсынмамам,
Болайын мен де аман!

Мен соғысты көргенжоқпын. Меніңата-анам да соғысты көрмеген. Ал атам болса, соғыс жылдарында дүниеге келген. Атамның айтуынша, арғы аталарым соғысқа қатысып, елін, жерін қорғаған. Олардың суреттерін көріп, батыр, батыл, қайратты адам қандай болу керек деген сұраққа жауап алам. Мен бейбіт өмірде алаңсыз өмір сүріп жатырмын. Менің алға қойған мақсатым – сабақты жақсы оқу, тәртіпті, тәрбиелі болу. Сыныптас достарыма үлгі болуға тырысамын. Ол үшін күнделікті үй тапсырмасын орындап, ұстазымнан білім аламын. Адам дені сау болу үшін спортпен айналысуы керек. Мен суда жүзумен айналысамын. Бұл туралы Абай атаның өзіміз жаттаған өлеңінде былай айтылады:

Өзің үшін үйренсең,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жамандықтан жиренсең,
Ашыларсың жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсең,
Біреу білмес, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі – тұл.

Мен Қарағандыда тұрамын. Менің мектебімнің қасында Ұлы Отан соғысының Батыры Нұркен Әбдіровтың ескерткіші тұр. Ол ұшқыш болған. Соғыс жылдарында халқымызды жаудан қорғаған. Ел есінде сақтау үшін Батыр атында көше, ауыл бар. Сол сияқты Қасым Аманжолов та – осы жерден шыққан Батыр. Ақынға да өз халқы ескерткіш орнатты. Батыр атында ауыл бар. Ол – ақынның туып-өскен жері. Сол ауылда мен сияқты балалар білім алатын мектепте Батыр ақынның мұражайы бар.

Менің өлкем – көмірге бай ел. Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға көмір жіберді. Ол майдан үшін өте қажетті болды. Сол сияқты аса қажетті шұлықтар мен аяқ киімдер де Қарағандыдан жіберілді. Сөйтіп халық қауіпті жауға қарсылық көрсетті. Тарихтан белгілі, әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды. Батырлар жауға қарсы тұра білді. Ерліктің үлгісін көрсетті. Ол туралы фильмдер мен кітаптар көп дерек береді. Соның бірі – Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы. Жазушының «Қанмен жазылған кітап», «Соғыс қателікті кешірмейді» деген кітаптары үйімдегі кітап сөресінде тұр. Жазғы каникул кезінде ата-анамның кеңесімен осы кітаптардан әңгімелер оқыдым. Сонда мынадай үзінді бар: «Қазақ халқының ұл-қыздары да дұшпанға кек жіберген жоқ. Ғажап ерлік көрсеткен Төлеген Тоқтаров, Александр Матросовтан 13 күн бұрын жау отының амбразурасын өз денесімен жапқан Боран Нысанбаев, Николай Гастеллоның ерлігін қайталап, жанып бара жатқан самолетін жаутанкілеріне қарай шүйілтіп, өлімге басын тіккен қырдың қыраны Нұркен Әбдіров», - деп жазады. Міне, ерлік деп осыны айт! Батырлар есімін ұмытпас үшін мәңгі алау қойған. Менің үйім осындай мәңгілік алау жанып тұратын парктің қасында. Күн сайын мектепке бара жатып осы жермен өтемін. Адамдар ол жерге ерекше құрметпен қарайды. Үнемі гүл шоқтарын қояды. «Ел қадірін ер біледі, ер қадірін ел біледі» деген осы!

Октябрь Айым

11-сынып, «№10 Нұркен Әбдіров атындағы орта мектебі»КММ

Қарқаралы ауданы

Жетекші:Рысбаева Мейрамгүл Сериккановна

Нұркен аға ерлігі

Уақыт зымырап өтіп жатыр. Уақыт өткен сайын заман өзгеруде, бірақ өткен өмір тарихы мәңгі есте сақталуда. Неше алуан соғыс дүниені дүр

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сілкіндірді, бірақ екінші дүние жүзілік соғыс, қаншама адамзатын қисапсыз қасіретке ұшыратқан өлімімен мәңгілік есте қалды.

Біздің еліміз адамзат баласы басынан өткізбеген зұлматты өткерді. Соғыс арифметикасы - қаралы арифметика. Әрбір секунд сайын бір адам, әрбір минут сайын он адам оққа ұшып жатты. Ал соғыс 1418 күнге созылды. Жеңіс елімізге оңай келген жоқ. Ұлы Жеңіс бабаларымыздың биік патриотизм сезімі мен рух мықтылығымен келді. Мысалға айта кететін болсақ өз халқы үшін кеудесін оққа тосқан Нұркен Әбдіров ағамызды мақтан тұтуға әбден болады деп ойлаймын, себебі ол кісілердің еңбегі мәңгі ел есінде! Нұркен Әбдіров 1919 жылы Қарқаралы өңірінде бұрынғы 5-ші ауыл, қазіргі Нұркен атындағы шаруашылық аумағында шаруаның отбасында дүниеге келген. Кейін ата-анасымен бірге Қарағандыға қоныс аударып, осы қалада әуе клубында ұшқыш мамандығын алған. Соғыс басталғанда Нұркен Орынбор әуе училищесінде оқитын. Ол майданға аттануға ұмтыла берді, сондықтанда оны алдымен Ташкенттегі, одан кейін Сібір қалаларының біріндегі шабуылшы әскери ұшқыш дайындайтын курстарға жіберді. Оқуды тәмамдағаннан кейін ол 267-ші әуе дивизиясының 808-ші шабуылшы полкы құрамында майданға аттанды. Нұркен Әбдіров талай әуе шайқасына қатысып, ерлік пен өжеттік, әскери шеберлік танытты, әр тапсырманы мұқият орындап отырды. Қазанның 23 күні тұңғыш рет әуе шайқасына аттанар алдында Нұркен былай деп жазған екен: "Егер біз фашистерді құртпасақ, олар біздің түбімізге жетеді. Сөйтіп, қуанышты, бақытты өмірмен қоштасамыз..." Барлығы 17 рет әуе шайқасына қатысқан Нұркен жаудың 18 танкісін, 46 жүк машинасы мен көлігін, оның ішінде оқ-дәрі тасыған 18 керуенді, жанар май құйған 3 цистернаны талқандап, зенит қондырғыларының бесеуін, бірнеше жабық атыс ұясын, талай жау әскерін құртты. 1942 жылғы желтоқсанның 19-да біздің батыр жерлесіміз өзінің серігі, атқыш, әрі байланысшы Александр Комиссаров екеуі соғыс аспанына соңғы рет самғап шыққан еді. Боков-Пономарев станциясы маңайында олар тас құрсанған жаудың үлкен алты танкін, бірнеше атыс ұясын, зенит артиллериясының екі қондырғысын жойып жіберді. Жау оғы самолетке тиіп, өртене бастады. "Өзекті жанға бір өлім" деген ой шарпып өткен ұшқыш, отқа оранған күміс канат сұңқарды фашист танктері шоғырланған тұсқа қарай бұрды. Осылайша құлдилай құлаған самолет ішіндегі Нұркен мен оның қандыкөйлек серігі Александр Комиссаров екеуі ақтық рет қаншама жауды қырып, жастықтарын бірге ала кетті. Осынау теңдесі жоқ, ерлігі үшін Нұркен Әбдіровке 1943 жылғы наурыздың 31-де еліміздегі ең мәртебелі атақ - Кеңес Одағының Батыры атағы берілген еді. Сарыарқа сұңқары осылай мерт болды. Оның қаһармандығы бүкіл елге жайылды. Қарағанды еңбеккерлері, олардың ішінде кеншілер, Нұркен Әбдіров атындағы самолетке қаржы жиып, жауға аттандырды. Бұл самолет кейін Жеңіске дейін қатарда болды. Ростов облысындағы Боков станциясының іргесіндегі Конек ауылында жерленген Нұркеннің басында қызыл тастан қашалған ескерткіш бар. Қарағандының қақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ортасында батыр Нұркен бейнесі мәңгілікке орнықты, Нұркен ауылында да ескерткіш орнатылды. Кеншілер астанасының әсем спорт сарайы батыр жерлесіміздің есімін иеленген. Қазақ батырының ерлігі қанша жыр-хикаяға, ән мен әңгімеге арқау болды. Боков орта мектебіндегі отрядтардың бірі Нұркен атында. Батырдың анасы Бағжан бәйбіше Боков станциясының құрметті азаматы болып табылады. Вешенскаядағы мекенінде М.А. Шолохов Нұркеннің анасын мейман еткенін білеміз. Қарапайым қазақ баласы Нұркен Әбдірұлының өмірі мен ерлігі қаһарман, қаншыл қазақ ұлтының бойындағы игі қасиеттердің айнасындай, әлемге шұғыла шашып тұр.

Мен, осындай аты әлемге әйгілі батырымыз Нұркен Әбдіров атындағы алылда тұрғаныма өте қуаныштымын. Өз ауылымды көрікті жерлерімен, таза ауасымен, әсем табиғатымен мақтан тұтамын. Бір ерекше айта кететін жайт ол Нұркен ағамыздың ескерткіші мен жанына жақын болған ұшағы орнатылған. Біз, қазіргі заман түлектері дүниені дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысын мәңгілік есте сақтауға міндеттіміз.

Омар Аружан

4 «А» сыныбы №9 Жалпы білім беретін орта мектебі
Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы
Мұғалімі: Коккозова О.У

Аталарға мың алғыс

Ұлы Отан соғысы 1941-1945 жылдар аралығында болды. Биыл осы соғыстың біткеніне 70 жыл болады. Бұл соғыстың зардабынан әрбір отбасы қасірет шекті. Осы соғыста 20 миллион жауынгер қаза болды, деп әжем айтады.

Әжемнің де екі нағашы ағасы соғысқа кетіп, хабарсыз, оралмаған. Олар Қарсақбайдан аттаныпты. Үлкен нағашысы Сыдықов Мұқыш үйленген, Артында жары, анасы, баласы, қарындасы қалған. Олар дүниеден өткен.

Сыздықов Анапаш Қапылбек деген жерде дәрігерлік оқып жүріп, өз еркімен соғысқа кеткен хабарсыз. Анасы, қарындасы оларды армандаумен дүниеден өтті.

Ал әжемнің әкесі – Құлшарыпов Мұқанмеджан 1939 жылы Отан алдындағы борышын өтеуге армия қатарына шақырылады. Азаматтық борышын өтеп, елге қайтамыз деп жүргенде Фин соғысына жібереді. Содан Ұлы Отан соғысына жіберіледі. 442-арт полк телефонисті болады.

1939-1941 жылы 125 стр полкта мерген болады. Көптеген қалаларымызды азат етуге қатысты. Жеңіс оңайшылықпен келген жоқ. Көптеген қиыншылықтарды бастан кешіреді. Атақты Власовтың армиясында болады. Осы армия жаудың қоршауында қалады. Бұларды тұтқындап, азап көрсетеді. Содан құтылып шығып Берлин қаласын азат етуге қатысады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс тойын Берлинде тойлайды. «Қырық жыл қырғын болса да ажалсыз өлмейді» дегендей мұз жастанып, қар жамылып, суық окоптарда бүрсең қағып талай түндерді ұйқысыз өткізіп, талай рет өліммен бетпе-бет келіп, жауды жеңіп туған жерге оралып, жат елде қалмай аман-есен оралғанымызға шүкір деп отыратын әкем. Соғыс біткен соң қираған қалаларды қалпына келтіруге қатысып 1946 жылы жаз айында елге оралады, Қарсақпай мыс зауытының металлургия цехында еңбек етеді. 1955 жылы денсаулығына байланысты дәрігердің ұйғаруымен II-топ мүгедектікке шығады. 1962 жылдары өзінің туған жері Амангелді совхозы 4-ші фермада қой бағып шопан болады. Қоғам малын аман сақтап 100-іне 110-120 дан қозы алып еңбек ардагері болады. 1972 жылы зейнеткерлікке шығады. 1984 жылы 65 жасқа қарағанда, ауыр науқастан қайтыс болады. Алған медальдары көп Ұлы Отан соғысында жаумен шайқасқан майдан даласында да елге оралып өндірісте еңбек етіп ерен үлесін қосып, ауыл шаруашылығында, мал басын көбейтуге үлесін қосқан атамызды мақтан тұтамыз! Атамыздың 4 ұлы, 2 қызы бар. Әр қайсысы жеке-жеке шаңырақ иесі. Бүгінде 27 немере, 34 шөбересі бар.

Атама мың алғыс! Отаны үшін көп еңбек сіңіреді. Қанша ауырса да соғысқа қатысуын тоқтатқан емес. Жерін, елін қан төгіс қылдыруға жол бермеуде. Біздің жауларымызды жеңіп қанша рет Отанын қорғады. Отаны үшін өлімге де түсуге дайын болды. Мен атамды мақтан тұтамын.

Ондрус Толқын

6 сынып оқушысы, №16 лицей-мектебі

Шахтинск қаласы, Қарағанды облысы

Жетекшісі: №76 ЖББОМ бастауыш сынып мұғалімі

Әліпбекова Әзиза Мағзұмқызы

1941-1945 жылдардағы сұрапыл Ұлы Отан соғысы адамзаттың басына өте бір орны толмас қайғы-қасірет әкелгені баршамызға аян. Өз елін, жерін қорғамақшы болып, қаншама ағаларымыз бен апаларымыз соғысқа аттанып, бірі әкесінен, бірі баласынан, бірі азаматынан айрылды. Осы зұлмат жылдар қасіреті кімді болса да ойландырмай қоймайды.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл толмақшы.

Бұл сол кездегі кеңес халқының төзімділігі мен ержүректілігін барша халыққа паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың өте ауыр, адамзат сенгісіз кезеңдерін бастарынан кешкен, ерлік пен қайсарлықтың, өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншіліктің туын жоғары көтеріп күрескен ардагерлер тойлайды. Бұл мерекені тылда аянбай еңбек етіп, тынымсыз жұмыс істеген ауыл адамдары мен ата-анасына шамасы келгенінше көмектескен балалар, әкесін, жарын сағына күткен аяулы апаларымыз бен әпкелеріміз тойлайды. Бұл мейрамды Ұлы Жеңістің құрдастары тойлайды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін өз жандарын пида еткен,туған-туыстарына,туған жеріне,еліне оралмаған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді.

«Отан үшін отқа түс-күймейсің, суға түс-батпайсың» деген сөз бойларына қуат, жігер, қайрат беріп, қыршын қазақ жастары, қарттары да, жаны нәзік арулар да «ОТАН» деп соққан жүректің лүпілін баса алмай, елінің болашағы үшін, бостандық үшін, атадан қалған аманат-туған жер мен ел үшін, артта қалған ел-жұрт үшін соғыстың қанды алаңына түсіп кетті. Сол адам жаны түршігерлік зұлматты өз көздерімен көріп, бүгінде мақсат-мұраттарына жетіп, қазіргі таңда елдің келешек өміріне зор үмітпен, сеніммен қарайтын күнге де жеттік. Бұл жеңіс – сол соғыста Отан үшін жаны мен қасық қанын аямай күрескен ардагер аталарымыздың жеңісі де, елім деп соққан жүректің жемісі еді. Ал біз келешек жеткіншек ұрпақ үшін осы асыл ерлеріміздің ерліктерін мәңгі ұмытпай, оны насихаттап жүрсек, бұл ардагерлерге көрсеткен алғысымыз болмақ.

Ұлы Отан соғысында болып, майданды өз көзімен көріп, туған жерімізге жау аяғы тимесін деп, қолына қару алып, елі үшін күресіп, аман-есен біздің ортамызға оралған ардагердің бірі Ақыбаев Мағзұм Әліпбекұлы.

Менің ұлы нағашы атам Ұлы Отан Соғысының ардагері Ақыбаев Мағзұм Әліпбекұлы жайында айтсам...

Ол кісі 1925 жылы 25 қаңтарда дүниеге келген. 1943 жылдың қаңтар айында, 18 жасқа толған кезінде соғысқа шақырылыпты. Жүзден астам ұлт өкілдері болған. Олар аштық пен суыққа төзіп, мұзда жатқан.

Атам Жапон соғысына қатысқан ардагер. Ол Украина майданынан II Беларусь майданына аттанып соғысқан. Австриядан Жапонияға барып соғыс даласына аттанған. Ұлы Отан соғысында атқыштар полкінде болған. Атамның айтуы бойынша оларды генерал-майор Кравченко басқарған. Майдангерлер «Жанға жан, қанға қан» деген ұранмен тәрбиеленген.

Атам майдандағы жеңістері үшін бірнеше орден, медальдармен марапатталған. Осылардың ішінде өзіне ерекше ыстығы Жуковтың медалі. 1945 жылы соғыстан қайтып келгеннен кейін 1 жылдан соң отбасын құрған. Әжем екеулері 67 жыл бірге тұрып, жеті баласынан 13 немере, 5 шөбере сүйіп отыр. Сол немерелері мен шөберелерінің қызығына қуанып, тілеуін тілеп, ақылын айтудан жалықпайды. Қазір атам 89 жаста.

Атам 1956 жылы мұғалімдік оқу орнына түсіп, 1962 жылы бітірген. Алғаш ұстаздық еңбек жолын бастауыш сынып оқушыларын оқытумен бастаған. Ұстаздық еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. Мен атам жайлы осылайша мақтана аламын.

Атам ұстаз ретінде бізге былай деп ақылын айтады:

«Отанды, халықты сүйе біліңдер. Саналарыңды улайтын заттардан аулақ жүріңдер. Ар тазалығын сақтап, әуесқой ойындарға үйір болмандар. Білім алып, ата-аналарыңды қадірлеп, қартайғанда қызықтарыңды

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

көрсетіндер. Бүгін кішкентайсыңдар, ертең өсіп, ержетіп үлкен азамат боласыңдар. Балаң деген ізің емес пе, ертең өзің емес пе», - деп аяқтайды қарт атам.

Оразбаев Қылыш

Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық
колледжі, «Радиоэлектроника және
байланыс» мамандығының 1-курс студенті,
Қарағанды облысы
Жетекшісі: Бекбергенов Әсет Игілікұлы

Мәңгілік алау – Мәңгілік Ел!

Біз соғысты көрген жоқпыз!
Д. Исабеков

Мен көргем жоқ соғысты!
Көрдім өмір бақытын.
Бақытты боп тұр бүгін –
Менің туған Уақытым...

Иә, мен бақытты Тәуелсіз Қазақстанда дүниеге келдім. Мен соғысты көрген жоқпын... Бірақ, батыр бабаларымыздың ерлігіне қанығып өстім. Ақ қарда көк мұз құрсаңған қайратты да қайсар аталарымыздың даңқты жорықтарынан сыр тарта ер жеттім. Қас дұшпанына қасқая қарсы тұрған өр ұлдардың өршіл рухымен қанаттанып бой түзедім. Аналарымыздың ақ жаулығынан астынан бой-бойлаған маңдай терінің қаншалықты тәтті екенінін түйсініп, келешекке талпындым.

Соғыс... Бір ақ сөз. Ал осы бір қасіретті сөздің астарында нешеме сырлар мен мұңдар, тарихтар мен тағдырлар жатыр десеңізші!? Осынау бір тарих қойнауында кеткен оспадар оқиғаның өткеніне ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, одан қалған жан жарасы жадымыздан өшер емес.

Сынаптай сырғыған уақыт көші өз жолынан таймай, алға басқан қадамының әр баспалдағы өзіндік өрнегімен айшықталып жататыны анық. Қаншама жылдар өтсе де, адамзат жадынан өшпейтін, керісінше сәт сайын жаңғырып тұратын оқиғалар да бар.

Солардың бірі де дүрі – Ұлы Отан соғысы. Қас-қағым сәтінің өзі «ажалды аңдыған» қанқұйлы айқастар адам жадынан қалай өшсін! Талай қыршын тайсалмастан жан қиған қан майданда халық күші бір арнаға тоғысып жатты. Қолдарынан оқ, жанарларынан шоқ ұшқан батыр ұлдарымыз бен қайратты қыздарымыздың жанқиярлық еңбегін еш демей көріңіз!

«Барлығы да майдан үшін, барлығы да жеңіс үшін!» деген ұранды ұстанған хас батырлар Отан үшін қасық қаны қалғанша қаһармандықтың үлгісін танытты. Бауыржан мен Мәлік, Әлия мен Мәншүк... Есімдері ерлікпен өлшенетін осынау батыр бабаларымыздың бек бекініп, батыл қадаммен жауына қасқая тұруы – қазақи табиғатқа тән қажырлылық пен қайраттылық екеніне сенбеске лажыңыз қалмайды.

Дала төсінде тынымсыз ұрыспен таңын атырған күрескерлердің таңның атысы, күннің батысы «Отаным» деп соққан жүрегі жаһанды дүр сілкінтіп жатты. Бейбіт аспанда бұрқ етіп атылған жау оқтары мен маң даланың шаңын көкке ұшырған дұшпан миналары біздің марқасқаларымыздың маңдайына тиіп, кеудесін тесіп, талай тағдырлардың өміріне балта шапты. Ұрыс даласында ұлан-ғайыр жерін қорғамақ болған талай бейбақтың қаны құмға сіңді. «Ерлік», «батырлық», «батылдық» туын сенім еткен серпінді ұлдардың сәт сайын хас жауының жігерін жасытып, алға адымдауы – анталаған дұшпанының тізесін бүктірді. «Татулық», «бірлік», «достық» ұғымын байрақ қылған өр қырандар сан ұлттан бас қосқанына қарамастан бір жанұяның балаларындай жұмыла жүк көтеріп, жасқанбастан жау шебін талқандады. Тайсалмады, тосырқамады... Талғат Бигелдинов, Нұркен Әбдіров, Төлеген Тоқтаров сынды тау-тұлғалардың тайсалмас қайсарлықтары қырағылық пен қайраттылықтың үлгісін белгілеп берді. Төтеннен төтеп берген немістердің жойқын соққысына тосқауыл болған 28 батырдың көзсіз ерлігін қайда қоярсыз? Нәзік жанын шүберекке түйіп, ер азаматқа тән күрескерліктің кесек символы, қос қарлығашымыз Әлия мен Мәншүктің жауына жасқанбай жанқиярлық танытуын ерліктің өлшемі демей қайтерсіз?...

Майдан төсі осындай батыр ұл-қыздарымыздың тайсалмас табандылығына куә болып жатқанда, кең-байтақ даламызда еңбек көрігі қызып жатты. Белі бүгілген қария, жас әйел, қартаң әйел, буыны бекімеген бала – бәрі-бәрі азаматтардың орнын басып, күн демей, түн демей маңдай термен еңбек етті. Олар шаңырақтарының шайқалғанына қарамастан, ерік-жігермен еселеп, қуатты күш сол майдан даласындағы азаматтардың рухына дем беру мақсатында жұмсалды. Ошағының оты сөнсе де қайран аналарымыз мұқалмады. Соғысқа қарғыс айта жүріп, шаруасын дөңгелетті жас әйелдер. Алыс-алыс атыраптардан әке-ағаларын сарғая күткен балғын бүлдіршіндер

жанын сала жұмыс қылды. Жер-ана да күңіреніп, запыран төкті. Ну ормандар зарын салып, ақбас таулар азасын айтып жатты. Қайғыдан теңіздер тебіреніп, көлдер еріксіз егілді.

Елдің елдігін, ердің ерлігін сынға салған сұм соғыс та аяқталды-ау. Миллиондаған жандардың өлімімен келген ЖЕҢІС туын желбірету – жас қазақ Рахымжан Қошқарбаев ағамыздың маңдайына бұйырды. Тастүнек түндер мен қайғылы күндер артта қалып Мәңгілік алау шартарапқа шуағын шашып жатты. Ерліктің, елдіктің, батырлықтың, батылдықтың алауы бұл!

Мәңгілік алау!
Мәңгілік ұғым ақ таңдай,
Ерліктің мәні осы бір сөзде жатқандай.
Кешегі қырғын соғыстың салған жарасы,
Жүрекке әлі қадалып тұр ғой батпандай.
Мәңгілік алау - ерліктің өшпес алауы,
Желбірей берер жүректе оның жалауы.
Мәңгілік алау үйретіп тұр ғой баршаны,
Тарихқа бір сәт ақиқат көзбен қарауды.

Иә, өр рухпен айтылған асқақ өлең осы. Мәңгілік алау біздерді мәңгілікке бастады, болашағымызды бағдарлады. Осыдан 70 жыл бұрын жағылған Жеңіс алауы баршаны бейбітшілікке үндеді. Осы бір Жеңіс алауын жағуда менің нағашы атам Аманбеков Әубәкірдің де өзіндік үлесі бар. Мәскеу, Украина жерлерін азат етуде жанқиярлық танытқан Әубәкір атамның ерлік істері менің бойымда қуаныш кернетеді.

Атам әрдайым: «Біздер не көрмедік, балам? Тек ондай сұмдық болмасын енді. Қазіргі бейбіт күндеріміз мәңгі болсын!», - ауыр күрсініп, жанарына жас ұялайтын. (Әрине, жанарындағы жасты бізге көрсетпей, жүзін бұрып кететін әркез). Әр сөзінде: «Балам, сендер бақытты ұрпақсыңдар. Тыныш елде, ырысты күн кешіп жатырсыңдар. Тәуелсіз ел болу үшін қаншама ата-бабаларың небір нәубеттерді бастан кешірді. Сондықтан, барды бағалай білу керек!», - деп санамызға сіңіретін. Шынында да, мен бақыты мен байлығы қатар салтанат құрған Тәуелсіз елде ғұмыр кешудемін. Менің егемен Қазақстаным – Мәңгілік ел. Ата-бабаларымыздың жағып кеткен мәңгілік алауы Мәңгілік елдің мызғымыс діңгегі іспеттес. Мәңгілік еліміздің көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Зұлматты жылдарды бастан кешірдік. Біздің ата-бабаларымыз тәуелсіздікке жету жолында небір қиындықты бастан кешірді. Алайда, тәуелсіз ел болсақ деген рухы құлаған жоқ. Сол рух әрқайсысымыздың бойтұмарымыз болуы тиіс», - деп атап көрсеткендей, асқақ рухты әрдайым аласартпай, алға басуымыз қажет. Аталарымыз жаққан Мәңгілік алаудың оты өшпей, Мәңгілік еліміз мәңгі жасайтынына мен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сенемін! Сенемін де, осы бір азат елімнің бір кірпіші болып қалануды мұрат етіп келемін. Бұл – менің тәуелсіз елімнің алдындағы сәбилік борышым!

Өмірбаев Диас

6 сынып, № 9 орта мектебі, Жезқазған қаласы

Қарағанды облысы

Жетекші: Тусупбекова Сандугаш Куайжановна

Жеңіс күні келгенде!

Жеңіс! Жеңіс!

Мәңгі алау лаулай бер!

Жеңіс туы жердің бетін баурай бер,

Майдангерлер Ұлы Жеңіс сыйлаған.

Өз халқыма бақыт нұры сайлау бер!

22-маусым 1941 жылы мәңгі есте қалып тарих бетінен өшпейтін жыл. Бұл соғыс қаншама адамның өмірін қиды. Не бары жарты сағат ішінде немістер біздің Отанымыздың ішіне опасыздықпен кіріп жаулап алды. Бірақ біздің ержүрек батырларымыз оларға қарсы тұрып, Отанымызды, жерімізді қорғауға бой ұсынды. Бізге Жеңіс қалай келді? Әрине, оңай жолмен келген жоқ. Жеңіс жолында қаншама адам қаншама адамдардың қаны құйылды, балалар әкелерінен айырылды, қаншалықты көп қиын кезеңдерді өткізді, кей кезде жейтін бір үзім нандары да болмады, олар тек өз елдерінің тыныштығын, бейбітшілігін армандады.

Адамзат баласының тарихында бұрын-сонды болмаған қасірет – Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толды. Бір кезде Кеңестер Одағының құрамында болған Қазақстанның халқы да неміс-фашист басқыншыларына қарсы жан аямай соғысып, ерліктің тамаша үлгілерін көрсеткені белгілі.

Ұлы Отан соғысы ең ауыр, әрі қан төгісті соғыс болды, өзінің талқандау күші мен ұрыс қимылдардың ауқымы жағынан адамзат тарихында теңдесі жоқ соғыс болды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыстың аты соғыс. Сұм соғыс біреуді жесір етті, біреуді жетім етті. Балалығы сұрапыл соғыспен қатар келген біздің бүгінгі ата-әжелеріміз сол уақытта ерте есейген еді. Ойын баласына бейнет күнді айырбастайтын күн туды. Жастарына қарамай соғысқа аттанған кәрілер, енді-енді өмір сүріп келе жатқан жас қыздар, ұлдар «Жауға аттан!» деген ұранмен алға басқан.

Соғыс жылдарында адамдарға Отанымызды қорғаудағы, сүюдегі берік негіз – бұл халық арасындағы мызғымас достық, ауызбіршілік елдеріне деген шексіз махаббат, жеңіске деген нық сенім болды. Осы жолда біздің көптеген батырларымыз, жауынгерлеріміз өздерінің ерліктерін көрсете білген ұл-қыздарымыз қаза тапты. Кейбіреулері тіпті үйіне оралмады. Жеңіс күнін көре алмады. Бірақ олардың ерліктері біздің мәңгілікке есімізде, жүрегімізде. Соның ішінде ерліктерін көрсетіп, Отандарына деген ыстық сезімдерін дәлелдей білген батырлар аз емес. Олар: Б.Момышұлы, Ә.Молдағұлова, Т.Бегилдинов және тағы да басқа есімді батырлар. Біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Әр жыл сайын еске алып, жеңіс күнін тойлаймыз. Бірақ осы сұм соғысты кезіңе елестесең жаның түршігіп, денең ызғарланады. Қанша жерлерді жаулап алып, бомбалап, жастың кіші үлкеніне қарамастан оларды қатаң жазалап, өлтірген. Бұл сөзді айтудың өзі қиын-ақ. Осының бәріне шыдаған елімді кім қадірлемесің?! Жауға да, өлімге де қарсы тұрған аам өз Отанын сүйеді. Мінекей, сол соғыста болған адамдар осы жолмен жүрген. Олар қанша азап көрді десеңізші, күндер мен түндері ұйқысыз өткізді. Жақын жолдастарынан айырылды. Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі. Ал істегенінді кіші де, үлкен де құрметтеп, бас иетін өлім бар. Ол майданда ерлерше өлу. Мінеки, жеңіс жолында қаншама адамдар осындай өлімнен өлді, олардың жүректері тек елім деп, жерім деп соқты. Сол кезде жауынгерлердің: «Отанымызды соңғы деміміз жеткенше қорғау – борышымыз» деп. Берген анттары серт сөздері адамға күш беріп, жандандыра түседі. Сөйтіп олардың бүкіл халықтық, жауынгерлік анттары орындалды. Жау тізе бүкті, бүкіл халықтық жеңістің туы желбіреді.

Жеңіс туы желбірегеніне бұл күнде 70 жыл. Осы уақытта Отан үшін жанын пайда еткен батырларымызбен тылда еңбек еткен әйел-аналарының ерлігі ұмытылған жоқ. Ол ешқашан ұмытылмайды. Аталарымыз бізге сыйлаған бейбіт өмірі мен шуақты күндеріне рахмет айтамыз. Бейбітшілікті тұғыры берік болып, жеңімпаз баянды болсын, халайық!

Рахметова Аяжан

2 «а» сынып, № 76 ЖББОМ

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Жуманбаева Алмаш Абдикадировна

Адам баласы өмір сүріп отырған қоғамда болып жатқан оқиғалар уақыт өте келе тарих бетінде қалып отырады. Қазақстан тарихында болған ауқымы,

құрбандықтары мен алапаттығы жөнінен ең жантүршігерлігі – екінші дүниежүзілік соғыс.

Екінші дүниежүзілік соғыс 1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия әскерінің Кеңес Одағына тұтқиылдан, соғыс жарияламастан басып кіруінен басталған. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысы, яғни Отанын шетел басқыншыларынан азат ету соғысы басталды. Соғыс кенеттен басталғанымен, бүкіл Кеңес одағы халықтары алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Елдегі барлық еңбекке жарамды азаматтар әскери комиссариаттар арқылы Отанымызды қорғауға аттандырылды. Мектеп қабырғасында оқып жүрген бозбалалар мен бойжеткендер де өз еріктерімен соғысқа сұранып, Отан үшін отқа түсті. Соғыс төрт жылға созылды. Біздің жерлестеріміз соғыста ерлікпен шайқасқан. Алматы қаласында жабдықталған 316-атқыштар дивизиясы генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен теңдесі жоқ ерлік танытты. Бұл шайқаста ерлік танытқан 28 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Талантты қолбасшы, қаһарман командир И.В.Панфиловке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Панфиловшы аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Мәскеу түбіндегі шайқаста өз батальонымен жау қоршауын үш рет бұзып шықты. Еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей араласуымен 1990 жылы Бауыржан Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қаһарман қызы Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова да бар.

Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Мәскеу мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев Рейхстагқа жеңіс туын тіккендердің бірі.

1945 жылдың 9 мамырында соғыс аяқталды. Бұл күн сол уақыттан бері Ұлы Жеңіс күні ретінде аталып өтеді. Осы күнге жеткенге дейін біздің ата-бабаларымыз елін, жерін, тілін, дінін қорғау үшін қасық қаны қалғанша күресті. Қаншама азаматтар майдан даласында қаза тапты. Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлік көрсетіп елге аман-есен оралған ардагерлердің саны күн санап азайып барады. Елімізді қорғаған тұлғалардың есімі ешқашан ұмытылмауы тиіс. Ол адамдарға айтар алғысымыз шексіз.

Бүгінгі таңда біздің еліміз егеменді, тәуелсіз мемлекет. Келер жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толады. Осындай бейбіт өмірді сыйлаған ата-баба алдындағы біздің басты міндетіміз – еліміздің егемендігін сақтап қалу.

Рымбаева Роза

4 сынып оқушысы Әлихан Бөкейхан атындағы

№76 ЖББОМ Қарағанды қаласы
Жетекшісі: Тусенова Маржанкул Казыкеновна

Ұлы Жеңіс күніне - 70 жыл

Мамыражай мамыр айы – Ұлы мерекелерге толы. Жан толқытар қасиетті мейрам – Ұлы жеңіс күні. Қарт майдангерлер омырауларына сылдыратып төс белгілерін тағып ел қорғаны, айбары бола білгендіктерін мақтан етеді. Жас ұрпақ біздер болсақ оларға қызыға қараймыз. Жақсы істерін өнеге тұтамыз. Жеңіс күні келгенде кім-кімнің де қатты толқитыны анық. Қазақ даласы үшін бабаларымыздың қаны, аналарымыздың көз жасы аз төгілген жоқ. Елін сүйген ерлердің ерлігі халық жадынан ешқашан өшпейді. Аға ұрпақ бізге: «Осынау кең байтақ жерді сендерге мұраға қалдырдық. Халқыңды жаудың қолына беріп қоймай, қорғауға тырысып бақ», - дегенді айтады. Осыны түсінгендіктен менің ойыма мына жыр шумақтары келіп отыр:

Отан отқа оранғанда,
Отыра ма ер азамат?!
Жауды жеңген күнмен келді,
Жеңіс деген ең ғажап ат.
Отан үшін оққа төсеп
Өр кеудесін жап-жас ғұмыр,
Қан майданды қылған төсек,
Майдангерлер бір-бір тұғыр.
Соғыс салған жарақаттан,
Жазыла алмай кеткендер көп.
Ардақтаймыз ардагерді,
Бүгінге аман жеткедер деп
Ардагерлер, ардақтылар-
Зор бақыты Отанымның.
Солар аман жүрсе екен деп,
Жүрегіммен қопарылдым.

Қазақ халқының ерен ерлігінің жұртшылыққа кеңінен таралуы 1941-1945 жылдары өткен Ұлы Отан соғысымен тығыз байланысты. Қазақтың батыр ұл-қыздарының ерлігіне әлем тәнті. Олардың ішінде аспанда өртенген әскери ұшағын әдейі жаудың топтасқан қару қоймасына құлатып, ерлікпен қаза тапқан Нүркен Әбдіров пен жаудың жалын атқан от-ұясын өз денесімен жауып, жауынгерлерге жол ашып, қаһармандық көрсеткен Сұлтан Баймағанбетовтің ерліктері жүректі елжіретеді. Қазақтың қос қызы Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың есімдері жеңіс тұғырында жарқырап тұр. Сондай-ақ ұшқыш Талғат Бигелдиновтің, қарумен де, қаламмен де жауға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қарсы күрескен Бауыржан Момышұлының ерліктері – бізге үлкен үлгі өнеге. Бізге жарқын, бейбіт өмір сыйлаған барлық батырлардың есімдері әр ұрпақтың жүрегінен орын табары ақиқат.

Ұлы Отан соғысы кезінде 500-ден астам қазақстандық Кеңес Одағының батыры атанды. Сталинград шайқасына қатысқан 3 қазақстандық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанды. Солардың бірі – жаужүрек ұшқыш Нүркен Әбдіров еді. Ұлы отан соғысы кезінде Батыр атағын шығыс қыздары ішінде алған халқымыздың қаһарман қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованы әрдайым мақтан тұтамыз. Ұлы Отан соғысының аса ірі шайқастарының бірі – Сталинград шайқасы 200 күнге созылды. Жаудың қарулы күштері бұл шайқаста 1,5 миллион адамынан айырылды. Соғыс жылдары Қазақстаннан 1 196 164 адам қару асынып, майданға аттанды. Ал еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді. Сонда барлығы 1 миллион 900 мыңдай адам Отан үшін сапқа тұрды. Соғыс кезінде Қазақстан жерінде 12-ші атқыштар дивизиясы мен 4 ұлттық атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, әскер түрлерінің 50-ге жуық полктері мен батальондары құрылып, майданға аттанды.

Соғыс болашақта көгеретін, өсіп-өніп жеміс бере көк шыбықтарды қыршынынан қиды. Қаншама алып бәйтеректердің тамыры тартылып, бұтағы қурады. Сондықтан да соғыс – адам баласының жанын жүдеткен, қатігездіктің қара дауылы. Ал, Жеңіс күнінің келуін жыл сайын тағатсыздана күтіп тойлаймыз. Жеңіс күнін тойлау – өткен тарихымызды есте сақтаудың бірден-бір кепілі. Елімізді, Отанымызды қорғау мына біз – жастардың қолында Олай болса Жеңісті күндеріміз көп болсын. Ешқашан соғыс болмасын. Бейбіт күндер ЕШҚАШАН таусылмасын.

Сағындық Ерасыл

4 сынып, Ә. Бөкейхан атындағы №76 ЖББОМ

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Ахмет Гүлбақша Төлегенқызы

Азалы жылдар зобалаңы

XX ғасырдағы саяси құғын-сүргін – мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суарылған тарихымыздың шерлі беттерінің бірі болып табылады... Біздің ендігі жердегі борышымыз – осы қанқұйлы жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбаны болған азаматтардың есімдерін ұмытпау, оларды мәңгі еске сақтау...

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

[2007 жыл 30-мамыр. Алжир мемориалды
– мұражай кешенінің ашылуында сөйлеген
сөзінен. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев]

Ол кезде сталиндік үлкен террордың қаралы жалыны шарпымаған ешкім қалмаған еді. Зұлмат Совет одағының құрамындағы барлық елді, барша ұлт пен ұлысты, түрлі жастағы азаматтардың бәрін де қамтыған болатын. Молдованың белгілі жазушысы Владимир Беслига 1937 жылы алты жастағы бала болған. Ол өзінің кішкентай ауылындағы сол бір жаралы жылдарды былай деп еске алады: - Ол кезде жаппай тұтқындаулар жүріп жататын, әр күні таңертеңгісін адамдар бір-бірінен бүгін түнде кімді алып кетті деп сұрайтын, ауылдастардың аузынан "қара қарға" деген сөздер түспейтін, түнде тұтқындалғандарды алып кететін машиналарды халық осылай атап кеткен. – Елдің бәрін қорқыныш билеп, не айтса да сыбырлап сөйлейтін, өйткені ол туралы жоғары жаққа біреу жеткізіп қояды деген қорқыныш болаған екен. Сталиндік режим әр ұлттың оқыған, көзі ашық азаматтарына қырғидай тиді. Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы сәуірдің 14-інде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарының басында 1997 жылы ҚР Президентінің Жарлығы шығып, 31-мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды. Қазір осы датаны аза тұту күні ретінде атап өту парызымыз. Себебі өткенін ұмытқан ұлттың болашағы да жоқ. Жұбан Молдағалиев «Мен қазақпын» атты өлеңінде:

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тіліммен.
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген

– деп жырлағандай, қазақтың басынан өтпеген зұлмат кемде-кем екен. Саяси қуғын өткен ғасырдың басындағы қазан төңкерісінен бастап, 1986 жылдың желтоқсан оқиғасына дейін жалғасты. 1937-1938 жылдардағы қанды оқиға жаңғырығы мәңгі ел жадында. Нақақтан-нақақ ұлтымыздың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары «ұлтым» деймін деп – «ұлы қылмыс» жасап, «халқым» деймін деп – «халық жауы» деген жала жабылып атылып кетті. Талай бейбіт отбасыларының оты өшіп, ана жесір, бала жетім қалды. Ең өкініштісі саяси жүйе ұлттың озық ойлы азаматтарының өмірін жалмады. Алғашқылардың қатарында Алаш алыптары А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, О. Жандосов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Жұмабаев атылды. Өткенді көзге елестету оңай емес. Әсіресе, ұлттық тарихымыздың қасіретті беттерін парақтағанда жаның ауырып, жүрегің шаншиды.

«Қайран қазағым-ай, көрмегенің жоқ-ау» дегенді еріксіз айтып, тамағыңа өкініш өксігі тығылады екен. Сталиндік сыңаржақ саясаттың кесірінен 1937-1938 жылдар халқымыздың тарихында ең қаралы, ең қасіретті кезең болып жазылып қалды. Сол қай саясат тудырған зобалаң кесірінен Одақ бойынша 60 миллион, Қазақстанда 118 мың адам қуғынға ұшырады. «Халық жауы» деген айып пен ату жазасына кесілгендердің отбасы шайқалып, небір игі-жайсандардың зайыптары мен қыздары «халық жауы» ретінде «КарЛаг»-қа, «АЛЖИР»-ге жабылды. Ақмола халық жаулары әйелдерінің лагері кейіннен «АЛЖИР» атанып кеткен азап орталығы «КарЛаг»-тың 26 нүктесі болған екен. А.Л.Ж.И.Р. [Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері] – сонау 1937-ші жылы халық жауларының лагерінде 20 мыңға дейін нәзік жандар қамауда болған. Жазықсыз темір тордың арғы жағына жабылған аналар ең алдымен өзінің аштығына тоңғанына емес, балаларының жетім қалғанына қиналды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының балалары 3-4 жастарында әкешелеріне тамақ тасыған жер қазіргі кезде сол қалпында сақталынып, саяси қуғын-сүргін құрбандарының мұражайына айналып отыр. Ал, Карлагта ересектермен бірге халық жауларының балалары да отырды. Бүгінгі күні Долинка ауылында Карлагта бір төмпешіктің астында 500-ге жуық сәбидің мәйіті бар деген дерек бар. Сол балалар өздерінің шыққан тегі үшін айыпкер атанды. Жендеттердің қолында азапталды. Әйтеуір жоқ қылды. Емендей қайыспас нәзік жандылар аналарымыз баласымен сұмдық әділетсіздікке, адам айтқысыз қиындыққа қарсы тұра білді. Әлі күнге дейін ата-анасынан 3-4 жасында айырылып, сәбилер үйіне жіберілген, талантты, білімді жастардың қаншасы көз жұмғаны туралы жеткілікті дерек жоқ. Отызыншы жылдары Қарағандының еңбек түзету лагері өзінше бір дербес мекеме болды. Ол Қарағандыдан 45 шақырым жерде орналасқан Долинка ауылы. Осы жерде сынақ жүргізілді. Ес жиып, етек жинауға мүмкіндік бермеді. Ал Карлаг орын тепкен ауыл неге Долинка аталды?? Бұл ғалымдардың пікірінше, қазақтың бос жатқан жері орыстардың «доля» деген сөзінен шыққан. Ал нақты мәліметтерге келсек, бұл жер 1909 жылға дейін Қаратөбе деп аталған екен. Қазіргі Карлагтың орналасқан аумағында нағыз қаймана қазақ өмір сүрген. Онда халықты жалған желеумен жұмысқа жұмылдырған. Деректерге жүгінсек, 40 жылдырдың орта шенінде осы аймақта 120 мың қазақ болған. Әйтпесе, осыншама ұлан байтақ жерге атам қазақ, өнегелі отбасылық тәрбиенің арқасында ие болмап па еді? Ашық аспан, сәулелі күн астында қырандай самғап, кең жазық жазирада сәугіліктей желмен жарысқан, кеңдікті сүйетін қазақ баласының басына бұлт төнген 1937-1938 жылдардағы қазіргі кездегі шындықты, еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін мектеп жасындағы біздерге оқып, қарастыруға мүмкіндік туды. Халқымыз жүріп өткен ұзақ жолдың шежірелі күндеріне көз салсақ, тарих ата жадына тоқыған талай тағылымды істерді көрер едік. Тарихқа тағзым, өткенге құрмет – елге, жерге, Отанға деген құрмет болып табылады. Кешегі ұлтын сүйген ұлт жанды Ахмет Байтұрсынов,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Міржақып Дулатов қазақ халқының тарихи-мәдени дамудан кенже қалып, қараңғылықта отырған күйін суреттеп, елді өнер-білімге үгіттеді емес пе?! Жаңалыққа енжар, ұйқыда жатқан қазақтың бірі «Маса» боп құлағына ызындап, бірі «Оян, қазақ» деп, бар дауыспен жар салды. Ахмет Байтұрсынов: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деген еді. «Мен сенемін жастарға, алаш атын аспанға, шығарар олар бір таңда» деп Мағжанның жырымен ұрпаққа аманат қалдырып кетті. Бүкіл елдің кемел келешегі болатын балаларды тәрбиелеу, оларға сапалы білім беру қандай қоғамның болмасын алдындағы ең негізгі міндеттердің бірегейі болмақ. Міне, осындай жан түршігерлік деректерден соң кішкентай болсам да, ұстазыммен бірге сол бір азалы жылдардың тарихымен таныса отырып, бабалар рухына тағзым ретінде мына өлең жолдарымды арнаймын:

Тарихқа үңілсек назар салып,
Не кешпеді сол жылдары қайран халық.
Қазақтың жанып тұрған жұлдыздары,
Қудаланып кетті ғой азапталып.

Атарман, шабармандар қорлағанда,
«Халық жауы» деп қазағымды зорлағанда
«Алаш» деп ұран салып Ахмет ақын аға,
Берді ғой қазағына жетпес баға.

Санахвай Тілеугүл
7-сынып №25 ЖББОМ Қарағанды қаласы
Жетекші: Раймбекова Әсем Есімхановна

Отан деп соққан жүрегі...

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Себебі, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға арналған. Елу миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, олардың көз жасын арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күн, үлкен сынақ болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, болашақ ұрпақ үшін жан қиылған соғыс. Бір жағадан қол, бір етекпен аяқ шығарған грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып күш біріктірді.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің айтарлықтай үлесін қосты.

Қазақ жеріне соғыс отының шарпуы тиген жоқ, бірақ сол кездегі ұлан байтақ еліміздің шетіне жау тиіп жатқанда қазақстандықтар да тайлы тұяғы қалмай атқа қонғаны бәрімізге мәлім. Қазақ елі басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер де қайсар халық болған. Кең-байтақ даласының кіп-кішкентай жері үшін қорқу, үрейлену деген сезімдерді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті алыс бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына көзіміз анық жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған 100 қазақтың Кеңес Одағының Батыры атағын алғанын айтсақ та жетіп жатыр емес пе? Елдің ері шындайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Солардың 40 пайызы ерлермен тізе қосып жауға қарсы шабуға, өз беттерімен өтініш беріп, соғыс майданына бет бұрған қазақтың айдай сұлу жас қыздары болғанын естен шығармауға тиіспіз. Оларды соғыс өрті ерте есейтті.

Кеше ғана қызылды-жасылды киініп, күлкісі судай сыңғырлаған балауса бойжеткендер әскер киімін киіп, иықтарына қару асынып сұрапыл жау мен шайқасқа шықты. Жанып тұрған от пен оққа қарамастан ерлікпен күресті. Бұл сұрапыл соғыста Шығыс халықтарының қыздарынан Батыр атағын алған, бәрімізге белгілі қазақтың екі қыз Әлия мен Мәншүкті атап кетсек артық болмас деймін. Қазақтың атын шығарған аяулы аруларымыз - қос батыр, өз елі мен жері үшін соғысқа өз еріктерімен сұранып аттанған. Осының өзі бекерден-бекер емес. Олар анасының ақ сүтін ақтаған халқымыздың адал перзенттері, еліміздің бетке ұстар мақтаныштары, жұлдыздай жарқыраған әйел қауымының ар-намысы.

Араға жылдар салып, сол бір сұрапыл соғыс алыстаған сайын соғыс дүрпуі тарих қойнауына тереңдеп батып барады. Бірақ, соғыс салған зардап жойылар емес. Соғыстың зардабы мен жүрекке түсірген жарасы әлі күнге дейін халық есінде. Қан майданда 600 мыңнан астам қазақстандықтар шейіт болды. Алты жүз мың адам! Есептесең – төбе күйқаң шымырлайды. Қаншама отбасы «қара қағаз» алып, қайғының уын жұтты. Әке баласынан, бала әкесінен, ана ұлы мен қызынан, әйел ерінен айырылды. Мыңдаған отаулардың шаңырығы қирап, ортасына түсті. Махаббаттың қанаты қайырылды. Дүниеге келер талай ұрпақ сол боздақтардың бойында бірге кетті. Бұл – қазақ халқы үшін орны толмас апат! Біздің жанымыз осыған күйінеді.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл толады. Бұл сол кездегі кеңес халқының батырлығы мен төзімділігін көрсететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын қиған, туған-туысқандарына, жора-жолдастарына, туған еліне, ауылына оралмай

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қалған қаһарман батыр ерлер мен батыр қыздарды бүкіл ел болып еске түсіреді.

Сол зұлмат соғысқа қатысып, аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе? Солардың көз жасымен, қанымен, күшімен, ісімен атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл – Ұлы мереке.

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан ерен ерліктері ұмытылмайды.

Ұлы Отан соғысын
Мақтан тұтам әрқашан.
Батырлардың ерлігін
Ұмытпаймын ешқашан.

Әлия, Хиуаз, Мәншүктер
Жауға оғын жаудырған.
Бауыржандай батырлар
Жаудан елін қорғаған.

Отан үшін от кешкен,
Ерлерді мақтан тұтамыз
Батырлардың алдында
Басты иіп тұрамыз!

«Ер есімі – ел есінде» демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған Бауыржан, Әлия, Мәншүк сынды аға-апаларымыздың ерлігі мәңгілік ұмытылмайды және бүгінгі бізге, келешек ұрпаққа, үлгі-өнеге болып қала бермек. Неге десеңіз, қазіргі таңда осындай батырларымыздың арқасында біз өзіміздің тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, дамыған 30 елдің қатарына кірудеміз.

Соғыс уақытындағы осы жеңістеріміз болмаса, бүгінде жарқын болашаққа батыл қадам жасаған тәуелсіз Қазақстан да болмас еді. Міне, соғысқа қатысқан адам да, қатыспаған адам да көп жапа шекті. Не үшін дейсіз ғой? Әрине олар біз үшін, келешек ұрпақ үшін өз жандарын беруге дайын болды. Осындай намысты, қайсар, патриот адамдардың бойында бар жақсы қасиеттер қазіргі өскелең жас ұрпақтың, әр қазақ баласының бойынан табылуы керек деп ойлаймын.

Саткулова Гүлназ

2 сыныбы, Жарық жалпы орта білім беру мектебі

Шет ауданы, Қарағанды облысы

Жетекші: Бейсембекова Жадира Рымкуловна

Отан үшін от кешкендер

Бізде Отан үшін от кешкен батырлар өте көп. Олар өзінің елі, жері үшін аянбай тер төккен. Тіпті өздерінің өмірлерін пидә еткен. Біз бұл батырларға қарыздармыз. Биыл миллиондаған жандардың жүрегіне жара салған соғыстың аяқталғанына 70 жыл екен. Сол жүректерді қуанышқа кенелткен жеңіске 70 жыл. Сол жеңіс үшін қазақ елінің қосқан үлесі ұшан-теңіз. Ол аталарымыздың еңбегі. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сияқты апаларымыз бен Рахымжан Қошқарбаев, Бауыржан Момышұлы сынды батыр аталарымыздың ерліктері елге аңыз, бізге ертегі сияқты. Осы кісілердің ерлігі есімізде мәңгі сақталады. Бұл кісілер ғана емес соғысқа қатысқан әр қазақ – батыр. Өйткені олар менің бабаларым. Осы батырлар аянбай елін, жерін жаулардан қорғамағанда осындай деңгейге жетер ме едік. Менің ойымша Отан үшін жанын қию, барлығының қолынан келе бермейді. Бұл Отанға деген сүйіспеншілікті білдіреді. Сондықтанда біз Батырлардың жеңісін әрқашан есімізден шығармай, жадымызда жаңғыртып жүруіміз қажет.

Саулинова Маржан

№ 9 ЖББОМ Жезқазған қаласы

Қарағанды облысы,

Жетекшісі: Әбубәкір Ж.М

Ер есімі мәңгіге ел есінде

Қар жамылған кең дала, қанға бөгіп,
Дүрілдейді сұр аспан өлім төгіп.
Жас қазақ, Мұрттай ұшты уралап.
Жанын қиып кете алмай, жас өмірден,

Асқақтаған арманға өрмелеумен.
Жас қазақ, жатты көзі от жайнап.
Сол бетімен жан беріп, ол тұрмады,
Ары үшін елінің боп құрбаны.
Жас қазақ, атылды оқтай уралап.
Ел қорғаған майданда жас арыстан,
Төлегендей артында қалар дастан.
Жас қазақ, жатты жауын жаныштап.

Рамазан Елебаевтың қазақтың батыр ұлы, біртуар азаматы Төлеген Тоқтаровқа арнап жазған «Жас қазақ» өлеңінде батыр атамyzдың ерлігін, сұрапыл соғысты көз алдымызға елестетеді. Бұл өлең Ұлы Жеңіске 70 жыл толуына орай еліміздің барлық аймақтарында іс-шаралар өтілуде. Соның бірі мен жазып отырған шығармалар сайысы. Менің шығармам Кеңес Одағының батыры, Отанымызды опасыз жаудан қорғаған ержүрек батырымыздың бірі — Төлеген Тоқтаровқа арналады. Ол Шығыс Қазақстан облысындағы Қарақұдық ауылында 1920 жылы дүниеге келген. Ашаршылық кезінде ата-анасынан айырылған Төлеген Тоқтаров жастайынан өмірдің тауқыметін, ащы-тұщысын көріп өсті. Риддер қаласында жеті жылдық қазақ мектебінде білім алып, 1938 жылы қорғасын заводында жұмыс жасайды. Ұлы Отан соғысы басталғанда әскер қатарына өзі сұранып 1942 жылы 12 қаңтарда Мәскеудегі Панфилов дивизиясындағы 275-полктың автоматшылар ротасының жауынгері болып қабылданады. Төлеген Тоқтаровпен бірге Мәскеу түбіндегі шайқастарға қазақ халқының көптеген ұлдары ерлікпен шайқасты. Атап айтсақ олардың арасында Кеңес Одағының Батырлары - Бауыржан Момышұлы, Рашид Жанғозин, Мәлік Ғабдуллин, Төлеуғали Елебековтер болды. Сонымен қатар Нагаткино, Соколово, Трошково, Бракловицы, Траково деревняларын қорғауда асқан ерлік танытып көзге түседі. Төлегеннің бөлімшесі 1942 жылы ақпан айында Бородино селосы үшін жау әскеріне қарсы соғыс жүргізді. Бірнеше күнге созылған бұл шайқаста Төлеген неміс бөлімшесінің штабына басып кіріп, бес офицердің көзін жойып ерлікпен қаза тапты. Бородино селосындағы көзсіз ерлігі үшін халқымыздың батыр ұлы Төлеген Тоқтаровқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Халқымыз "Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді" - дейді. Төлеген Тоқтаров жайында кітаптар, ән, опера жазылып, ескерткіш орнатылып, көшелердің аты берілуде. Сондай көшелердің бірі Жезқазған қаласындағы мен тұратын Төлеген Тоқтаров көшесі. Менің көшеме осындай ержүрек батырымыздың есімі берілгені мен үшін үлкен мақтаныш. Осындай мақтаныш сезім әрбір адамның жүрегінде болса екен деймін. Еліміздің егеменділігін мәңгіге сақтап қалу үшін елімізде Төлегендей ерлеріміз көп болсын.

Сауытжан Жібек

6-сынып, №19 орта мектеп
Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қасым ауылы
Жетекшісі: Смаханова Майра Кайрбековна

Жойылсын жалғыз сөз «соғыс» деген...

Мен соғысты көрген жоқпын. Бірақ отты жылдардың тарихы барша адамзаттың санасында соғыс пен бейбітшіліктің, өмір мен өлімнің, жарық пен қараңғылық күресінің бітпес шежіресі екендігін кинолардан, көркем шығармалардан, жыл сайын Жеңіс күні қарсаңында газет-журналдарда жарық көретін мақалалардан оқып, көріп білемін. Ауқымы мен адам шығыны, XX ғасырдың ең бір қасіретті ауыр нәубетті кезеңі екінші дүниежүзілік соғыс дер едім.

Қаралы тарихымызға айналып, санамызға сіңген 1418 күн мен түнге созылған қанды майданның аяқталғанына биыл, міне 70 жыл толғалы отыр. Жиырма миллионнан астам адамның өмірін қиып, миллиондаған жанның асыл арманын көктей солдырған адамзат тарихындағы бұл қанды қырғын Қазақстан халқы үшін де аса ауыр сын болды. Елдің басына түскен бұл зұлмат нәубеттің сипатын қазақтың қаһарман ұлы, белгілі жазушы Бауыржан Момышұлы атамыздың: «Біздің елде соғыс жалыны шарпылмаған бірде-бір отбасы жоқ. Майданда, тылда Совет елі ынтымақ, адал ниеттілік, ауызбіршілік, бауырмалдық сезімдерін жанмен де қанмен де, термен де ғажайып ақтады. Майданда да, тылда да жаппай батырлық, батылдық көрсетті», - деп сипаттауы сол кезеңнің шынайы шыдығы болды. Біздің елімізден майданға аттанған 1 миллион 366 мың қазақстандықтардың 601 мыңнан астамы соғыс даласында көз жұмды.

Қазақстаннан барған жауынгерлер Москва, Ленинград, Сталинград қалалары үшін, Украина, Еуропа елдерін азат ету және дұшпан ордасы Берлинді алу шайқастарында жауынгерлік даңққа бөленді. Еңбек майданындағы ерлердің Жеңіс күнін жақындатуға өлшеусіз зор үлес қосқаны бір басқа шындық.

«Адал ұл ер боп туса – ел тірегі», - деп Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай, елге қауіп төнген кезде, 1941 жылдың басталған алғашқы үш айында Қазақстанда 316, 238, 310, 314, 357, 391

атқыштар дивизиялары құрылды. Оның ішінде, әсіресе, генерал И.В.Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы Москва түбіндегі шайқастарда өшпес даңққа бөленді. Қазақ жауынгерлерінің майдандағы ерлігі мен тапқырлығы, қас жауынан тайсалмайтындығы мен сұстылығы, біздің достарымызды сүйсіндіріп, дұшпандарымызды күйіндірді. Бұған көрнекті жазушы, публицист И.Эренбургтың: «Қазақтар ең далада атқа мініп шабуылға дағдыланған адамдар, ал егер керек болса, олар еңбектейді де, жүгіріп те кетеді, тырбанып тау-тасқа да шығады. Олар сазға батпайды, оларды еш нәрсе де тоқтата алмайды», - деп айтқаны дәлел бола алады.

Мен үшін қазақ халқының ұлы перзенті, қаһарман жауынгер, даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, әйгілі жазушы Бауыржан Момышұлы – XX ғасыр биігінде тұрған дара тұлға. Б.Момышұлы 1941 жылдың жазында басталған Ұлы Отан соғысына 1945 жылдың көктеміне дейін үзбей қатысып, елімізді фашист басқыншыларынан қорғап қалу жолындағы қан майданды қаһармандылықпен қақ жарып өтті. Қарапайым командирден даңқты қолбасшы тұғырына дейін көтерілді.

Соғыс кезінде ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен, тапқырлығымен және жеке басының ерен ерлігімен ерекше көзге түсті, қаһармандық даңқы аңызға айналды. Қаһарман қолбасшы Б.Момышұлы өзінің бүкіл өмірін туған қалқы мен туған елі рухының еркін самғап, биікке тұруына арнады.

Халқымыздан шыққан батыр тұлғалар аз болған жоқ. Ал жерлес жауынгер-батырларымыздың Совет Одағының Батыры Нүркен Әбдіров, Мартпек Мамыраев, Петр Теряев, Расул Есетов, т.б. есімдері мәңгі жадымызда сақталады. Ұлы Отан соғысының шежіресі – мыңдаған ұлдар мен қыздардың қанымен жазылған қасиетті тарих. Халық ерлігі өлмейді, ол жылдар өткен сайын қайта жанғырып, адамзат зердесіне орала береді. Ұрыс даласында қан жұтып, қыршыны қиылған боздақтар да, жеңіс жалауын жер үстінде желбіреткен жауынгерлер де, бізге бірдей қымбат. Бұдан 70 жыл бұрын, Ұлы Отан соғысы ұрыстарының соңғы гүрсілінің үні өшсе де, туған елден жырақта, оқ пен оттың ортасында арпалысқанда фашистік жендеттерді бір адым ілгері аттатпай, оқ тескен кеудесімен жат жердің топырағын құшып, мәңгілік тосқауыл болып қалған қазақстандық боздақтардың «Отан үшін!» деп жантәсілім еткенін қалай ұмытуға болады?! Өйткені бүгінгі сән-салтанатты жарасып, өркениетке қадам басқан күніміздің сол соғыс жылдары мезгілсіз солған жастың, қыршын үзілген ғұмырлар ерлігінің нәтижесі екендігі баршамызға аян. Ендеше, отанға деген сүйіспеншіліктің, еркіндіктің, төзімділіктің, патриотизм мен интернационализмнің, батырлық пен ержүректіліктің, өзінің жеріне, халқына қызмет етудің үлгісі болып табылған Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне мың мәрте тағзым етіп, басымызды иеміз.

Саянқызы Айдана

3 с.о. №76 ЖББОМ Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Берлибекова.Б.М.

Жеңіс мерекесі – бейбітшілік сүйгіш бүкіл адамзаттың мерекесі. Жеңіс мерекесі – жеңімпаз әкелер мен аға буынның және сол ағалар ісін алға апаратын жас буынның мерекесі. Бұл біздің ең қасиетті де қастерлі мерекеміз, Жеңіс күні 9-мамыр – бүкіл дүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Жеңіс күні! Ол қалай келді?- деген сұрақ көкейімізге келеді. Бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, майдангер аталарымыздың мерекесі. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иіп әрқашанда тағзым ету біздің басты парызымыз деп білемін. Десек те, ұмытылмайтын ескермейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес. Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылы маусымның 22-де болған еді. Иә, сұрапыл соғыс ешкімді аямады. Ана жарынан айырылды, бала әкесінен айырылды. Бірақ жеңіске деген үміт оты өшкен жоқ.

Ешкім де ештеңе де ұмытылған емес. Соғыс күйретуші күш. Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе ұмытылған жоқ. Бірақ сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9-мамырда Ұлы Жеңіспен аяқталды. Міне, содан бері 70 жыл мерзім уақыт өтті. 2015 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Бұл тек, сол соғыста жеңіске жеткенімізді атап өтетін күн ғана емес. Ол – сол соғыста жеңісті жақындату үшін жан аямай шайқасып, қан майданнан оралмай, еліміздің берік қорғанындай болып қалған арыстарымызды еске алатын күн. Әр жас ұлан туған елінің өткені мен бүгінін біле отырып, болашаққа қадам басады. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешкен жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының тарих парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың жауды қайсарлықпен талқандап соғысқанына көзіміз әбден жетеді. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосқанын білеміз.

Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін барып Рақымжан Қошқарбаев атамыз Рейхстагқа ту тікті. Қазақ жауынгерлерінің ішінде өшпес ерлік жасаған 500 жауынгер Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та болады. Атап айтқанда, қазақтың маңдайына жарқырап біткен ерен ұлдарының бірі, қайталанбас біртуар тұлға, Ұлы Отан соғысындағы әйгілі командир, гвардия полковнигі, жазушы Бауыржан Момышұлы, 207 рет соғысқа қатысып өшпес ерлік көрсеткен, қайсар да, қайтпас қаһарман есімі қазіргі уақытта батырлықтың символына айналды. Ерліктің қос қанаты деп білемін, Аяулы Әлия мен Мәншүгімді, - деп есімдерін ән-жырға арқау еткен, шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімдерін, бүгінгі ұрпақ ерліктің ғажайып үлгісі деп айтамыз. Жас қыздың қайтпас қайсарлығы таң қалдырмай қоймайды. Сөйтіп, 1942 жылдың күзінде өзі сұранып майданға аттанады. Мәншүк соғыста пулеметші болды. Қазақ халқының даңқты қызының аз ғана әскери жолы, орыстың көне қаласы – Ревель түбінде жасалған өшпес ерлігімен аяқталады.

Мәншүк Мәметова 1943 жылы қазанның 15-інде қаза болды. 1944 жылы 1-наурызда Мәншүк қаза тапқаннан кейін оған Кеңес Одағының батыры атағы беріледі.

Халқымыздың батыр қыздарының бірі – Молдағұлова Әлия Нұрмұхамедқызы. Әлия 1925 жылы 20 сәуірде Ақтөбе облысының Қобда ауданында Бұлақ деген жерде дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылған Әлия Нағашы ағасы Әбубәкір Молдағұловтың қолында тәрбиеленеді. Өз еркімен военкоматқа арыз беріп, майданға сұранады. Әлияны атқыштар мектебіне оқуға жібереді. Ол мектепті өте жақсы бітіріп майданға аттанады. Жаумен қасық қаны қалғанша күресіп, жау қолынан оққа ұшты. Майдандастары арасында үлкен беделге ие болған мерген қыз Әлия 1944 жылы 15 қаңтарда қаза болды. Қаза тапқаннан кейін 1944 жылы 4 маусымда Әлия Молдағұловаға Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Шығыстың қос жұлдызы атанған қазақтың батыр қыздарының өшпес ерліктері тарих парақтарына алтын әріптермен жазылып, біздің есімізде мәңгі сақталады.

Әсіресе, Отанға төнген қауіп 96 жастағы Жамбыл атамызды да тыныштандырмады. Соғыстың алғашқы төрт жылында үш мыңдай жырларын төкті. Бұл өлеңдерден 1941 жылы 900 күн, 900 түн қоршауда қалған Ленинградтықтарға арналған болатын. Жамбыл атамыздың өлеңдерінен керемет рух алып, жаумен арыстандай арпалысқан жауынгерлер, мыңдаған адамдар көздеріне жас алып жігерленді. Қарағандылық жерлесіміз Нұркен Әбдіров талай әуе шайқасына қатысып, ерлік пен өжеттік, әскери шеберлік танытты, әр тапсырманы мұқият орындап отырды. Барлығы 17 рет әуе шайқасына қатысқан Нұркен жаудың 18 танкісін, 46 жүк машинасы мен көлігін, оның ішінде оқ-дәрі тасыған 18 керуенді, жанар май күйған цистернаны талқандап, зенит қондырғыларының бесеуін, бірнеше жабық атыс ұясын, талай жау әскерін құртты. Жау оғы самолетке тиіп, өртене бастады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

"Өзекті жанға бір өлім" деген ой шарпып өткен ұшқыш, отқа оранған күміс қанат сұңқарды фашист танктері шоғырланған тұсқа қарай бұрды. Нұркен мен оның қандыкөйлек серігі Александр Комиссаров екеуі ақтық рет қаншама жауды қырып, жастықтарын бірге ала кетті.

Осы ерлігі үшін Нұркен Әбдіровке 1943 жылғы наурыздың 31-де еліміздегі ең мәртебелі атақ – Кеңес Одағының Батыры атағы берілген еді. Қарағанды еңбеккерлері, олардың ішінде кеншілер, Нұркен Әбдіров атындағы самолетке қаржы жиып, жауға аттандырды. Қарағандының қақ ортасында батыр Нұркен бейнесі мәңгілікке орнықты. Кеншілер астанасының әсем спорт сарайы батыр жерлесіміздің есімін иеленген. Қазақ батырының ерлігі қанша жыр-хикаяға, ән мен әңгімеге арқау болды.

Қарапайым қазақ баласы Нұркен Әбдірұлының өмірі мен ерлігі қаһарман, қаншыл қазақ ұлтының бойындағы игі қасиеттердің айнасындай, әлемге шұғыла шашып тұр.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды. Отан үшін қаза тапқандарды ел әр уақытта есінде сақтайды. Өйткені олар біздің бақытымызды қорғады. Отан үшін, ел үшін құрбан болды.

Біздер жас ұрпақ халық қаһармандарының жүріп өткен ерлікке толы жолдарын, азаттық үшін күрескен ерлер мен батырлар есімдерін мәңгі есте сақтап, ешқашан ұмытпаймыз. Жеңіс үшін өмірге, жастық шағын қиған тағдырдың ауыр да, азапты таукіметінен өтіп, Отанға деген махаббатты от басып, су кешіп, дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен күнге азайуда. Олардың тірі қалғандары, арамызда жүріп жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері саусақпен санарлықтай. Қарттарды, майдангерлерді әрқашанда қадірлейік!

Халық қаһармандарының өшпес ерліктері елге мұра, жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған, байтақ жерімізді, бүгінгі күні дүниежүзі таныған, әлем мойындаған, тәуелсіз мемлекет болуы, біздерге бейбіт елдің ұландары үшін үлкен мақтаныш.

Сейсенбек Азиза

10-класс, №16 орта мектеп

Қарқаралы ауданы, Қарағайлы кенті

Қарағанды облысы

Жетекші: Табулдина Айнагүл Тұяқбаевна

«Күркіреп күндей өтті ғой соғыс», - деп ақын Қасым Аманжолов жырлағандай, жер әлемді сілкінткен соғыс өртінің жеңіспен тұншықтырғанына да 70 жыл толды. Уақыт өте келе бұрынғы окоптардың орны білінбей де қалды, шайқастар өткен далада қазіргі таңда егістік

алқаптары жайқалып тұр, фашистер талқандаған қалалар мен ауылдар қайта бой көтерді. Соғыс іздері жер бетінен өшіп қалғандай, әйтсе де, жаңғырығы әр адамның жадында сақталуда. Төрт жыл 1418 күн мен түнге созылған сұрапыл соғыста біздің сан мыңдаған бауырларымыз Отан үшін отқа түсіп, қаншама боздақтарымыз сұм соғыстың құрбаны болғаны – ащы шындық. Олардың басым көпшілігі ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, халқымыздың ерлік рухын асқақтатты. Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең қатыгез соғыс болып табылады. Майданға 61 мемлекет, жер шары тұрғындарының 80% қатысты, соғыс қимылдары 40 мемлекеттің аймағында, сондай-ақ, теңіздер мен мұхиттар аумағында жүргізілді. Қарулы күштерге барлық елдерді қоса алғанда 110 млн. адам біріктірілді. Барлық елдердегі адам шығыны 50 млн-ды құраса, оның ішінде 27 млн. адам – кеңес үкіметінің халқы. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халық үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш әрине – бірлік. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүзден аса жерлестеріміз соның ішінде тоқсан алты қазақ Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш –қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Рақымжан Қошқарбаевтың Ұлы Отан соғысында жасаған ерлігі баршаға аян. Ол алғашқылардың бірі болып, Берлинде Рейхстагтың үстіне қызыл ту тікті. Бұл сәуірдің 30-ы күні 18 сағат 30 минутта болған еді. Төл тарихымыздан ойып алар орны болса да есімі ескерусіз жатқан ерлердің бірі – Кенжебай Мәденов. Оның есімі кешегі қанды қырғын соғыстағы жеңіс тарихымен біте қайнасып жатыр. Жеңіс күнін жақындатуға жол салған десе де болады. Өйткені, «Империя кеңсесі» атанған Ратушаға алғаш ту қадаған кім еді десе, біз мақтанышпен біздің жерлесіміз қаратөбелік Кенжебай атамыз дер едік. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ халқының азаматтары атақ-даңқын өшпестей қылып тарих бетінде қалдырды. Төлеген Тоқтаров, Нұркен Әбдіров, Ақан Құрманов, Талғат Бигелдинов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сияқты ел аузында аттары жатталып қалған таңдаулы ұлдарымызбен қыздарымызды қалай мақтаныш етсек те жарасады. Біздің Отанымыз үшін өмірлерін құрбан еткендердің саны жылдан жылға азайып барады. Дәл осы жандар от пен суға

түсіп, окоптарда тоңып, өзендерді кешкен, және осының барлығын біз өмір сүретін жерді сақтап қалу үшін жасаған. Қантөгіс соғыстың ауырлығын қайсарлықпен көтере білген, бақытқа әрі қайғыға толы, жақындарынан айырған ұзақ ғұмырды бастан өткізген адамдар. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диқаншы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Соғыс әр отбасында қайғы – қасіретпен бірге, миллиондаған жүректерге сағыныштың сарғайған дағын қалдырып кетті. Сол күн де жүрек сыздатқан сағынышты үмітке жеңдіріп жүріп, асыл жарын күткен аяулы арудың самайын ақ шалды. Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парактаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен. Соғысқа қатысқан аталарымыз – келешек ұрпақтарының, бейбітшілікте өмір сүруін қалады. Аталардың ерліктері – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Сұм соғыс біреуді жесір етті, біреуді жетім етті. Балалығы сұрапыл соғыспен қатар келеген біздің бүгінгі ата-әжелеріміз сол уақытта ерте есейген еді. Ел үшін, жер үшін, Отан үшін, болашақ ұрпақ үшін, Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұлтына, дініне қарамастан бүкіл халық оны қорғауға аттанып, қан төгіп, қасірет шекті. Жеңіс келді, Алтын күн елжіреді, Қуаныштан жарылды ел жүрегі. Әр батырдың есімі биіктерде, Жеңіс туы секілді желбіреді, - деген өлең жолдарымен жеңістің құндылығын білдіргім келеді. Қазіргі кезде барлық елдерде қай соғысқа да болмасын қарсы шерулер үздіксіз өтіп жатады. Олар Жер –Ананың бауырын өрт шалмауын тілейді. Жанап өтті болашақ, бала

болып өспедім, Шаруаның ғұмыры, кенедейден кешкенім. Менен сұра, Еңбектің қысқа таңын, кештерін, - деп ақын М. Мақатаев балалық шақтың қызығын білмей, жер жыртып, егін салып, өмірдің қиындығын үлкендермен бірге бөлісіп, ерте есейген балалар өмірін осылай жырлайды. Солардың арқасында бүгінгі таңда біз «қазақ» атты бірлігіміз жарасқан тәуелсіз елміз. Күніміз бейбіт, өміріміз жайдары, көңіліміз ашық, шабытты балалармыз. Ұлы Жеңістің қандай күшпен келгенін ешбір адамзат ұмытпай, соғыс тарихын ұрпақтан-ұрпаққа естелік ретінде қалдыратыны сөзсіз.

Сембек Гульбахыт

8 класс, основная школа №44 г. Караганда

Руководитель: Молгаждарова Сагдат Мейрамовна

Мен батыр халықтың қызымын!

Біз жиырма бірінші ғасырдың бейбіт өмір бесігінде тербелген бақытты ұрпақпыз. Сол бақыттың «тар жол, тайғақ кешкен» бабалар ерлігінің жемісі екенін біліп қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа өнеге етіп әспеттеу біздің парызымыз. Жер бетін тып-типыл етуге ниеттенген екінші дүниежүзілік соғыс біздің қазақ халқы үшін ұлттық қасіретті үдете түсті. Ұлтымыздың сүт бетіндегі қаймағындай зиялыларды жалмап өткен куғын-сүргіннен есеңгіреген халықтың тағы да қасіреті басталды. Дүниені жалмаған сұрапыл соғыс талай шаңырақты шайқалтып, өрімдей ұл қыздарымыз Отан үшін отқа түсуге мәжібүр болды. Тарихтың талай сынынан өткен ұлтымыздың басына тағы да сынақ туды. Анасын бала, данасын елі жоқтаған мұңға толы зарлы үндер қазақ даласын тағы да күңіrentті. Біздің бабаларымыз бұғанда дейін қанқұйлы талай соғысты басынан өткізді. Олардың ең соңғысы Ұлы Отан соғысы болды. «Жаным – арымның садағасы» - деп, елі үшін ер ерлігімен су кешкен ержүрек ағаларымыз бен апаларымыздың арманы біздің бейбітшілікте өмір сүруіміз еді. Шыбын жандарын шүберекке түйіп, туған жерінен жыраққа аттанған қазақтың қыршын ұл- қыздарының жасампаздығы қазіргі өскелең ұрпақ біздің намысымызды қайрай түсетіні сөзсіз.

Бабаларымыз азаттық жолындағы қан төгісте қолдарына қару алып жаумен шайқасып қана қоймай, қара тасты қақ жарған сөз қаруын қатар ұстана майдан даласындағы жауынгерлердің рухын шыңдап, мерейлерінің үстем болуына да орасан зор үлес қосты. Ақын бабамыз Жамбыл: «жата алмаймын төсекте жаным қалай жайланып» деп, күңіrendі. Ақынның бесіктегі баладан, еңкейген қарияға дейін сүйсініп оқитын «Ленинградтық өрендерім!» атты шығармасы жауынгерлерге қайтпас қайсар, мұқалмас жігер берді. Бабамыз қазақтың намысы үшін аянбай тер төкті. Қайсар қарияның есіл арманы орындалып, елінің елдігі, ұлтының ерлігі дәлелденді. Жалғызының жанын емес, ел мүддесін ойлаған Жамбыл бабамыздың өнегесі халқымызбен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табуда.

Сол бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалыста қауызын ашпай көктей қырқылған ұлтымыздың асыл боздақтары әттең дариға-ай, қаншама Абай, Шоқандар кетті екен деген, ойға да қаласың. Алайда, қазақ қыздары Әлия мен Мәншүктің қалдырған өшпес іздері халқымыздың тектілігін дәлелдеп, әрбір қазақтың жүрегіне бүгінге дейін мақтаныш пен жігер ұялатады.

«Әлия – батыр қызы сен халқымның, Әлия – ару қызы сен кең даламның!, Ерліктің қос қанаты деп білемін, Аяулы Әлия мен Мәншүгімді» деген жыр шумақтары бүгінде атамекенін сағыныш сазына бөлейді. Тау мен тасында ер қыздарының есімі алтын әріптермен өрнектелсе, бүгінгі ұрпақ олардың рухына бас иіп, тебірене еске алады. Осы бір әндерді естігенде бойымызды намыс билеп, қазақтың қасық қаны бар азаматтың Отанға деген патриоттық сезімін асқақтатары сөзсіз.

Ұлы Жеңістің шоқ жұлдызы алғашқы болып Жеңіс туын тіккен Рахымжан Қошқарбаев атамыз халқының беделін бүкіл әлемге паш етіп, өскелең ұрпақтың санасында батыр тұлғаның символына айналды. Халқы үшін бір төбе Бауыржан Момышұлының майдан даласындағы ерліктері мен адами қасиеттері туралы аңыз әңгімелердің жастарға берер тәрбиелік маңыздылығы ұшан теңіз. Қаһарман атамыз Бауыржан Момышұлы көз жұмғанша ел мүддесін ту ғып ұстап, қазақтың ар намысын сұрапыл қан майданда да таптатпады. Соғыс жайындағы деректерді терең зерделеген сайын туған халқымызға деген сүйіспеншіліміз артып бойымызды мақтаныш сезімі кернейді. Батыр халықтың ұрпағы екенімізді Бауыржан Момышұлы атамыздың ерлігімен айшықтай аламыз. Батыр ата туралы естеліктерге көз жүгіртсек, генарал-майор И.В. Панфилов қолбасшылық еткен 316-атқыштар дивизиясындағы аға лейтенант 25 жасар Бауыржан басқарған батальон бұрынғы Кеңес үкіметінің жүрегі Мәскеу қаласын жаудан қорғауда ерекше ерен ерлік көрсеткен. Қазақтың батыр халық екенін бір туар атамыз айнытпай дәлелдеген. Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Рақымжан Қошқарбаев, жауынгер-журналист Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров сынды қайсар бабалардың ұрпағы болғанымызды бүгінде шаттана жырлаймыз.

Біздің сүйікті қаламыз Қарағанды батыр бабалар мекенінің бірі болып саналады. Мұнда Ұлы Отан соғысының батыры – ұшқыш Нүркен Әбдіров ағамыз дүниеге келген. Батыр өмірінің соңы өшпес аңызға айналды. Ол соңғы шайқаста өрт шарпыған соғыс ұшағын бар күш жігерімен, соңғы демі үзілгенше басқара отырып, жаудың мықты қаруланған колоннасына құлатып барып, ажалға қаймықпай кеуде тосты. Қазақ батырларының ішіндегі алтынмен аты жазылғандарының бірегейі болып саналады. Қарағандылықтардың бүгінге дейінгі ұрпақтан-ұрпаққа жеткізер аңызы болып келеді. Бүгінде Нүркен Әбдіров атамыздың өр тұлғалы ескерткіші қалалықтарды ерлікке үндеп тұратындай.

Өзге халықпен тереземіздің тең болуын қалаған ағаларымыздың асқақ арманы бүгінгі күні орындалып, тәуелсіздік таңымен арайлап атқанына баршамыз куәміз. Тәуелсіздіктің дәмін тата алмаған сол боздақтардың есімі өскелең ұрпақтың жадында мәңгі сақталады. Ашық аспан аясында анасы алаңсыз, баласы балбырап ұйықтайтын бейбітшілік күнін сыйлаған отан қорғаушыларға айтар алғысымыз шексіз. Тектіден қалған тұяқтың Ұлы Отан соғысы жайлы тебірене жазар шығармалары таусылмақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

емес. Бұл – біздің міндет. Бұл – біздің-бабалар рухы алдындағы парызымыз. Біздің Отанға деген патриоттық сезіміміз Б.Момышұлының: «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ, біздің тек, отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік» - деген, өсиетімен жалғасын таппақ.

Мұндай ерлері бар халықтың болашағының зор екендігіне енді ешкім де күмән келтірмесі анық. Мен де батыр халқымның бір қызымын!

Серіков Абай

6 сынып, № 9 орта мектебі, Жезқазған қаласы

Қарағанды облысы

Жетекші: Тусупбекова Сандугаш Куайжановна

Ұлы Отан соғысындағы жеңіс –бүкілхалықтық мереке

Адамзат тарихының дамуында үш азапты
кезең бар: оба ауруы, аштық, соғыс...

У.Гладстон

1941 жылғы 22 маусым – тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Жетпіс жыл бұрын осы күні Ұлы Отан соғысы басталды. Ел тәуелсіздігін қорғану үшін бүкіл халық болып көтерілді. Соғыстың көрсеткен зардабы адам айтқысыз, өлшеусіз болған.

Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз — өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар тойлады. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жаныны қиып бақытты өмірін қамтамассыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні күні елі мен жері үшін жанын пиде еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман елдері бүкіл елі болып еске түсіреді.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, бір мың он сегіз күн мен түн бойы өз жері мен отан үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Отан үшін, болашақ ұрпақ үшін, Отанымыздың бомтандығы мен тәуелсіздігі үшін ұлтына дініне қарамастан бүкіл халық оны қорғауға аттанып, қан төгіп, қасірет шекті. Олардың Отанына, жеріне, еліне деген патриоттық сезім оянды. Сол күн туған кезде Отан үшін неміс басқыншыларына

қарсы қолдарына қару алып майданға аттанған жауынгерлердің бір миллион үш жүз алпыс алты мыңы Қазақстандық жауынгерлер болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ халқының азаматтары атақ-даңқын өшпестей қылып тарих бетінде қалдырды. Төлеген Тоқтаров, Нұркен Әбдіров, Ақан Құрманов, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сияқты ел аузында аттары жатталып қалған таңдаулы ұлдарымызбен қыздарымызды қалай мақтаныш етсек те жарасады. Әкелеріміз бен ағаларымыз осынау қан майданға өздерінің жанкештілік қаһармандығымен басқа еуропалық ұлттар алдында өжеттілігімен, қайсарлығымен танылды.

Бір қуанарлығы елімізде, әсіресе соғыс ардагерлеріне деген құрмет толассыз. Отан үшін отқа түскен соғыс ардагерлері барлық құрметке лайық. Өйткені «соғыс» деген суық сөздің үстінде «Жеңіс» атты қуанышы жарқырата жазуға үлес қосқан сол қарттарымыз емес пе? Солардың арқасында бүгінгі таңда біз «қазақ» атты өте күшті дамыған елміз. Күніміз бейбіт, өміріміз жайдары, көңіліміз ашық, шабытты балалармыз.

Біз сол жеңіс сыйлаған жалғасымыз. Сондықтан олардың қаһарманын мақтаныш ету әркімнің парызы. Соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап қан майданнан оралмаған жауынгерлер рухына бас иеміз.

Советкали Ерасыл

8 сынып, № 26 мектеп гимназиясы

Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы

Жетекші: Кушигулова Айгуль Толыбаевна

Өшпес із, жазылмас жара қалдырған жылдар- ай

Көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Екінші сынып бітірген бала жердің астынан қара көмірді вагонға тиеп жүр. Кәдімгідей ерлермен тең жеті қат жер астына түсіп, көз байлар қараңғылықтан, тарс-гүрс еткен шудан да шошымайды. Мүмкін емес. Бұл не қиял деп ойлаған да болатын шығарсыздар. Иә, қазіргінің екінші сынып оқитын балалары мұндай қорқынышты көріністі көз алдарына елестетіп көрмеген де. Ал, соғыс жылдарында әрбір баланың өмірі осындай еді. Тәтті ұйқы, балалық шақ деген ұғым, сезім, орындалмаған арман болып қалды олар үшін. Табиғаттың мезгіліне, мінезіне қарамастан далада, қалада ауыр еңбек ете жүріп, соғыстың аяқталуына үлкен үлес қосты сол заманның адамдары, жас өрімдері.

Бала болса да шахтада жұмыс істеді деп Әбілда Ақмолдаұлы туралы айтып отырмын. Үйдің тұңғышы болғандықтан, Ұлы Отан соғысы басталған уақытта ауыртпашылықтың бәрі Әбілда атама түседі. Аяулы әкесін соғысқа алмай, Байқоңыр кентінде қара алтынды теміржол торабымен жөнелту үшін станция бастығы қызметіне тағайындайды. Осылайша тыл өмірі басталады.

Атам Ақмолда, үлкен баласы Әбілда станция басында қопсытылған көмірді вагондарға тиейтін еді. Жұмыс арнайы техниканың көмегінсіз, қара білектің күшімен орындалатын. Сүйегі қатаймаған менің атама оңай болмағаны анық. Кететін қажыр-қайратты айтпағанның өзінде, шаң-тозаң жас баланың денсаулығына әсерін тигізбей қоймайды ғой. Ол кезде әр таң мұң шапағатымен таралатын еді. Бірер сағат қана көз шырымын алып тылдағы әр адам «Жеңіс үшін» деп жеңін түріп жұмысына кете баратын. Әсіресе, сол кезеңде шахталар мен кенішлер сұм соғыстың жеңіспен аяқталуына үлкен үлес қосқаны белгілі. «Жеңісті қорқынышпен және қуанышпен қарсы алдық» - дейтін аташым. Кезекті жұмыс күні аяқталып, азан-қазан болған, секіріп қуанған, зар илеп жылаған халықты көргенде ауылды немістер басып алды ма деп ойлап қалған. «Жеңіс! Жеңіс!» деп айқайлаған дауыстарды естігенде барып қана зұлмат соғыстың аяқталғанын түсінген. Сөйтсе, халық қуаныштан көз жасын көл етіп жатыр екен. Бұл кезде атамның жасы небәрі он екі жас шамасында. Ал кейіпкеріміздің бүгінгі өміріне тоқталсақ, атам бес баласына тәлім-тәрбие беріп, үлкен азамат болуына атсалысты. Әбілда атам Байқоңыр кентінің әрбір кірпішін өз қолымен қалаған жан. Мамандығы – прораб. Өкінішке орай, атам елу жеті жасында дүние салды. Көзі тірісінде тартқан азап күндерін жиі еске алатын. Қиын-қыстау шақтарда буыны қатаймаған балалардың ерте еңбекке араласуы, бала болып ойнамай, ерте есеуі, Жеңіс күнін жақындатуға зор үлес қосқаны айдан анық. Әкесіне көмек болсын деп еңбек майданына араласу – үлкен батырлық дерсің. Міне, қазақтың балалары қандай! Ешқашан мойымаған және мойымайды.

Соғыс пен тыл – біртұтас, оны бөліп-жарып қарауға болмайды. Соғыс жылдарындағы қиыншылықтарды бүкіл Кеңес еліндегі балалар бастарынан өткізді.

Ұлы Отан соғысында барлық адамдар өз үлестерін жеңіске қосты. Біреулері еңбек, біреулері майдан шебінде болып, біреулері қаламмен де, қарумен де жауға қарсы тұрды. Біз қазір қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүріп жатырмыз емес пе, осының бәрі сіздердің арқаларыңызда, соғыс және тыл ардагерлері.

Біз бейбіт өмірдің куәгерлері болғанымызға өте қатты қуанамыз. Елімізді көркейтуге, әрі қарай дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Мен енді ешқашан соғыс болмауын қалаймын. Себебі, мен соғысты жек көремін!

Тайшыбай Жансая

«Нүркен Әбдіров атындағы №10 орта мектебі» КММ

10 сынып оқушысы Қарағанды облысы

Қарқаралы ауданы Нүркен ауылы

Жетекші: Нұрмағанбет Жібек Серікқызы

Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады

Шүйінші, халқым, шүйінші!
Шүйіншіге сүйінші!
Шаттан, ата-анамыз,
Шаттан, аға-бабамыз,
Кекқайтарып фашистен,
Соғыс бітті жеңіспен,
Жеңдік жауды күресте
Жасалсын той-мереке.

Т. Жароков

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз – өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пидә еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жанқилы соғыс жүріп жатты.

Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды...

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған

ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының біртұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды).

500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімі мен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Шығанақ Берсиев сияқты еңбеккерлері мен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?!

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – Отанын сүйетін, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінігі мықты, намысшыл тұлғалардың патриоттық сезімдерінің мықты болуы.

Мың жылда бір-ақ көрінетін кометалардай сыры да, сезімі де терең, тұңғыық дана тұлғаларымыз фәни өмірден баз кешіп, бақилық болып жатыр. Әйтсе де, Баубек пен Бауыржанның батырлығы, Әлия мен Мәншүктің ерлігі, Қаныш пен Әлкейдің білімі, Мұхтар мен Ғабит, Ғабидендердің үні, Дінмұхаммедтің парасаты – бүгінгі ұрпақ мына бізге, өнеге. Олардың өнегелі өмірлерін жас ұрпаққа жан-жақты насихаттау, таныстыру қоғамның міндеті.

«...Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер»,
«Ежелден ер тілегі – ел тілегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тірегі»- демей ме,

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағытталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді... Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен ...

Фашистік Германия тізе бүкті... Бірақ сол сұм соғыс өзімен бірге 10 миллионнан астам немістің өмірін алып кетті. Оны жеңген Кеңестер Одағы 27 миллион адамның өмірін берді. Талай ғасырлар бойы жасалған материалдық және мәдени қазынаны құртты. Міне, соғыстың әкелген қасіреті. Сондықтан адамзатқа әрқашан соғысты тоқтататын жеңіс керек. Осыдан 70 жыл бұрынғы Жеңіс сонысымен қымбат. 1418 күн мен түн толарсақтан қан кешіп, кейінгі ұрпаққа тыныштық әкелгені үшін қасиетті. Әрине, жеңіс өздігінен келген жоқ. Оны елі, жері үшін отқа түскен ерлер ерлігі жеткізді. Қазақстаннан 1941-1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,3 миллион ұл мен қыз аттаныпты. Бәрі де жанқиярлықпен соғысты. 500-ден астамы елге Батыр атанып, аңызға айналаи оралды.

Содан бері зымырап 70 жыл да өте шықты-ау!....

Тәкей Анел

9-сынып №2 орта мектеп Жезқазған қаласы
Қарағанды облысы

Жетекші: Сүттібаева Жаңагүл
Абдрахманқызы

Ұлы Жеңіске – 70 жыл

Әр ғасырдың қойнауында тамырын тереңге тартатын тарих бар. Қазақ баласы тарихтың қандай сұрлеуінен өтті деп, соңымызға бұрылып қарайтын болсақ, өткенге санамен көз жіберіп шегініс жасасақ, қазақ халқы не көрмеді!? Көз алдымызға көк мұнар басқан көкжиектен түрлі суреттер көрініс береді. Сендей соғылысқан тарих толқынында дарияның шетіне шығып қалған жаңқадай болмай, иірімге батып жоғалып кетпей, бірде алыса жүзіп, бірде толқынға таласа ілесіп, талай хикметті басынан өткерді... Көзсіз жасалған түрлі қиянаттың желкесіне жармасып, бірде сүрініп, бірде жығылып ілдебайлап келе жатқанда, есін енді жия бергенде Ұлы Отан соғысы басталды.

Бұл – ХХ ғасырдағы адамзат тарихында бұрынды-соңды болмаған ғаламат соғыс болды. Отан үшін отқа түскен боздақтарымыз сұм соғыстың құрбаны болды.

Ерлерді ұмытса да ел, – сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, – жел ұмытпас.
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған
Ерлерді ұмытпаса, – ел де ұмытпас!

–деп Мағжан ақын жырлағандай Ұлы Отан соғысындағы ерлердің ерлігін қалай ұмытарсың!? Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақтар ер жүрек жауынгер екендігін дәлелдеді. Төрт жылға созылған 1418 күн мен түнді, ерліктің ерен үлгісін көрсеткен, халқымыздың рухын асқақтатқан батырларымызды бүгінгі ұрпақ қалай естен шығарады. Бұл соғыс сол кездегі балалардың балалық шағын ұрлаған жоқ па?

Деректерге сүйенсек, Ұлы Отан соғысына 1366164 қазақстандық қатысыпты. Соғысқа алынғандардың тең жарымы майдан даласынан оралмады. Жалпақ елді ғаламат бүліншілікке ұшыратқан бұл қырғынның қайғы-қасіретін шекпеген отбасы кемде-кем. Бірақ, қандай ауыр жағдайда да халқымыз ұрпақты сақтау, өсіру, тәрбиелеуді ең басты мақсат етті. Ел басына қиын-қыстау күн туғанда азаматымен бірге қару асынып, атқа мініп, жауға шабатын қазақ қыздары аттың жалында, түйенің қомында жүріп ұрпағын батыр етіп тәрбиелегенін бір сәтте естен шығармауымыз керек. Қаншама ана қара жамылып, қаншама бала жетім қалды десеңізші. Жетімдіктің де, жесірліктің де қайғы-қасіретін сездірмеген аналарымыз шаңырақты шайқалтпай ұстап қалды. Ер-азаматтардың бәрі армия қатарында

болғандықтан, тылда қалған әйелдер, қариялар, жасөспірімдер зауыттарда аянбай еңбек етіп, жеңіске өз үлестерін қосты.

Сонау қан майданның ортасында, қарша бораған оқтың астында қазақтың қара көз қыздары Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, батыр ұлдары Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Мәлік Ғабдуллин тағы басқалары елімді жау аяғының астында таптатпаймын деп ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасты.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге тізе қосып, жауды талқандаған, қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барғанын, Рейхстагқа Жеңіс туын Рахымжан Қошқарбаев тіккенін бүгінгі ұрпақ мақтанышпен айтады. Бұл – адамзат тарихында ешбір теңдесі жоқ ерлік еді. Ұлы Отан соғысында ерлікпен шайқасқан 500-дей қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілсе, 100-ден астамы Даңқ орденінің иегері, сондай-ақ Талғат Бигелдиновтің, Сергей Луганскийдің, Иван Павловтың, Леонид Беданың екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алғаны ешқашан ұмытылмақ емес. Ерлік елеусіз қалмайды. Ұлы Жеңіске ешнәрсе теңесе алмайды. Өйткені, ол – тарих!

Көп ұлтты халықтың жаппай ерлігінің арқасында біз өте күшті тажалды, өте зұлым жауды жеңдік. Жеңіс Қазақстаннан жасақталып барған И.В. Панфилов 316 атқыштар дивизиясының Мәскеу түбіндегі қиян-кескі сұрапыл шайқасынан, шабуылынан басталды. Жеңіске жетуге Қазақ халқы өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақ ел басына күн туған шақта толарсақтан саз кешетін жауынгер халық екенін көрсетті. Сонымен қатар қазақ даласына жер аударылып келген босқындарды бауырына тартып, мейірім, шапағатқа бөледі.

Өкініштісі, Жеңістің 70 жылдығында қатарда тұратын ардагерлердің қатарының сиреп бара жатқандығы.

Ортамызда жүрген ардагерлеріміз күн санап азайып барады. Батырларымыздың, ардагерлеріміздің жанқиярлық ерліктері мен Отанына, жеріне деген шексіз сүйіспеншілігі өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі-өнеге. Халқымыздың табандылығы мен ерлігі Ұлы жеңіске жеткізді. Жеңіс күні – Ұлы мереке! Ұлы мерекеде ардагерлерімізге лайықты сый-сияпат жасау баршамыздың міндетіміз деп білемін. Жеңістің 70 жылдығы – ТМД құрамындағы мемлекеттердің ортақ мерекесі. Батырларымыздың ерлік дәстүрі ескірмейді. Ол жылдан-жылға, күннен-күнге жарқырап, жаңара түседі.

XX ғасырдың бізге сыйлаған басты бақыты – еліміздің тәуелсіздігі.

Біз – бақытты жастармыз. Елбасымыздың жүргізіп отырған сындарлы саясатының нәтижесінде, тәуелсіздігіміздің арқасында жұдырықтай жұмылып, көк Туымыздың астында бейбіт өмір сүріп, абыройымыз бен даңқымыз артып

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жатыр. Мен жастарға бейбіт өмірді бағалай білейік, аспанымыз ашық болып, рухымыз биік болсын дегім келеді.

Тен Тимур

3 «А» сынып, «№92 гимназия» КММ
Қарағанды қаласы Жетекшісі:
Армагамбетова А.М.

Кешкі мезгіл. Ұйықтар алдында, терезеге қарап, төсекте жаттым. Ағаш жапырақтары желмен баяу қозғалып, сыбырласып, сырласып тұрғандай. Түнгі аспандағы жарқырап тұрған жұлдыздар да бір біріне жымыңдап қоятын сияқты. Бүкіл табиғат тыныштықта демалып жатыр. Мен бүгінгі өткен күнге шолу жасап, ой елегінен өткізіп жатырмын.

Бүгін әдебиеттік оқу сабағынан «Нұркен» тақырыбын өттік. Мұғалім бізге Ұлы Отан соғысы туралы әңгімеледі және деректі фильм көрсетті. Шынында да борап тұрған оқ астына барған батыр аталарымыз мен ағаларымыз, апаларымыздың ерен ерлігі таң қалдырды. Нұркен Әбдіровтың заңымданған ұшағын жаудың ұясына апарып қондыруының өзі ерлік іс емес пе?! Осындай ерлік істерімен көзге түскен батырларымыз туралы «Комбаттың әңгімесі» мәтініндегі Әлияның «Мен мұнда картоп аршу үшін келген жоқпын, фашистерді жою үшін келдім» деген жауабын оқи отырып, Әлияның намысшылдығына, өжеттігіне сүйсіндік. Ал «Ту тіккен Рақымжан» мәтініндегі соғыс алаңының суреттелуінің өзі адам бойында қорқыныш, үрей тудырады екен.

Осыған дейін соғыс туралы нағашы атамның естеліктерінен, әңгімелерінен тыңдап, атамның өзі сияқты соғыс ардагерлерінің әңгімесінен естіген едім.

1941 жылы 22 маусымда басталған Ұлы Отан соғысы адамзат баласына үлкен қасірет әкелді. Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты Кеңес Одағы халықтарының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен жауға қарсы тұрды.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Талғат Бигельдинов, Ибрагим Сүлейменов, Сұлтан Байғамбетов және басқалар. Биыл – Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл. Сол жылдар жаңғырығы адамзат жүрегін әлі сыздатууда. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған соғысқа қатысқан аталарымыз ешқашан естен шықпайды, ұмытылмайды. Соғыс – адам басына келген қайғы мұң. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Әйелдер, жас балалардың күні-түні жұмыс істеуі, аштыққа, суыққа қарамауы көзге елестейді.

Көрнекті қазақ ақыны Жамбыл Жабаев Ленинградтың ауыр тағдыры туралы өлең жазды.

Соғыс – барды жоқ ететін, тауды жер ететін күйретуші күш. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі есте қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлердің мерекесі деуге болады. Ол кісілер естеліктерін еске алғанда көз жастарын тия алмайтынын да көрдік.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын тігіп, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл – Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ – ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Олар өте аз қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы жеңіс күні құтты болсын! Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата апаларымыз аман болсын! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтай келе, оларға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақытты сәттерінің көп болуын тілейміз. Біз сіздерге қарыздармыз! Сіздерге мың тағзым, құрметті майдангерлер! Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес.

Біздің соғысты, оның сұмдықтарын, сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиған ардагерлерімізді ұмытуға қақымыз жоқ. Барлығын есте сақтауға міндеттіміз. Аспанымызды бұлт торламасын, ұйқымыз бұзылмасын, ата-анамыз әрқашан қасымызда болсын! - деп тілегімді ойлап алыстағы жарық жұлдызға қарап үміт сезімде ұйқтап қалдым.

Тилекенов Женис

Жезқазған гуманитарлық колледжі

Жезқазған қ. Қарағанды облысы

Жетекшісі: Есенгабулова Гульнар Омарбековна

Менің қарашаңырағым Қарсақбай

Менің атым Жеңіс. Жеңіс есімі жеңу, жеңіске жету деген мағынаны білдіреді. Маған бұл есімді атам мен әжем қойған. Өйткені, мен 9-мамыр Жеңіс күні дүниеге келген болатынмын. Осыдан 70 жыл бұрын 9-мамырда 1945 жылы фашистік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысы аяқталған еді. Біздің халқымыз осы соғыста жеңген болатын. Мен соғыс туралы аз білсем де, бірақ мен соғыс туралы көп кітаптар оқыдым. Соның ішінде біздің жерлесіміз Сағындық Қожамсейітов, Қарсақбайдың 80 жылдығына «Қарашаңырақ Қарсақбай» кітабын жазған болатын. Сол кітапта оқығанымдай Жезқазған кеншілері Ұлы Отан соғысы жылдары 16 рет Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды. 1945 жылы 3 шілдеде бұл Ту ұжымда мәңгілік сақтауға қалдырылды.

Қарсақбай әскери комиссариаты шақырылған сарбаздар Ұлы Отан соғысы майдан шептерінде жаумен қасық қанын аямай арыстандай алысты. Аудан партия, комсомол ұйымдарының басым көпшілігі – 1209 коммунист, 1461 комсомолец армия қатарына шақырылды. Ұлытау – Жезқазған өңірінен 10 мыңның үстінде адам қолына қару алып, соғысқа аттанады. Олардың ішінде ауаткомның төрағалары Бодық Есенов, Қаби Көбенов, Совет Армиясының офицері, аупарткомның хатшысы Иван Горовой, соғысқа сұранып барып,

фашистермен ұрыста ерлікпен қаза тапқан аупарткомның бірінші хатшысы Зейнеш Шәріпов болған еді.

Қарсақбайлықтар 1942 жылдың тамызында әскери бөлім командирінен зауыттың бұрынғы паровоз машинисі, гвардия кіші лейтенанты Николай Илларионович Колбасовтың ерлігі жайлы хат алды. Онда мынадай мәліметтер келтірілген. Н.И.Колбасов бірнеше шайқаста өз қаруымен жаудың 12 танкісін, әскер мінген, жүк тиеген 100-ге жуық автокөлігін, жаяу әскердің бір ротасын түгел дерлік жойып жіберген. КСРО Жоғарғы Кеңесінің төралқасы 1944 жылға 22 ақпандағы жарлығымен оған Совет Одағының Батыры атағын берді.

Жаумен айқаста ерлік және жанқиярлық көрсеткен жезділік жауынгерлер Анатолий Живовқа, Алексей Иванишколаға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Жерлесіміз, барлаушы Жақсымбет Үншібаев «Даңқ» орденінің барлық дәрежесімен марапатталды. Партизан Қаппас Әлиакпаров тапқырлығымен, қайратымен, жоғары тәртібімен ерекше көзге түсті.

Қарсақбай фабрика-зауыт оқуы мектебінің түлегі, ақын Баубек Бұлқышев 28 жасында Ұлы Отан соғысында опат болды.

Майдангер Қозғанбай Әбиев ержүрек сарбаз болды. «Ұлы Отан соғысы» орденінің екі дәрежесімен екі Қызыл Жұлдыз орденімен, жауынгерлік 10 медальмен марапатталды. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев еңбек майдандағы жоғарғы жетістіктері үшін алғашқылар қатарында Қ. Әбиевті «Парасат» орденімен марапаттады.

Майданнан оралған қарсақпайлық барлық сарбаздардың кеудесінде жауынгерлік орден-медальдар жарқырап тұрды, оның ішінде 745 жауынгер еліміздің жоғарғы марапаттарына ие болды.

Олардың ішінде Жангер Жанасов (кейін Жезқазған қалалық атқару комитетінің төрағасы), Әбдіхамит Қоңырқұлжинов (Ұлытау ауаткомның төрағасы), Жоғыбай Жүндібаев, Түсіпәлі Секеманов, Сейітқали Төкебаев, Якуда Ибраев, Сейтқали Бозаев, жеті ағайынды Жарылғаповтар, Тәшібай Әлмұхамбетов, А. Прокопьев, Бектай Әбсаттаров, И. Панин, Шаймен Еділбаев, Қасымбек Есеев, Әнуарбек Шманов, тағы басқа ондаған, жүздеген қарсақбайлық майдангерлер болды.

Ұлы Отан соғысы жылдары аудан еңбеккерлерінің өз қаржыларына «Қазақстан Комсомолы», «Горняк Жезказған», «Металлург Казахстана» танк колонналарын жасау жөнінде өтініш білдіріп жолдаған хаттары тылдағылардың жеңіске деген кәміл сенімінің, Отанына шексіз берілгендігінің айғағы еді.

Қыз-келіншектер майдандағы бауырларына, әкелері мен ағаларына, сүйікті жарларына сәлемдемелер жолдап жатты. 5840 жылы киім, 37 тонна ауылдың дәмі жіберілді. Тапсырыспен жергілікті өнеркәсіп комбинаты, артельдер 6120 ұйық, 7000 пима, 200000 қолғап пен шұлық дайындады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Отан соғысы жеңіспен аяқталды. Қарсақбайдың металлургтері, Жезқазған мен Жездінің кеншілері, Байқоңырдың көміршілері, ауыл еңбеккерлері 4-ші бесжылдық жоспарды орындауға жаңа жігермен кірісті.

Сонымен өз сөзімді қорытындылай келе, мен осындай қаһарман, жазушы, батырдың жерлесі болғанымды мақтан тұтамын. Б.Бұлқышевтың ерлігін өзіме үлгі тұтып, оның әрбір қанатты сөздерін өзіме, болашақта жетер мақсаттарыма жеткізер ұран ретінде қабылдаймын. Қазіргі таңда менің туған жерім Сәтбаев қаласында, қалалық орталық кітапхана осы жерлесіміз Баубек Бұлқышев атымен аталады. Атым Жеңіс болғандықтан барлық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды қанжығама байлап, атыма кір келтірмеуге тырысамын. Артымнан ерген қос ініме Руслан мен Шыңғысқа үлгі боларлық аға болуға тырысып жүрмін. Болашақта оқуымды аяқтап, егемен елімнің мүддесі үшін қызмет етуге әзірмін. Сөзімнің соңында, қазақ халқы ұлы халық екенін атап өткім келеді. Бұл сөздің өтірік айтуымның жөні жоқ. Оған мысал ретінде Қазыбек бидің сөзін қолданғым келеді:

Біз-қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп
Жеріміздің шетін жау баспасын деп
Жылқы қылын найзасына таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзды ақтай білген елміз, -

дегендей, біз қазақ халқы қай заманда болмасын, ақынын ұмытпаған, батырын ұлықтаған халықпыз. Сондықтан, біздей қазақтың қаракөз жастары тұрғанда аталарымыз бен әжелеріміздің ерлігін ешуақытта ұмытпаймыз. Олардан, бізге қалған мұра ешуақытта өшпейді!

Тиыштық Жұпар
10 сынып, № 19 орта мектеп КММ
Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы

Жетекшісі: Искакова Перизат Рымбекқызы

Болмасын соғыс

1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысы Советтер еліне ауыр сын болды. Осы жылдар аралығында соғыс үш кезеңге бөлінді. Бірінші кезең – 1941 жыл 22 маусым мен 1942 жыл 18 қараша аралығындағы кезең өте ауыр болды. Екінші кезең – 1942 жыл 19 қараша мен 1943 жылдың аяғы аралығын қамтыды. Үшінші кезең – 1944 жыл қаңтар мен 1945 жыл 9 мамыр аралығында бірқатар оқиғалар орын алды. Сонымен қатар 1945 жыл 9 тамыз бен 2 қыркүйек – қиыр шығыстағы соғыс.

Қаншама жылдар өтсе де, соғыстағы бомбалардың жарылысы, танкілердің үні, оқтардың ысқырығы естен кетер емес. Бірақ соғыстың зардабы мен қасіреті ұмытылмайды. Сондықтан Ұлы Отан соғысынан кейін дүние есігін ашқандар үшін, өздері секілді қыздар мен ұлдардың өмірлерін Отан үшін отқа салып, бар қызықтан бас тартқанын түсіну қиын. Олар Отан үшін қолдарына қару алып, сапқа тұрды. Сарбаз киімін киіп, қандай қиындықты бастан кешпесін, қиындыққа мойымай, Отан үшін жанын құрбан етті.

Соғыстың зардабынан мыңдаған отаулардың шаңырағы қирап, ортасына түсті. Махаббаттың қанаты қайырылды. Дүниеге келер талай ұрпақ сол боздақтардың бойында бірге кетті. Бұл – қазақ халқы үшін орны толмас апат! Біздің жанымыз осыған күйінеді! Қайран боздақтар...

Ұлы Отан соғысы – халқымыздың, барша ұлт өкілдерінің, біздің әкелеріміз бен аталарымыз биік рухын, ерлігі мен қазақылығын бүкіл әлемге танытқан соғыс. Осы Ұлы Отан соғысы – ата-бабаларымыздың Ұлы ерлігін мәңгілік еткен, ел тыныштығын сақтаудағы ең қастерлі мереке. Сол себепті Жеңістің 70 жылдық мерекесі қарсаңында бүгінгі ұрпақ, яғни біздер барша ардагерлердің алдында басымызды иеміз.

Биылғы жылы Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 70 жыл толып отыр. Араға жылдар салып, сол бір сұрапыл соғыс алыстаған сайын соғыс зардабы жойылар емес. Соғыстың зардабы мен жүрекке түсірген жарасы әлі күнге дейін халықтың есінде.

Ұлы Жеңіс мерекесі, шынын айтқанда, бір жағынан қаралы кезең болғанымен, ерлік пен елдік, ар-намыс, отаншылдық пен биік рух аяусыз сынға түскен ғаламат тарихи сәт еді. Ендеше, өткеніміздің қадау-қадау оқиғаларын сезім көзімен сүзіп өтпей, оған сындарлы әрі байыппен қарайтын кез келді. Өмірдің сайрап жатқан кең даңғыл жолы жоқ. Оның жарқыраған жарық күні де, түнерген тұманды түні де бар. Осындай алмағайып кезеңнің Ұлы Отан соғысы екені белгілі. Қандай ұлы оқиға болсын, оның тарих талқысына түсуі заңды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Еліміз егемендік алған қазіргі жағдайда ұлттық әскери құрамалар жайлы Қазақстан Республикасының сарбаздарына өнеге болатын, әскери құрама бағасының Отан тарихында алатын мәртебесі биік. Ұлы Отан соғысының ардагерлері – тарих алдында ұлы еңбек сіңірген адамдар. Ардагерлер - олар кіршіксіз, мақсаткер адамдар. Ал біздер – сол фашизм мен сұмдық шаруашылық күйреуін жеңіп шыққан қайсарлар ұрпағымыз. Ұлы Жеңістің тарихи жолына бүгінгі күн тарапынан көз тастасақ, ерліктің жарқын бейнесі мен Отанға берілгендіктің, халыққа деген махаббаттың аса үздік үлгісін көреміз.

Соғыс және еңбек ардагерлері сияқты халыққа адал қызмет атқарған, Отан үшін жанын құрбан еткен ерлердің есімдері еш уақытта ұмытылмайды. Бүгінгі ұрпақ осындай әкелер дәстүрін жалғастыруды, Отанды сүюді, оны жаудан көздің қарашығындай қорғай білуді аға буыннан үйренуге тиіс. Халық ерлігі қандай жағдай болмасын өшпейді де өлмейді, ол адамзат баласының жадында ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, өзінің жалғасын таба береді. Соғыстың тарихы қазіргі ұрпақтың тәрбиесін нығайту үшін қажет, онсыз болашақ иелерін тәрбиелей алмайды. Ал оларсыз мықты мемлекет пен күшті әскер құру мүмкін болмайды. Соғысты жеңіп, оның қиыншылықтарын жеңе білген, ұлы мемлекетті құрған, тәуелсіздікке қол жеткізген халықтың қашан тіршілігі тоқтағанынша ұлы соғыс тарихы мәңгі біздің есімізде. Соғыстан алған пайдамыз – біз халық ретінде бойымызда бар қасиеттерді әлемге паш етіп, батыр халықтың ұрпағы екенімізді дәлелдедік. Елбасына қандай сын түссе де, қасқайып тұра алатынымызды мойындаттық. Жауапкершілікке бейім, мемлекетімізді қорғай алатын ұлы халық екенімізді мойындаттық.

Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағының барлық халықтарының, оның ішінде қазақ халқының, азаматтық күш-қуатына қиямет сын болды. Ол қазақ халқының тарихында бетбұрыс, бұрылыс кезең болып, миллиондаған қазақстандықтардың жүрегінде өшпес із қалдырды. Адамзат болашағы жолындағы бұл тарихи шайқасқа ауқымы жағынан бүкіл әлемді дүр сілкіндірген, мақсат-нысанасы тұрғысынан кез келген ұлт шеңберінен анағұрлым асып түскен мұндай жойқын соғысқа қазақ ұлты жауынгер ретінде де, халық ретінде де өз тарихында тұңғыш рет қатынасты. Сондықтан да ендігі жас ұрпақ соғысты көрмесін деп тілеймін! Ұлы соғыстың жеңісінің 70 жылдығын атап өткелі отырған бұл жеңіс бәрімізге баянды болғай!

Төлеужан Аяна

10 сынып, № 19 орта мектеп КММ
Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы

Жетекшісі: Смаханова Майра Кайрбековна

Отаным – алтын бесігім

Отан! Бұл сөзді естігенде тебіренбейтін жан, толқымайтын теңіз жоқ шығар, сірә!? Өз Отаным деп еміренбейтін, тебіренбейтін адам бұл жалғанда бар ма?! Бар болуы мүмкін емес. Отан, сен маған да, барша халыққа да ыстықсың?! Әр адамға өзінің Отанынан артығы жоқ екені баршамызға бесенеден белгілі. «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» деген сөз осының айғағы іспеттес. Осынау «Отан» деген төрт әріптен құралған сөзде төрткүл дүниені тебрентетін мән, мағына жатқаны хақ. Иә, Отан – сүйіспеншілікке, махаббатқа, қайсарлыққа, батылдыққа толы сөз. Шүкір, Отанның ыстық екенін, одан артық қазына, қасиет жоқ екенін біз жүрегіміздің төріне орналастырғанбыз.

«Отан» деген бір ауыз сөзге сыйып кеткен ұлан-ғайыр жер, жаны жадыраған, жайсаң халық, туған жеріндегі тау-тас барлығын да қорғау үшін көңіл көкжиегі кең қаншама жас бозбалалар мен бойжеткендер өз жандарын қиып, қасық қаны қалғанша қорғады емес пе!?

Мен 1941-1945 жылдары өткен Ұлы Отан соғысында халықтың ең үлкен парызы болған ерлік жайлы айтамын. Бұл соғыс Отанды қорғау үшін өткен Ұлы Отан соғысы. Сол жылдары тұлымшағы желбіреп жүрген жас бозбалалар мен бойжеткендер елінің алдындағы үлкен парызын орындады. Ол ағаларымыз Рейхстаққа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев, қолынан қаруымен қоса қаламын тастамаған жерлесіміз Қасым Аманжолов, жауынгерлерге рух берген, қолбасшы Бауыржан Момышұлы болса, ал апаларымыздан Отан үшін от кешкен Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова, тағы басқа батыр қыздарымыз. Тек бұлар емес, одан да өзге Отан үшін жанын пида еткен боздақтар аз емес. «Отан оттан да ыстық», «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген жоғарыдағы рухы биік Бауыржан атамыздың сөздері – олардың айғағы. «Жаныңнан күдер үзе соғыспасаң, жауды күйрете алмайсың» деген сөз сол жылдары жауынгерлердің ұстанымы болды емес пе?!

Бәлкім, сол ағаларымыз бен әпкелеріміз болмағанда, біз бұлай отырмас та едік. Осынау апаларымыз бен ағаларымыздың елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілігі, махаббатының арқасында Ұлы Отан соғысы 9-мамыр күнгі Жеңіске алып келді. Осы соғыста сан мыңдаған боздақтардан айрылғанымыз елді күңіrentіп, көңілге қаяу салса, ал жоғарыда айтылған күнгі жеңіс көңілге медеу болып, қайғының артынан қуаныштың да таңы ататынын дәлелдеді. Осындай аға-апаларымыздың қаны судай аққан жердің топырағын иіскеп, тағызым жасап өту міндет. Жұдырықтай жүректе Отанға деген бір ұшқын болса, қиямет күні туғанда Отанды қорғауға деген құштарлықтың тууына себеп болады. Ел басына күн туғанда, Отанды қорғау біздің де парызымыз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

екендігін естен шығармауымыз керек. Егер Отаның тыныштықта болса, сен де тыныштықтасың. Сол себептен де өз тыныштығымызды өзіміз бұзбалық.

Отанымның орманы тыныштықта мүлгиді.
Жондарды асып жолдары, көкжиекке сүңгиді.
Тарам-тарам сайлары тауға иығын сүйеп тұр,
Алқам - салқам таулары бұлтқа басын тіреп тұр,-

деген Д. Стамбековтың өлең жолдар соғыссыз елде өмір сүріп жатқанымызға шүкіршіліктен туған.

Осындай тәуелсіз де тыныш елде өмір сүріп отырғанымызға Аллаға шүкір етемін. Мен өз Отанымды сүйемін, кез келген жан да оны сүюге міндетті. Халықтың барлық сүйіспеншілігі оның Отанына арналуы керек. Әрбір ел үшін де өз Отаны Ұлы. Отан үшін айтылған бір ауыз сөздің өзінде адамның Отанға деген махаббаты білініп тұрады. Түрлі-түрлі байлық бар. Соның алғашқысы – сенің Отаның.

Адал адам Отанын сүйеді, адал ақ жүрекке Отан анасындай. Отанның дегенін істеу - қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббатты, әсіресе біздегі махаббатты өлшеуге болмайды. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында көшіп келген 1,5 милонға жуық халыққа баспана беріп, оларды қамқорлыққа алды емес пе?!

Отанның тыныштығы таусылмағай!

Төлеухан Рауан
«Нүркен Әбдіров атындағы №10 орта мектебі» КММ
10 сынып оқушысы Қарағанды облысы
Қарқаралы ауданы Нүркен ауылы
Жетекші: Нұрмағанбет Жібек Серікқызы

Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында

Бүгін – Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл: қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандылықтары ешқашан да ұмытылмайды .

Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда да жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адамкөшірілді. Оғанқоса, жаңа өнеркәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді. Соғыстыңалғашқы 1,5 жылында Қазақстанда 25 кенорны пен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнайкеніші мен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауыты іске қосылды.

Теміржол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола -Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс жылдары Қазақстан жалпы одақтың мыс құймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда құйылды.

Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Повольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері дәстүрлі түрде өткізіледі. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тулеков Ұланғайыр

9 класс, орта мектеп № 13 Жезказған қаласы

Қарағанды облысы

Жетекші: Қалманбаева Асия Құрметқызы

Жеңіске - Жетпіс жылдың төрінен...

Патриот – Отанға қызмет етуші адам,
ал Отан дегеніміз – ең алдымен халық.
Б.Момышұлы.

Адамзат тарихында болмаған бұл алапат соғыста ел үшін жанын қиған қазақ батырлары фашизмнен бүкіл адамзатты, адалдықты қорғап, ерекше ерлік көрсетті. 1941-45 жылдардың ызғарлы күндері қаншама қыршының өмірін қиды. Ержүрек ұлдар мен қыздар Отан қорғауға бір адамдай аттанды. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. «Жеңіс» барша адамның жүрегінде жылы сезім, болашаққа деген сенім ұялатты. Соғыссыз күн кешіп келе жатқанымызға биыл 70 жыл толады.

Әкесінен ерте қалған атам өмірдің қиыншылығын ерте тартты. Өмірі Ұлы Отан соғысымен тағдырлас келді. Әкесі соғысқа аттанғанда ол небәрі 1 жаста екен. Балалық шағы анасына көмек берумен өтті. Ал әке мейіріміне жарымаған, балалығын соғыс жалмаған бала тағдыры тіпті аянышты. Соғыс тақырыбы сөз болғанда деректі фильм ленталарынан әкесін бір көруге ұмтылған атам көз алдыма келеді. Кешегі бала көңілі сол қалпындағыдай, үнемі соғыс жайлы кино көргенде атамның көзінен жас сорғалап: - Анау біреуі менің әкеме ұқсайтын сияқты, сендер менің көргенімді көрмеңдер, жақсы азамат болып, Отанға қызмет етіндер,- деп отыратын.

Кім еді ол жауынгер, қандай адам, артында не қалдырды,- деген сауалдарға жауап іздеп, осы Жеңістің 70 жылдығына орай, баласы 65 жыл бойы бір көруді аңсап өткен боздақ ақын туралы жазуды жөн көрдім. Иә, адамзатқа соғыс үлкен апат әкелді. Баланы әкеден айырып, сүттей ұйыған отбасының жылуын жұтты бұл сұрапыл соғыс! Кешегі қанды соғыс жылдарында бұл шаңырақтан төрт адам Отан қорғауға аттанды. Жер-әлемді

солқылдатқан соғыс дүмпуін көріп, талай-талай қанқұйлы кезенді басынан өткізген, жеңіс жолында құрбан болған есіл ерлердің арасында менің Құрмет атамның әкесі Шәріп Қалманбайұлы да бар еді.

Шәріп Қалманбаев Аралтөбенің Сымтас деген жерінде 1909 жылы туып сол жерде өсіп ер жеткен. Аздаған сауаты бар комсомол мүшесі Шәріп атам ауыл адамдарының сауатын ашып, колхозшыларға хат танытқан. 1941 жылы тамыз айында Шәріп атам 32 жасында «Өлімнен ұят күшті» деп, намыстың туын жоғары ұстап, сүйікті Отанын қорғауға аттанған екен. Сондағы мақсат – жеңіс, туған елімізді, жерімізді қорғау, қасықтай қандары қалғанша күресіп, Отан алдындағы борышын өтеу. Артында анасы Күнжамал, жұбайы Шолпан, бір жасар ұлы Құрмет қалады. Көп кешікпей ағасы Ишан, інілері Жәлел мен Зет те майданға аттанады. Қарғыс атқыр соғыс басталған күннен бастап тіршілік тауқыметі үйдегі бас көтерер келіншегі Шолпанға түсті. Ол Құрметін арқалап жүріп, тынбай колхоз жұмысын атқарады. Ер кісідей еңбек ете жүріп, қимастарын зарыға күтті. Бұл сұрапыл отты жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының ерлік істері ешқашан ұмытылмақ емес.

Ұлы Отан соғысында барлық адамдар өздерінің жеңіске деген үлестерін қосты. Біреулері еңбек етіп, енді біреулері қаламмен де, қарумен де жауға қарсы тұрды. Атам Құрметтің айтуы бойынша әкесі Шәріптен төрт жыл бойы хат келіп тұрған екен. Көпшілік хаттарын өлеңмен жазып, арагідік қана үш бұрышты дала почтасынан жазған. Сөзіме дәлел болатын майдан хаттарынан үзінділер бар:

ШӘРІП. 31 июль 1942ж. Жанымнан жақсы көретін, апашым, Шолпан жолдасым, Құрмет қалқам! Дендерің сау? Менің де денім сау. Сендердің амндығыңа тілектеспін. Бізді 5 август күні жүргізді, поезд үстіндеміз, міне, екі сәтке. Көруге жазсын.

ШӘРІП. 17август 1942 ж. Мен 26 августа жараланып, госпитальда жатырмын. Оң жақ санның қалың етінен өтіп кеткен еді оқ. Соны тілді, енді тігемін деп отыр, сүйегі аман. Қасымда Таңқыбаев Аманғұл деген бар.

ШӘРІП. 9 февраль 1943 ж. ... Есен – саумын. Сүйікті Отанымызды дұшпаннан аянбай қорғаудамыз. Апа, көп уайымдама. Тағдыр жазса жауды құртып елге де барып қалармыз.

Ол кейінгі хаттарының бірнешеуін өлеңмен жазып, туыс ағасы Бұлдыбайға жолдап отырған. Шәріп атаның әкесі Қалманбай да кезінде әңгіме-қисса айтуға бейім, өзіде өлең шығаратын көкірегі ояу, көзі ашық, болыс болған кісі. «Ат орнын тай басар», - деп Шәріптен қалған жалғыз ұл Құрмет атам да өз жанынан өлең жазатын еді. Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, Кеңес Одағының батыры, белгілі жазушы Б. Момышұлы былай деп жазыпты: «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік» деген екен.

Яғни, Шәріп атамның хаттарынан Отанын шексіз сүйгенін, өмір үшін күрес жолында ешбір қиындықтан тайсалмастан жауға қарсы шығып, «Елім», «Жерім», «Отаным» деген ұрандарды жүректе мәңгі сақтап туған елге деген ыстық сағынышын поэзия тілімен, жауға деген кекті жырымен айтып жеткізгенін көреміз.

Жауынгер Шәріптің екінші хатынан:

Сағындым мен Арқаның самал
желің,

Балалық балғын дәурен өскен
жерім.

Аялап алтын бесік құшағында,
Өсірген амансың ба байтақ елім.

Жыланды, Үштаған мен
Түйемойнақ,

Төменде Аралтөбе, тұр Бөріойнақ
Баласы Асан, Саңырық мекен
еткен,

Қыс қыстап Сарысу бойын, Қырқа
жайлап.

Самалды Сары-Арқаның бір саласы
ед,

Қақбақтас, Қарасу мен
Теректіата, Қырқада жер шүйгіні
мұнарытқан.

Жауынгер Шәріптің үшінші хатынан:

Сарыарқа туып өскен жер аман ба?

Әр уақытта өсіп – өнге ел аман ба?

Гүлге орап ел мен жерді масайратқан,

Кең байтақ Қазақстан кені аман ба?

Қайран ел қасиетті қаным бірге,

Сәлем де атап мені сұрағанға,

Қарындаш хат жазуға алдым қолға,

Мінекей біздер тағы шықтық жолға
Қариядардың айтуы бойынша бұл
өлеңді ауыл адамдары түгел әнімен
жатқа айтып, жеңіске жетуге күш
алған екен. Міне бұл өлең құдіретінің
күштілігі.

Ел басына қауіп төнген кезде
аталарымның қолына қару алып, жауға
қарсы аттанғаны бүгінгі ұрпақтары
бізге мақтаныш. Шындап келгенде,

Балталы, Бағаналы неше арыс боп,
Саласын сол қырқаны жайлап
жатқан.

Жазушы, атым Шәріп, қайран жер-
ай,

Бір кезде жаным сенен рахат
тапқан.

Сәлем айт Жауғаштының баласына,
Жасы үлкен, жаны дос бар
арасында.

Бірге өскен қатар-құрбы еске түсіп,
Тербелттім Еуропаның даласын да.

Сағынып ел мен жерді тірі жүр деп,
Аққағаз, осыны айтып барасың да.

Жазғам жоқ шешендікпен өнер
тасып,

Жұбаттым көңілімді кеткен жас

бүгінде тәуелсіз мемлекеттің ұланы
болып жүргенім аталарымның үлесі.
Ата-бабамызың келер ұрпағына мұра
ретінде қалдырған дарқан даласында
қанат жайып, өркендеп, өсіп келеміз.
Елбасымыз: «Туған жерінің, өз
халқының тарихын білмейінше
шынайы патриот болу мүмкін емес.
Патриот-өз елін сүйетін және өзге
мемлекеттерге құрметпен қарайтын
адам»- деген болатын. Қазіргі кезде
өткен тарихты, өлке тарихын, отбасы
тарихын аз білетін немесе мүлдем
білмейтін жастарда бар. Егер
еліміздегі бар бала атадан үлгі алып,
туған жерін сүйсе, бірлігіміз берік
болса, мемлекетіміздің күшейіп, еңселі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ел боларына, ғұмырымыздың бақытты,
бақытымыздың баянды боларына
күмән жоқ. Халықтың бақыты беркесі
мен ерлігінде болса керек. Жарқын
болашақты армандаған кешегі аталар
аманатын енді біз жалғастырмақпыз. .

Тулеева Айдария

6 сынып, №17 ЖББ ОМ, Қарағанды қаласы
Жетекшісі: Мусатаева Салтанат Турсуновна

Менің үлкен атамның аты-жөні Тулеев Оразбай Әкімбекұлы. Ол 1924 жылдың 7 қарашада Ақмола облысында дүниеге келді. Тулеев Оразбай Әкімбекұлының алты баласы бар. Осы кісінің алғашқы баласы - менің атам Тулеев Сабыр Оразбайұлы. Тулеев Оразбай Әкімбекұлы 1941-1945 жылдары Ұлы Отан Соғысына қатысты. 17 жасында өз әкесімен бірге майданға аттанып, осы майданда әкесінен ажырап кетті. Тулеев Оразбайдың әкесі Әкімбек осы Ұлы Отан Соғысында хабар ошарсыз жоғалып кетті. Тулеев Оразбай Әкімбекұлы қанды шайқастарда болып, Ұлы Отан Соғысында фашистерге қарсы шайқастарда жарақат алған.

1941-1945 жылдар аралығындағы қанды шайқастар мен соқтығыстар өмірлік естерінде қалды. Менің атам - артиллерист. Соғысқа қатысқан аталарымыздың басынан аштық та, суықтық та, ауыртпашылық та өтті. Сталинградты фашисттерден босатуда Карпатқа дейін барды. Қиыр Шығысты фашисттердің қолынан азат етті.

1945 жылды көптен күттіріп, сиырқұйымшақтанған соғыс та бітті-ау. Алайда, атамыз елге бірден қайта қоймады. Тағы да сағыныдырумен үзбей хал-жағдайын, амандық хабарын білдіріп, хат жазып тұрды. Ең бастысы – соғыс бітті, енді ешқандай қауіп жоқ қой деген үмітпен жүріп жаттық. Сондай күндердің бірінде госпитальден хат келді. 1941-1945-жылдың аралығында екі рет жарақаттанып, оң жақ аяғынан және сол жақ қолынан өте ауыр жарақат алды. Фашистерге қарсы шайқастарда алған жарақатын емдеу үшін 1945-жылдан 1948-жылға дейін госпитальде жатты. 1948-жылы Ақмола облысына өз еліне оралды.

1941-1948 -жылғы Ұлы Отан Соғысында фашисттерден Сталинградты, Карпатты, Қиыр Шығысты азат еткені үшін Қызыл жұлдыз орденімен, Алтын жұлдыз орденімен, Ұлы Отан Соғыс орденімен, Ержүректілік медалімен, тағы да басқа ордендермен, медальдермен марапатталды және Ұлы Отан Соғысының батыры атағы берілді.

Кейін Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің жолдамасымен Қарағанды облысы Мичурин ауданы Есенгелді ауылына төраға қызметіне тағайындалды. Ерекше ықыласпен Есенгелді ауылының әлеуметтік жағдайын жоғары деңгейге көтерді. Өзіне берілген қызметке бар жан-тәнімен кірісе істеу оның туа біткен қасиеті еді. Тапсырылған жұмысқа белсене кірісіп, соғыстан кейінгі ел тұрмысын түзеу мақсатында құлшына атқарған еңбегі бағаланып, халықтың құрметіне бөлене бастады. Соғыс кезіндегі ауыртпашылықтан ауыл жағдайы өте қиын еді. Қиыннан қиыстыра білетін азаматтығы мен ұйымдастырушылық қабілетіннің нәтижесінде ауыл жағдайының қай саласы болса да жандана бастады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Облыстың лауазымды қызметкерлері атамның жұмыстарына қолдау көрсетіп, жеткен жетістіктерін үлгі тұтып, мақтайтын болды. Партия қатарына алынды. Еңбек ері орденімен марапатталды және де бірнеше рет жоғарғы кеңес грамоталары берілді. 1985 жылға дейін Есенгелді совхозында директор қызметін атқарды. 1985 жылы зейнеткерлікке шықты, еңбегі сіңген зейнеткер атағын алды. 1986 жылы атам дүние салды.

Кең едің сен даласындай арқаның,
Мол едің сен мөлдір бұлақ көзіндей.
Мейірімді едің игі адал балаларына,
Асқақ едің сен жарқыраған жұлдыздай.
Адал едің арың таза азамат,
Ірі едің сен, биік тұлға қазақ ең,
Орның толмас, зар болдық қой үніңе,
Айдай болып жарқыраған жүзіңе.

Әр жыл сайын 9-мамыр Жеңіс күні мен атаммен Ұлы Отан Соғысының ардагері үлкен атамның моласына барып, гүл қойып, рухына құран бағыштаймыз.

Ешқашанда атамызды ұмытпай есте сақтаймыз...
Менің Қазақстанымда және басқа елдерде соғыс болмасын.
Халыққа бірлік берсін!
Отанға тыныштық берсін!
Кең байтақ елімде тату-ынтымақтастық берік болсын!.

Туремуратов Ержан

9 сынып, № 17 орта мектеп Қарағанды қаласы
Жетекшісі : Ибрашева Алма Советовна

Отты жылдар жаңғырығы

Осыдан 70 жыл бұрын, таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Тарлан тарихтың қалың қатпар шежіре беттеріне мәңгі жазылып қалған бүкіл әлемді дүр сілкіндірген оқиғалардың ішінде 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының орны бөлек.

Біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. 1941-1945 -жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған. Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адам көшірілді. Оған қоса, жаңа өнеркәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді. 1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола -Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті. Төрткүл дүниені от -дауыл жалынмен тұтастай шарпыған сол аса қаһарлы да жайқын шайқас уақыт өмірімен алыстай түскенімен, оның жаңғырығы ешқашан өшпек емес. Өйткені ол қанды балақ неміс-фашист қарақшылары жаққан өрт теңізі халқының бостандығы, елінің тәуелсіздігі үшін жан беріп, жан кешіп өткен аға ұрпақтың көз алдында, майданда құрбан болғандардың артында қалған тұяқтарының өксігі басылмас зердесінде.

Соғыс. Қаншама уақыт өтсе де бүкіл адамзат баласының жанын жаралаған, 20 миллионнан астам қыршын жастың өмірін қиған екінші дүниежүзілік соғыстың зардабы мен ауыртпалығы тарихтың қаралы парақтары болып мәңгі қала береді.

1941-жылдың 22-маусымы «Неміс басқыншылары елімізге тұтқиылдан соғыс ашты» деген қаралы хабарды радиодан естіген мезеттен жүректері лүпілдеп, ата-аналары мен бауырларының көз жастары көл болып артта қалып, ер азаматтар қан майданға аттанып жатты. Солардың қатарында еліне оралмаған қаһармандарымыздың бірі, 26 тамыз 1941 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, Ұлытау ауданының Қорғаныс бөлімінен соғысқа аттанған Сәли Омарұлы Оспанов та бар еді.

Әскерге барған Сәли Омарұлы Оспановтың жорық жолдары І Беларусь майданында басталды. Жас жігіт талай кескілескен ұрыстарға қатысып, ерлік көрсетіп, қысылтаяң шақта қиыннан жол тауып тапқырлығымен танылды. Мұрағаттан әкелінген құжаттардың арасында Сәли Омарұлы Оспановтың сол ерліктерін растайтын да құжаттар аз емес.

...Бұл 1943 жылдың қыркүйек айы болатын. Неміс басқыншыларының алға басқан аяғы кері кетіп, шабуылдарының мандымай тұрған кезі еді. 182 атқыштар дивизиясы мықтап бекініп алып, немістерді бір қадам да алға

жылжытпай қойды. Қайта біздің жауынгерлер біртіндеп болса да алға ұмтылуда.

Жау снарядпен де, минамен де төмпештеп жатыр. Аспан мен жер тұтасып кеткендей. Осындай аласапыранды пайдаланған фашистер алға ұмтылып көріп еді, жауынгерлер бас көтертпеді. Ефрейтор Сәли Оспанов ұрымтал тұстан өтпек болған үш фашист солдатын жер жастандырды. Майдан шебінің ыдырауына жол бермеді. Кеңес әскерінің қорғанысын бұза алмаған жау ақыры 15 метрге кейін шегінуге мәжбүр болды. Бұл неміс басқыншылары үшін үлкен жеңіліс еді. Осы шайқас кезінде көзге түскен жауынгерлер марапатталды. Ефрейтор Сәли Оспановтың омырауына «Ерлігі үшін» медалі тағылды. 11 қазан 1943 жылы толтырылған марапаттау парағында осылай деп жазылыпты. Сәли Оспанов мұнан басқа да сан ерліктің үлгісін көрсетіп, қазақ деген елдің ұландарының батыр, қайсар болатынын сан мәрте дәлелдеген. 182-атқыштар дивизиясының командирі, полковник Калинин қол қойған мына бір марапаттау қағазында Сержант Сәли Оспановтың сондай бір ерлігі баяндалған. 1944 жылы 8 мамырда Козлов деревнясы үшін кескілескен ұрыстағы көрсеткен ерлігі үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен, ал 1944 жылы 15 маусымда көрсеткен ерлігі үшін III дәрежелі Даңқ орденін омырауына қадады.

Өттең... Қазақтың батыр ұлының жорық жолы Берлинге жетпей үзілді. 1944 жылдың тамыз айында болған кезекті бір кескілескен ұрыста сержант Сәли Оспанов бастан ауыр жарақат алды. Сол жарақаттан ес жимаған күйі госпиталда жатып көз жұмды. Есіл ердің ғұмыры не бары отыз жасында қиылды. Топырағы да жат жерден бұйырды. Жауынгер жерлесіміздің сүйегі Беларуссия жерінде жатыр.

Соғыс аяқталғаннан кейін Сәлидің өзімен бірге майданға аттанған екі інісі Төлеген Әбенев пен Есілбай Әбдіғалиев елге аман-есен оралды. Төрт жыл бойы оқ пен оттың ортасында жүріп, соғыстың басынан аяғына дейін қатысты. Бүгінде олардың ұрпақтары елдің тәуелсіздігі жолында тер төгіп жүр. Ал Сәли Оспановтың ерлігі кейінгі ұрпақтарға үлгі болып қалды.

Тарлан тарихтың қалың қатпар шежіре беттеріне мәңгі жазылып қалған бүкіл әлемді дүр сілкіндірген оқиғалардың ішінде 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының орны ерекше. Төрткүл дүниені от-дауыл жалынымен тұтастай шарпыған сол аса қаһарлы да жойқын шайқастар уақыт шеңберінен алыстай түскенімен оның жаңғырығы ешқашан өшпек емес.

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды! Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам – Даңқ орденінің толық иегері атанған.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек. Бұған дәлел Ұлы Отан соғысында елі үшін жанын пидә етіп, із-түзсіз жоғалған тағы бір жауынгердің жерленген орны табылды. Сәли Оспановтың шөбересі бабасының зиратын тауып, Белоруссияға барып, бабасының зиратына құран оқып, жатқан жердің бір уыс топырағын, сол елдің мұрағатынан мол мұраларды елге әкелді. Мен оның шөпшегі өз арғы бабамның ерлігін ешқашан ұмытпай, мақтан етемін, өз ұрпағыма мұра етіп жеткіземін.

Жеңіс – оңайлықпен келген жоқ. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы құрамындағы халықтар үшін басына түскен сын кезең болды. Осы сыннан халқымыз мүдірмей өтіп, әлем алдында беделі асқақтап, биік шыңдардан көріне білді.

Тұяқбай Әлішер

5-сынып оқушысы Киров орта мектебі,

Майоровка ауылы, Нұра ауданы

Қарағанды облысы

ЖЕТЕКШІ: Кусаинова Динара Бекбулатовна

Жасасын, Ұлы Жеңіс күні!

Қариялар азайып бара жатыр, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс

өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді...

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Ел үмітін ер ақтар, Ер атағын ел сақтар. – деген мақалда айтқандай, біздің ата-бабаларымыз біз үшін осындай тыныштықты сыйлағандарына рахмет айтамын. Өйткені олар ерлік, жігерлерімен ел үмітін ақтап, сақтап қалды. Адамзат баласына алапат қатер төндірген соғыс отының өшкеніне осынша уақыт өтсе де, жері мен намысын жауға таптатпаған жеңімпаз аға ұрпақтың ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес. Олар майданда жанқиярлықтың, патриоттықтың, қайсарлықтың өнегесін көрсетті.

Сонда біздің батырларымыз соғыс уақытында жауға қарсы тұрып, өздерінің атақтары үшін емес, жер бетіндегі өмір үшін күресті. От кешіп, қан жұтқан аталарымыз бен апаларымыздың жасаған ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Ол аталарыма мың алғыс айтып, тағзым етемін!

Менің арғы аталарым да соғысқа небәрі 19 жасында аттаныпты. Өкінішке орай аталарымның өздерінен соғыс жайлы айтып беруді сұрай алмадым. Өйткені, ол кісілер мен дүниеге келмеген уақытта өмірден өткен. Ойлап қарасам, қазір 19 жаста өзінің кім екенін білмей жүргендер аз емес сияқты. Ел басына қауіп төнген кезде өрімдей жас болған атамның қолына қару алып, жауға қарсы аттанғаны бүгінде ұрпақтары бізге мақтаныш. Шындап келгенде, бүгінде тәуелсіз мемлекеттің ұланы болып жүргеніме атамның да үлесі зор. Аспанымыз ашық болуына ол кісілер жастық ғұмырын сарп етті, қаншамасы қыршынынан қиылды. Ең бастысы, енді ондай зұлмат болмаса екен!

Біз соғысты көргеніміз жоқ, көрмей-ақ, білмей-ақ қоялық! Бірақ өсіп келе жатқан елдің келешегі соғыс ардагерлерінің өмірі жайлы көп білетін болса, олардың жасаған ерлігін, Тәуелсіздіктің қандай қиыншылықпен келгенін түсінетін болады. Ата-бабаларымыз сыйға тартқан бақытты өмірімізді қорғау- әрбір азаматтың борышы, ел үшін аянбай еңбек етіп, ел азаматы болу біздің міндетіміз деп ойлаймын.

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – үлгі» деген мақалда айтқандай, батырларымыздың ерлігі елге мұра болып қалды, ал біздей оқушыларға бұл үлкен үлгі. Жеңіс күні - достық пен бірлікті жырлайтын, халықтың ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн.

Жеңіс деген жақсылықтың сыңары,
Жігерленген құштарлықтың құралы.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Күрескердің арманы мен ұраны,
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.—

деген өлеңдей, әлем тарихы беттерінде өзінің сұрапыл зұлымдығымен өшместей із қалдырған соғыс Жеңіспен аяқталып, ұлы мерекеге айналды. Сондықтан бұл мерекенің мәні мен маңызы ерекше.

«Қажеті жоқ... Соғыстың қажеті жоқ! Дұрысы тірлік қылып, ізденейік. Шынайы данқ – еңбекпен келген ат. Соғыс жабайылардың еншісіне қалсын!» - француз жазушысы Ги Де Мопассан айтқандай, ешқашанда соғыс болмай, тәуелсіз еліміз тыныштықта өмір сүре берсін дегім келеді. Біздің ата-бабаларымыз көрген қиыншылықты біз, біздің ұрпағымыз көрмесе екен деймін.

Тыныбекова Гүлден

Жезқазған гуманитарлық колледжі

Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы

Жетекшісі: Есенгабулова Гульнар Омарбековна

Ер есімі - ел есінде

Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Ел басына күн туған шақта, Отан үшін жанын беріп, Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлік көрсеткен Қасым Қайсенов, Нүркен Әбдіров, Рақымжан Қошқарбаев, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов сияқты есімдері аңызға айналған аталарымыз бен апаларымыздың есімдері ұлы тарихымыздың бетінде "батыр" деп алтын таңбамен жазылып қалды. Олардың ерлікке толы тағылымды өмір жолы бүгінгі жастарға, маған үлгі-өнеге. Осындай Отан қорғаған өнегелі жандардың бірі - Сейітжан Үмбетов еді. Менің көршілерім Үмбетовтер әулеті, әр жыл сайын әкелері Сейітжан Үмбетовтың рухына тағзым етіп, әкелерін еске алып, жеңіс күні Құран оқытады. Ол кісі Ұлы Отан Соғыс ардагері және қаламыздың құрметті азаматтарының бірі еді. Сейітжан Үмбетовтың өмір жолы, маған үлкен қызығушылық туғызды, соғыс ардагерінің ерліктерін естіп, ол кісінің өмір жолымен танысуды ұйғардым.

Сейітжан Үмбетов 1918 жылы ұлтымыздың құт-берекесі дарыған, киелі ата-баба мекені Ұлытау өңірінде дүниесігін ашты. Ол 1940 жылы Москва қаласындағы Бүкілодақтық ауыршаруашылық көрмесіне озат еңбеккер ретінде шақырылды. Сол уақытта ол кісі 22 жаста болған екен. Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, "Алғабас" колхозының еңбекшісі Сейітжан атаға 1940 жылдың 2-6 тамыз аралығында Москва қаласындағы Бүкілодақтық

ауылшаруашылық көрмесіне қатысып, Москвада жатақханада 5 күн тұруға құқық беретін №246 куәлікті қолға алады. Сейітжан ата 1941 жылы соғыс басталысымен алғашқылардың қатарында майданға атанып, 575-атқыштар полкінде атқыш болып ұрысқа қатысты. Соғыс аяқталғанша жауға қарсы соғысты. Харьков қаласын фашист басқыншыларынан азат етіп, "Ерлігі үшін" медалімен марапаталады. Львов қаласы үшін болған соғыста ерлігімен ерекшеленіп, Жоғарғы Бас қолбасшы, Кеңестер Одағының маршалы Сталиннен алғыс алған. Карпатты, Чехословакияның Мукачево, Михальовце, Гуменне, Венгрияның Шаторалья Уйхель қалаларын азат ету жолындағы ұрыстарда ерлігімен көзге түсіп, Жоғарғы қолбасшыдан алғыс хаттар алған. Соғыстан 1945 жылдың қазан айында елге аман-есен оралып, өзінің туған жері Ұлытау ауданы, "Қызыл дихан" колхозында еңбек етті. Кейін "Сарыкеңгір" совхозында 20 жыл аға жылқышы болып фермада абыроймен қызмет етті. Ол кісі жылқы бабын табатын, жылқының қыста ығатынын, қайда паналайтынын жақсы білетін кісі-тұғын. Сейітжан атамyz ауыл шаруашылығының дамуына орасан зор үлес қосты. "Кеңгір" ауыл шаруашылық ғылыми бірлестігі мекемесінде бас жылқышы болды. Кейін ол кісінің денсаулығы болмай өлкәсіпті тастады. Ол кісінің отбасында Зият, Зиягүл, Базаркүл, Бекзат атты балаларын тәрбиелеп өсірді. Балаларының бәрі халыққа сыйлы, беделді адамдар.

Бірнеше мәрте социалистік жарыстың жеңімпазы атанды. Сейітжан Ұмбетов атамyz 1978 жылы дүниеден өтті.

Отан үшін от кешкен қадірлі қарияларымыздың қатары уақыт озған сайын азайып бара жатқаны өкінішті. Менің қолымда болса, ардагер қарияларымызға мәңгілік өмір сыйлар едім. Өйткені, еліміз үшін, Отанымыз үшін жанын аямаған ардагер-батырларға бәрі де лайық. «Ер бақыты ел қолында, ел бақыты ерлер қолында», - деп батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, ардагерлер – Қазақстан халқына бейбітшілік, тыныштық, береке, бақыт орнатқандар.

Сұрапыл соғысты бастан өткеріп, бізді жеңіске жеткізген ата-бабаларымызды, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонысымен Жеңіс күндерін жақындатқан аналарымызды да мақтан тұтамыз. Бақытты күндер мен шуақты таңдарды әперген барша ардагер аталарымыз бен аналарымыздың алдында басымызды иеміз. Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады. Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген мақал бар. Біз жастар, өз Отанымыздың нағыз патриоты ретінде қанқұйлы соғыста өшпес ерлік көрсеткен, еліміз үшін өмірін, денсаулығын аямаған адамдардың ерлігін жадымызда сақтап, қаралы күндер туралы естеліктерді ұмытпауға тиістіміз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Арада 70 жыл өтсе де, соғыс жылдарының сұмдықтары бүгінгі күнге дейін ұмытылмақ емес, ол кезең ардақты ардагерлеріміздің жадында жазылып, кітап беттерінде қатталып қалған. Біз өскелең ұрпақ, ардагер ата-апаларымыздың алдында өтеусіз қарыздармыз. Себебі ол кісілердің көрсеткен ерліктерінің, жанқияр қаһармандықтарының бағасы өлшеусіз.

Ата – бабаларымыз сыйға тартқан бақытты өмірімізді қорғау - әрбір саналы азаматтың, біздердің борышымыз. Қан мен тер, қиылған өмір арқылы келген бостандық – тарихи шындық. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған ерлеріміз ешқашан да, ешуақытта естен шықпайды, ұмытылмайды. Еліміз тыныш, бейбітшілікте өмір сүрейік, аспанымызды бұлт торламасын, ұйқымыз бұзылмасын, ата – анамыз әрқашан қасымызда болсын! - деп тілеймін. Сейітжан Үмбетов атамыз секілді өшпес ерлік көрсеткен, еңбектеріңіз үшін, осындай бейбіт өмірді сыйлаған ардагерлерге, тылдағы жанқиярлық еңбектері үшін, басымды иіп алғысымды, ризашылығымды білдіремін.

Умирбаева Аружан

3 сынып № 9 ЖББОМ Жезқазған қ. Карағанды облысы

Мұғалім: Ахмет М.Т.

Әр азамат туған елінің өткені мен бүгінін біле отырып, болашаққа қадам басады. Болашаққа рухани мәдениетімен қатар ұрпағының ұлттық қасиеттерін сақтай отырып, тарихын үлгі етеді. Ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін тарихи оқиғалардың баса ауқымдысы - Ұлы Отан соғысы.

1941 жылы 22-маусымда фашистік Германия әскерлері кеңес жеріне баса-көктеп кірді. Бір шеті Баренц, екінші шеті Қара теңізге тіреліп жатқан ұлан-ғайыр мекенде майдан ашылып, 1418 күн мен түнге созылған арпалыс басталды. Осы соғысты бастай отырып, фашистік Германия ұлы жоспар жасады. Яғни біртұтас ССРО-ны бөлшекке бөліп жіберуді ойлаған. Оған Қазақстан жері де енді.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

Ұлы Отан соғысындағы ең атақты операциялар:

1. Ленинград шайқасы (1941 шілденің 10-ы-1944 тамыздың 9-ы).
2. Мәскеу түбіндегі шайқас (1941 қыркүйек 30-ы-1942 сәуір 20-ы).
3. Сталинград шайқасы (1942 шілденің 17-сі-1943 ақпанның 2-сі)
4. Курск шайқасы (1943 шілденің 5-сі-тамыздың 23-і)
5. Берлин шайқасы (1945 сәуірдің 16-сы-мамырдың 8-і).

Ленинград түбіндегі кескілескен шайқасқа жан аямай қатысқан қазақстандық батырлар ерліктері ерекше көзге түсті. Қазақстандық әскери құрамалардың үштен бірі Ленинград түбінде шайқасты. 314-дивизияның мергендер қозғалысын Солтүстік Қазақстан облысындағы Степан Разин қатардағы жауынгер Г.П.Зубков бастады. 48-ші атқыштар дивизиясының атақты мергені Дүйсенбай Шыныбеков шайқасты.

Ленинград қорғаушының аса қиын кездерінде оны қорғаушылар бүкіл Кеңес мемлекеті халықтары тарапынан қолдау жасалғанын үнемі сезініп отырды.

1941 жылғы қыркүйектің ауыр күндерінде қазақтың халық ақыны Жамбыл ленинградтықтарға «Ленинградтық өренім» деген жырын арнап, онда көп ұлттық еліміздің бүкіл еңбекшілерінің ой-пікірін, сезімі мен алаңдаушылығын білдірді. Ақын жыры достықтың шынайы ән ұранына айналды. 1943 жылы 900 күнге созылған Ленинград қоршауы бұзылды, ал 1944 жылы Ленинград басқыншылары толық азат етілді.

1942 жылы 17-шілде Сталинград түбіндегі кескілескен ұрыстар басталды. Сталинград шайқасының жалыны Батыс Қазақстан даласына жетті. Батыс Қазақстан жерінде алты қорғаныс шебі, Сайхан, Орда, Чапаев Тайнақ аудандырында арнайы аэродромдар салынды. Ақтөбе облысында да қорғаныс құрылыстары салынды.

Сталинград майданының көптеген әскери бөлімдері, материалдық, техникалық базалары Батыс Қазақстанда орналастырылды. Орал қаласында әскери байланыс торабы орнатып, 70-ке жуық әскери госпиталь жұмыс істеді.

Сталинград майданын барлық жағынан Қазақстан қамтамасыз еткен. Осында көптеген әскери техника жөндеуден өтті. Бір ғана Ақтөбе қаласында ай сайын 30 ұшақ құрастырылды. Қазақстан жерінде құрылған 292, 387-атқыштар дивизиясы, 81-атты әскер дивизиясы Сталинградты қорғауға тікелей қатысты. Сталинград түбінде көптеген Қазақстандықтар ерліктің небір тамаша үлгісін көрсетті.

Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін су кешіп талай миллиондаған асыл азаматтар мер болды. Жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Ана-жарын жоғалтқан жесір, бала-әкесінен, анасынан айырылған жетім атанды. Фашистердің тұтқын лагерінде ана мен бала айуандықпен өлтірілді. Ал, тылда қалған қарттар, аналар мен бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы-қасіретін арқалай жүріп, бірде аш, бірде тоқ тынбай жұмыс істеді.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтар барлық майданда шайқасты. Олар Отан үшін фашистерге қарсы бағытталған ұрысқа аянбай кірісті. Қазақстанда ұйымдастырылған көптеген әскери бөлімдер майданға жіберілді. Даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында мыңдаған қазақстандықтар болды. Олардың арасында Ғ.Жұматов, В.Фурсов,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

К.Тұрдиев, Ш.Шолтырев, К.Иманқұлов сияқты жауынгерлер жан аямай шайқасып, ерліктің үлгісін көрсетті.

Жамбылдың ұлы Алғадай Сталинград түбінде ерлікпен қаза тапты. Г.Сафиулин, М.Баскаков сияқты азаматтардың басқарған әскери бөлімдері жауды талқандау барысында көп үлес қосты.

Міне, осынау елімізге лаң салған алапаттың жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толып отыр. Қасық қаны қалғанша жаумен жан аямай шайқасқан аталарымыздың ерліктерін ешкім де, ешқашан да ұмытпауға тиіс.

Усенова Ақниет

Абай Құнанбаев атындағы

Саран гуманитарлы-техникалық колледжі

Саран қаласы, Қарағанды облысы Жетекшісі:

Бопышева Кульмахара Смановна

Ақыл айтар мезгілде
Мың жасаған шалдай бол.
Қатал болар мезгілде
Шатырлаған жайдай бол.
Мейірім түсер мезгілде
Ағарып атқан таңдай бол.
Жауды бөгер кезінде
Көлденең жатқан ордай бол.

Б. Момышұлы

Соғыс... Неткен үрейлі сөз еді. Отты күндер шежіресін парақтаған сәт әрқайсысымыздың жадымызға төбемізге үйірілеген қара бұлтты, оты ызғарлы, дәмі кермек, бір сәтте қап-қара түнекке айналған айналаны жаңғыртып, көз алдымызға сол бір қорқынышты көріністі әкеле береді екен. Міне, сол көріністің артын ала бере тура жетпіс жыл артта қалған екен дерсің. Өмірдің ағысындай, тұлпардың шабысындай, толқынның тасуындай зымырап өтіп жатқан уақыт тегеурінін сәл артқа шегеріп, қаншалықты көңіл көкжиегімізге кірбің, жүрегімізге қаяу салса да, қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып тастаған ерлерімізді еске алып, толғанатын сәт туып отырған тәрізді... Ана мен баланы айырған қатігез соғыс дүрбелеңі бір сәтке толастамастан, диханшының тракторын танкке, қойшының таяғын мылтыққа айырбастамасқа шара қалдырмады. «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» демекші, елінің үкілі үмітін арқалай отырып, қиян-кескі шайқасқа тайсалмай шомып кеткен осындай жүрегінің түгі бар батыр бабаларымызға мың тағзым!

Қауызын ашып үлгерместен, сол алауға қарай қадам басып, жау жақтан жапалақтаған бұрқасындай бытыраны кеудесімен қарсы алған жан

кештілердің ішінде Нүркен Әбдіров, Төлеген Тоқтаров, Сұлтан Баймағамбетов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Қазбек Нұржанов сынды өресі биік өрен ұлдарымыз бен қыздарымыз бар еді. Сұрапыл соғыс үрімдей жас ұл-қыздардың өмірлерін сарп еткізді. Оларға КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығымен қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атақтары берілді. Мен қазақ жерінің Батырларына тағзым етіп, біздің колледждің түлектері Қазбек Нұржанов пен Мартбек Мамыраевты еске алсам деймін.

Қазбек Нұржанов Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының тумасы екенін бірі білсе, бірі білмесі анық. Бір мың тоғыз жүз он тоғызыншы жылы Кеңес Одағының Батыры Қазбек Нұржанов дүниеге келді. Ол бір мың тоғыз жүз қырық екінші жылдың бесінші сәуірінен атқыштар дивизиясына қарасты алпыс бірінші жойғыштар дивизионының құрамында бро бұзғыштар бөлімшесінің, кейін барлаушылар взводының командирі болып ұрысқа қатысты. Волга, Орел, Зуш, Десна, Сож, Днепр, Березина өзендерінен өту кездерінде асқан ерлік көрсетті. Бір мың тоғыз жүз қырық төртінші жылдың шілесінде Гродно облысындағы «Первомайский» совхозында жау шебіне кіріп, сегіз немістің көзін жойған, ол тоқсан жеті жау әскерін капитанымен бірге от арасында жығылып, тұтқындыққа берілуге мәжбүрлеген. Дәл осы жылдың он төртінші шілдесі күні Волковск қаласын алу кезіндегі шайқаста асқан ерлік көрсетіп қаза тапты. Беларусь жерінде көрсеткен ерлігі үшін ол Кеңестер Одағының Батыры атанды. Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында Қазбек Нұржанов атындағы орта мектеп бар. Беларусь бауырлас қазақ елінің көмегін ұмытқан жоқ. Екі мың сегізінші жылы Минск қаласында Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан қазақстандық жауынгерлерге арнап ескерткіш орнатылған.

Отты ойы мен найзағайдай жарқылдаған жанары ұштасып, қимылы қылыш, қара қылды қақ жарып, жау шабуылын алғаш болып қарсы алғандардың тағы бірі Мартбек Мамыраев есімді ер азамат. Ұрыс кезінде аға сержанттың міндетін зор жауапкершілікпен атқарған атпалдай азаматымыз Мартбек Мамыраев есімі елінің есінен елеусіз қалмасына сенімім мол. Табиғаттың бұла перзенті еңбек жолын кіндік қаны тамған мекеннен бастап, кейін қара көмірдің қазандығы болған Қарағанды кенішіне келіп, №3 бис шахтасының партия ұйымына жетекшілік жасады. Бұл бір мың тоғыз жүз қырықыншы жылды маңайлаған шақ еді. Бір мың тоғыз жүз қырық екінші жыл. Сталинград. Қазақ жігітінің алғашқы от кешіп, сынға түскен сәті дәл осы жерде болды. Келесі жылдың қыркүйегінде Днепрді азат етуде ерлік танытқан ол жеке өзі елуден астам неміс әскері мен офицерлерін, сонымен қатар жаудың екі отты нүктесін қатарынан жойды. «Жаным арымның садағасы» деп ұрандап, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін түтіні ыстық туған жерін жауға таптатпай, жусанның жұпар иісі мен жұртының жарқын жүзді жанарын жан жарасынан биік қойған азаматымыз майдан атты мекеннен жырақтамады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Араға бір жыл салып, ақпан айының он бесінші жұлдызында елінің төл перзентіне Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп қана қоймай, жауынгер елдің ұрпағы екендігін дәлелдегені үшін Мамыраев есімі Ленин ордені және І дәрежелі Отан соғысы медальдарымен марапатталды. Көк аспанымызға күн қонақтап, қыран ұя салған бейбіт заманның орнауына үлес қосқан халқының мақтанышы Мартбек Мамыраев соғыстан кейін жері мен елі үшін тер төгіп, қыруар еңбек атқарды. 1955-1958-жылдары Қарағанды қалалық Советі аткомы председателінің бірінші орынбасары, 1958-1972-жылдары химия-металлургия институты директорының орынбасары болып қызмет етуі оның нағыз патриот ұл екендігін айғақтай түсті. 1989-жыл, 22-қараша. Қабырғасын қайыстырған қаралы хабар жеткен сәт бүкіл алаш елін бір сәт үнсіздікке тұрғызды. Қазақ елі тағы бір ұлынан айырылды!

Бүгінде ер есімі біздің колледж ұжымында да өз орнын әлдеқашан тапқан. Батыр бабаларымызға арналған колледж мұражайы кейінгі ұрпақтар үшін беймәлім сыры таусылмас тарихымыздың алтын қоры. Еліміздің ертеңіне айналар жас түлектеріміз үшін мұражай ішінде сақтаулы тұрған медальдар мен ордендер, естеліктер, хаттар мен суреттер кешегі мен бүгінді жалғастыра алтын жіп іспетті. Асқақтаған арманға өрмелеумен, ерліктің нағыз үлгісін паш еткен даңқты тұлғаларымыз - мына біздер үшін үлкен өнеге! Мәңгі есімізде сақталады!

Хасен Аяулым

10 -сынып, «№10 Нүркен Әбдіров атындағы орта мектебі» КММ
Қарқаралы ауданы Қарағанды облысы
Жетекші: Рысбаева Мейрамгуль Сериккановна

Әлемді дүр сілкіндірген сұрапыл соғыс 1941 жылы 22 маусым айында басталды. Сол күні таңғы 4-те бейбіт жатқан елімізге Германия тұтқиылдан соғыс ашты. Суық хабар сол күні байтақ елімізге, жер – жерлерге, ауыл – селоға тарады. Жеңіс жеңілдікпен келген жоқ. Қазақ жерінен қара көз қыздарымыз бен ұлдарымыз соғыс майданына аттанды. Мөлдір аспанды бұлт қаптады. Шаттық әнді қайғылы үнге, нұрлы күнді қара түнге айналдырды. Күздің қара балшығына малшынып жүріп ер - азаматтармен қатар соғыс майданында қазақ қыздарыда қоса ерлік жасады. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалыс қайғы - қасірет әкелмеген бірде - бір отбасы болмады. Бірінің әкесі, бірінің ағасы енді бірінің қыздары да ер азаматтармен қоса ерлік жасап қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең кімдер кетпеді барлығы тек осы қазақ жері үшін күресіп жан аямай көз жұмды. Осы кісілердің арқасында қазіргі таңда осындай байтақ, бейбітшілік елде өсіп өніп жүрміз. Осыдан 70 жыл бұрын адамзат тарихында ең сұмдық және қанды соғыстың ең соңғы оқтары атылды. Содан бері 1945 жылдың 9 мамыры жұртшылық жадында біздің халқымыздың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ерлік үлгісі, мұқалмас қажырлығы мен мызғымастығының символы болып келеді. Соғыс – күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлеріміздің арқасы. Бұл Ұлы Жеңіске төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бұл соғыс 50 млн. адамның өмірін жалмады соның ішінде Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл 1,7 миллиард халқы бар 60-тан астам мемлекет қатысқан Ұлы дүние жүзілік соғыс болатын. Соғыс 22 миллион шаршы шақырым жерді қамтыды. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болатын. Бұл жеңіс тек бір ғана адамның қолынан келмейді барша жұрт бірліктің арқасында жауға жерімізді бермей соғыса білген қаншама батырларымыз, ардагер ата-әжелеріміз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін сан қилы соғысты бастан өткерген кісілер. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Әр Ұрыста тәуекел ету де әр адамзат үшін ерлік. Бұндай ерлік тек соғыс майданында кеуделерін оққа тосқан батырларымыздың ерлігі. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Ұлы Жеңіс бұл он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгісі. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болса да сол кездер артта қалып қазіргі таңда Ұлы Жеңісіміздің 70 жылдығын тойлап отырмыз.

Шаймуратов Бағлан

7-сынып, №12 жалпы білім беретін орта мектебі,
Теміртау қаласы, Қарағанды облысы
Жетекші: Малғабылова Саягүл Мажитқызы

... Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пидә еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің аталарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Сонымен бірге осы қанды, сұрапыл соғысқа менің туыстарымның да қатысқанын білдім.

Менің әкемнің атасы, яғни үлкен атам Атшабаров Жақыпхан Жұмаханұлы мен әжем Атшабарова Нұржамал Әбішқызы да соғыс кездерінде сол кездегі Семей облысы, Аягөз қаласында еңбек майданында жұмыс істеп, соғыстағы майдангерлерге көмек беріп тұрған.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ал, анамның атасы Омаров Малғабыл және Малғабыл атаның інілері Көкен мен Көгібар аталар Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қоңырат округынан 1941 жылы соғысқа аттанып, 1943 жылы майданда қаза болған. Үлкен нағашы атам Омаров Малғабыл 1941-1943 жылдары соғыста пулеметші болыпты. Қазір ол кісінің аты-жөні Ақтоғай ауданындағы «Белгісіз солдат» мемориалында жазылып тұр. Біз жазғы демалыста ата-анаммен ауылға барған сайын осы тақтаға гүл шоғын қоямыз. Ал, анамның нағашы атасы Смағұлов Төлепбек ата соғысқа 1941 жылы аттанып, соғыстан 1945 жылы жеңіспен оралған. Әжем айтып отырады, ол кісі соғыстан қайтып келгеннен кейін жыл сайын ауданда, облыста 9-мамырда болатын Жеңіс күніне арналған парадтарға өзінің медальдарын тағып шығатын және соғыс кезіндегі әңгімелерін күні-түні менің анама және туыстарға талмай айтып отырыпты.

Нағашы әжемнің айтуы бойынша, ол кісі 1991 жылы қайтыс болған. Мен нағашыларымның үйлеріне барғанда сол атамның алған медальдарын көрдім.

Мен өзімнің аталарымның ел басына қиын кездер туған кезде өздерінің Отан алдындағы борыштарын аямай, жандарын елі, жері, Отаны үшін жан қиып, кейінгі ұрпақтарына, яғни біздерге үлгі істер қалдырғандарына мен мақтаныш етемін.

Біз отбасымызбен 9-мамыр күндері өзіміз тұратын Теміртау қаласындағы «Белгісіз солдат» ескерткішіне барып, гүл шоқтарын қоямыз. Сонымен бірге менің ата-анам бұл күндері өздерінің бала кездерінде парадқа шығып, өздерінің ардагер аталармен мектепте кездесу кештерін ұйымдастырып, қызықты шақтарын бізге айтып отырады. Бізде мектебімізде жыл сайын 9-мамырда болатын Ұлы Жеңіс күніне арналған қалалық парадқа шығамыз және қаламыздағы ардагерлерді құттықтап, ол кісілердің әңгімелерін тыңдап, бірге фотоға түсіп, үйлеріне көмек көрсетіп тұрамыз.

Ешқашанда жауынгерлер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшілердің ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азамттық міндетіміз-Отанымызды сүйуге, қорғауға, еліміздің адал патриоты болуға міндеттіміз және достық пен бірлікті жоғары бағалауға тиістіміз.

Өз ойымды қорыта келгенде менің айтпақ ойым:

«Ешкім де, ешқашанда ұмытылмақ емес!» - демекпін.

Шакенов Нұрболат

I курс

Жезқазған индустриалдық-
гуманитарлық колледжі

Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жетекшісі: Жаркинбекова Сағдат Серикбаевна

Ерлігің мәңгі есімде

Қараңғыда көрген жоқ оны ешкім де,
Келе жатты ұрланып соғыс түнде.
Келе жатты ол қап-қара, бүйі болып,
Жолбарыс боп жалаңдап жол үстінде.
Сырбай Мәуленов.

Соғыс! Сен қандай суық едің! Қасіреттің қара қайығына мініп, қайғыны желкен етіп, қара жерді қапсырып төніп келдің! Мен сендік салқындықты бір ғана атауыңнан сезінем. Талай армандарды сөндірген, қырандарды сенделткен, жайсаң даланы селдеткен сендегінің барлығы сұмдық еді. Талай-талай текті ұлдарыңның өмірін өзің иемденіп алып, қанды майданға тастап жібердің. Бір сенің суық үнің қаншама ақ армандарды, сағым жылдарды, жүректе жазылмай кеткен жырларды ұрлады?!

«Отан үшін отқа түс, күймейсің!» ұранын ту ғып ұстап, қан майданға аттанған аталарымыздың сондағы ерлігін айтсаңшы.

- Үстімде сұр шинелім,
Ақсаңдай басып келемін,
Ұмытса да достарым,
Ұмытар ма мені елім, –

деп Қасым Аманжолов жырлағандай, елі үшін қасық қаны қалғанша арпалысқан ер мінезді ұлдарының ерлігін ұмытпақ емес, ұмытпайды да.

– Ежелден ел тілегі – ер тілегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тілегі, –

деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, қашан да халық адал ұлдың елге тірек болуын аңсаған. Халыққа тіреу болған да сол ерлер еді.

Сол кездің қиындығын Қадыр Мырза Әли былай деп жырлайды:

– «Қырық екінші жылды басқа жазбасын,
Ұмытты ғой ерлер онда өз басын...
Москваға жетпей жолдан тоқтасын,
Астанада киіп қайтсын ноқтасын», –
Деп әкеміз елді жаудан қорғаса,
Біз қорғадық опасыздан отбасын».

Ер басына күн туып, етігімен су кешкен қиыншылық жылдарды, мұң-шерге толы жырларды тамаша суреттеген ақын өлеңін оқи отыра, сол кезге бір көз жүгіртесің. Сезінесің, түсінесің, шошисың да жиренесің. Сол кезде ерлік көрсеткен жауынгерлерге бас иіп, әрдайым есімдерін сан қайталап отырасың.

– Үйдің жылысын қыс келгенде білерсің,
Кімнің батыр екенін жау келгенде білерсің, –

деп Балпық би айтқандай, жау келгенде тойтарыс бере білген батырлар сан мыңдаған еді.

Қолына қару алып, «фашизмнің тамырын құртамыз» деп ерлік көрсеткен Қасым Қайсенов, Бауыржан Момышұлы есімдері тарихқа алтын әріппен жазылды. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова сынды апаларымыз қара бұлт төнген кезде нағыз өр мінез танытты. Сызға ұйықтап, мұзды жастанған қанша өмір қиылды. «Ертеңгі ұрпақ келешігің арманы ақ болсын, жүзінде күлкі жайнасын, аспаны шуаққа толсын» деп кеткен жандар еді. Майданда жауынгерлер қолына қаруын алса, Жамбыл Жабаев өз жырларын қару ғып жұмсады. Еңіреп кеткен ерлерді жігерлендіріп, рух беріп отырған Жамбыл өлеңдері талай жауынгерлердің қалтасынан табылып жатты. Күні-түні жарылған бомба, атылған оқ Жер-Ана төсінде ойран салды. Ақын Сырбай Мәуленовтың өлеңі еріксіз ойға оралады:

– Қоштас, – деді ол, – туған ел, жеріңменен,
Тастарды да күйдірді темірменен.
Миллиондаған жандардың атын жойып,
Құлақкесті құл етті нөмірленген.

Иә, бұл нағыз сұрапыл соғыс. Есте мәңгілік сақталатын соғыс тамұқ отымен бірдей болды. Дегенмен жеңістің ауылы алыс емес еді. Кеудеде от боп жанған ар- намыс жауынгерлерді алға жетеледі, болашақ жеңіске сендірді. Жан қиып кеткен жандар ертеңгі өмірдің жарқындығын тіледі.

– Олар өлді тек аспан сау болсын деп,
Олар өлді туған жер бар болсын деп.
Олар өлді ақ арман сөнбесін деп,
Олар өлді өзгелер өлмесін деп, –

деген Сырбай Мәуленов өлеңі осыған айқын дәлел.

Жеңіс! Көптен күткен ақ арман бір сенің ғана өне бойыңа сыйып тұрғандай. Көңіл тебіренді, сәби күлді, ана жадырады, аспан қара түнектен ашылды!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

– От шашты Отан аспаны,
Төгілді көздің жастары.
Окоптан шықты солдаттар,
Атылды көкке соңғы оқтар, –

деп Сырбай Мәуленов жеңіс күнін асыға күткен халықтың сол бір қуанышты кездерін осылай баяндайды.

Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін»деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын.

Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, жеңіс үшін жанын берген аталарымызды, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонысымен Жеңіс күндерді жақындатқан апаларымыз бен әжелерімізді мақтаныш етеміз. Осы орайда ел намысы мен Отан абыройы жолында от кешіп, кеудесін оққа тосқан қандастарымыз бен жерлестеріміздің есімін жаңғыртып, жас буын санасына сіңіре түсу – біздің басты борышымыз. Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген сүйіспеншілігінің, жастарды патриоттық сезім мен ерлікке тәрбиелейтін өлшеусіз өнегесі деп білеміз. Өкінішке қарай, жыл сайын ардагерлердің қатары азайып бара жатқандығы көңілге қаяу түсіреді. Бірақ көзден кетсе де, олардың ерлігі көңілден кетпесі анық. Олар тек жеңіс әкеліп қана қойған жоқ, сонымен қатар ел еңсесін көтеруде аянбай еңбек етті.

Қайтпас тұлғаларды ұлықтап отыру – тек халықтың ғана емес, мемлекеттің борышы. Еліміз олардың еңбегін бағалап, көше аттарын берді, ауыл-ауылға соғыс құрбандарының ескерткішін орнатты. Көше, даңғыл, саябақ, толықтай елді мекен, мектептерге алғаш қазақтан шыққан ұшқыш қыз Хиуаз Доспанова, Нүркен Әбдіров, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова, Мартбек Мамыраев сынды біздің бүгінде дін аман, ашық аспан астында бейбіт, азат өмір сүруімізді қамтамасыз еткен батыр ата-әжелеріміздің есімдері беріліп жатыр. Мен сол үшін қанаттанамын, қуанамын, шарықтаймын. Бүгінгі таңда біздің жасар ерлігіміз, алғысымыз да осы болмақ.

«Бұл өмірде әр ісіңнің жаңғырығы болады» деген Мұхтар Шаханов сөзін сараласақ, бүгінгі ашық аспанның кешегі жаңғырығы – отты жылдар еді. Біздің міндетіміз – солар сыйлаған ел тыныштығын сақтау.